



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ

ЖЫЛ
175
лет



**АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ
(21 ҚАРАША 2019 ЖЫЛ)**

**DIGEST OF ARTICLES
INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE
«ABAY'S HERITAGE – THE TREASURY OF WORLD CULTURE»,
DEDICATED TO THE 175TH ANNIVERSARY OF ABAY KUNANBAYEV
(21 NOVEMBER 2019)**

**СБОРНИК СТАТЕЙ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЕ АБАЯ – СОКРОВИЩНИЦА МИРОВОЙ КУЛЬТУРЫ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ АБАЯ КУНАНБАЕВА
(21 НОЯБРЯ 2019 ГОДА)**

НҰР-СҰЛТАН

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY**

**АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ҚАЗЫНАСЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
(21 ҚАРАША 2019 ЖЫЛ)**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE
«ABAY’S HERITAGE – THE TREASURY OF WORLD CULTURE»,
DEDICATED TO THE 175TH ANNIVERSARY OF ABAY KUNANBAYEV
(21 NOVEMBER 2019)**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«НАСЛЕДИЕ АБАЯ – СОКРОВИЩНИЦА МИРОВОЙ КУЛЬТУРЫ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ АБАЯ КУНАНБАЕВА
(21 НОЯБРЯ 2019 ГОД)**

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3(5 ҚАЗ)
А13

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Әубәкір Ж.М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің директоры.

Саитова Г. Ю. – Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы.

А13 «Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы»: Абайдың 175 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағы (21 қараша 2019 жыл). – Нұр-Сұлтан: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2019. – 185 бет.

Жинақта Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы-әлемдік мәдениет қазынасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушыларының баяндамалары мен ғылыми мақалалары ұсынылған. Мақалаларда Абайдың шығармашылық мұрасының маңызы, Абай және Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі орны, заманауи өнер: өнер бастауы, ерекшеліктері, даму перспективалары және білім беруді дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Жинақ өнер, білім, мәдениет саласындағы ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналады.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3(5 ҚАЗ)

Қазақ ұлттық хореография академиясы
Ғылыми кеңесінің отырысында басылымға ұсынылды.
2019 жылғы 31 қазандағы № 3 хаттама.

ISBN 978-9965-23-548-1

©Қазақ ұлттық хореография
академиясы, 2019

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор:

Асылмуратова Алтынай Абдурахимовна – Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры.

Бас редактордың орынбасарлары:

Нусипжанова Бибикуль Нурғалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясының бірінші проректоры.

Толысбаева Жанна Женисовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі директоры.

Редакциялық алқа мүшелері:

Сатиева Шолпан Серикбосыновна – Психология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің басшысы.

Ауелбекова Акмаржан Усемхановна – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің біліктілігі жоғары деңгейлі маманы.

Косиди Мария Сапаралиевна – білім беру саласындағы магистрі, Қазақ ұлттық хореография академиясының стратегиялық даму, сапа менеджменті жүйесі және аккредиттеу бөлімінің басшысы.

Жунусов Серик Казырканович – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің редакторы.

АЛҒЫ СӨЗ

*Асылмуратова Алтынай Абдурахимовна
Ресей Федерациясының Халық әртісі,
Ресей Федерациясы мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры.*

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар, достар, әріптестер!

Құрметті әріптестер! Қадірменді қонақтар! Қазақ ұлттық хореография академиясындағы Ұлы дала елінің ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы» тақырыбында өтетін халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Конференцияның мақсаты: Абайдың әдеби мұрасының мәнін, түпкі мақсат-мұратын айқын көрсете отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды жете бағалай білген ұлы ақынға тән суреткерлік дарындылығын, кемеңгер ойшылдығын жастардың рухани санасына сіңіру.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында құнды шығармалар берген Абай қазақ халқының рухани өміріндегі айнымас темірқазығы, жас ұрпақ үшін таңғажайып тұлға. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр – дейді Мұхтар Әуезов.

Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абайдың терең ойлары мен асыл сөздері – халқымыздың баға жетпес мұрасы, алтын қазынасы.

Абай мұрасы барша адамзат баласының асыл қазынасы екеніне ешкімнің таласы жоқ. Жылдар жылжып, ғасырға алға көшкен сайын Абай сөзі, Абай лебі жарқырап жаңа қырынан танылып келеді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан қолдау тапқан Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы әлемдік деңгейде аталып өтуде. Қазақ ұлттық хореография академиясының оқытушылары мен қызметкерлері де қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ақын өлеңдерінен үзінді оқу эстафетасына қатысты. Қоғамда Абай мұрасын көпшілікке танытуға және оның шығармаларын бүкіл әлемге насихаттауға бағытталған осы бастамаға қатысып, осындай үлкен қозғалысқа атсалысқанымызға өте қуаныштымыз.

Сіздерге зор денсаулық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына табыс, жемісті пікірталастар мен жаңа жетістіктер, конференция жұмысына сәттілік пен табыс тілеймін!

**АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛУЫ**

Аннотация

Мақалада Абайдың өмірлік ұстанымдары мен философиялық көзқарастары, өлеңдері мен қара сөздері қазақ өнерінің барлық саласында қызмет етіп жүрген өнер иелерінің шығармашылықтағы рухани азығына айналғаны қарастырылды. Абайдың драма және балет спектакльдері мен кино фильмдерге арқау болған өмір жолы мен шығармашылығы талданды.

Түйінді сөздер: *драма, кино, опера, балет, композитор, композиция, хореограф, балетмейстер.*

Әлемдік мәдениет тарихында ойып орын алған нешеме ғұламалардың қатарында қазақтың данышпан ұлы Абай да бар. 1995 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ЮНЕСКО-ның шешімімен Абай жылы деп белгіленгені ақынды әлемнің мойындағанын көрсетеді.

Ұлы ақын, ағартушы Абайдың туған күніне арнап жылда тамыз айында Абай оқулары өтеді. Биыл, міне, Абайдың өмірге келгенінің 175 жылдығын әлем болып атап өтіп жатыр.

Абайдың өмірлік ұстанымы, философиясы, ғарыштық деңгейдегі ой тұжырымдары нешеме ұрпаққа жол нұсқаушы болып келеді. Ол халықпен бірге өмір сүріп отыр. Қазақтың рухани қазынасына айналған шығармалары жалғыз әдебиет әлеміне ғана еңбек еткен жоқ. Поэзияда, прозада, музыка мен аудармаларда ақын шығармашылығы мазмұндылық және форма жағынан керемет үйлесімділік тапқан. Абай әндері елімізге белгілі талай әншілердің репертуарына еніп, әлем сахнасында өнер көрсетуде халықтың болмысын таныта алды.

Музыка зерттеуші ғалымдар: «Абай әуенінің негізгі қасиеттері – әуезділігі, музыкалық интонацияның ауқымдылығы, икемділігі, әсемдігі, әуен суреттемесінің логикалық дамуы, интонациялық айналымдардың, дыбыстардың нақты, қатаң таңдалуы – негізінен қазақ халық музыкасының көркемдік арсеналымен байланысты», -деп көрсетулері ақын әндерінің өміршеңдігін белгілеп беріп тұр [1, 35 б.]. («Основополагающие свойства мелодики Абая – напевность, музыкальная широта интонаций, пластичность, изящество, логичность развития мелодического рисунка, точный, строго избирательный отбор интоноциональных оборотов, попевок – связаны, в основном, с образно-стилевым арсеналом казахской народной музыки»).

Ал, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсы қазақ опера өнерінің маржанына айналғаны белгілі.

Қазақ драма театрларының даму кезеңдерінде «Абай» трагедиясының алар орны ерекше. Бұл – трагедия көркемдік деңгейінің шоқтығы биік шығарма. Сондықтан болар талай театрдың кезеңдік белестерінде айналып келіп, репертуарға қайта еніп отырды. Әрине «Абай» – тарихи шығарма, тарихи тұлғаның өмірін суреттейтін драма. «Тікелей сахналық шығармаларда Абай тақырыбы мен Абай бейнесінің жасалуы 1940 жылы 30 қазанда Қазақ драма театрында қойылған Мұхтар Әуезов пен Леонид Соболевтің «Абай» трагедиясынан басталады», - деп ғалым Бағыбек Құндақбайұлы өзінің еңбектерінде көрсетіп кеткен [2, 185 б.]. Ғалымның айтуынша, бұл спектакль Асқар Тоқпановтың режиссерлік жетістігі ғана болып қалмай, ұлттық театрдың кезеңдік жетістігі болған.

Ал, Абай бейнесін сомдаған Қалыбек Қуанышбаев ғасырларға қазақ өнерінің шоқ жұлдызы болып қалды деуге болады. Нұр-Сұлтан қаласының академиялық мемлекеттік музыкалық драма театры Қалыбек Қуанышбаев атын алып жүргені бәрімізге мәлім.

Сол кезеңде Керімді Шәкен Айманов, Қапан Бадыров, Жиреншені Серке Қожамқұлов пен Қалкен Әділшіновтер сомдаса, Айдар мен Ажарды Мәнтай Сыздықов пен Жамал Жалмұхамедовалар ойнаған. Бұл алғашқы буын өнерпаздар. Әрине «Абай» трагедиясы кейін де талай қайта қойылып жүрді. Әр кезеңде мықты-мықты актерлер ойнады. Көптеген режиссерлердің де шығармашылық жетістіктеріне айналған қойылым болды. «Абай» орыс театрларында да қойылды. Оған дәлел 1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналып өткізілген Республикалық театр фестивалінде көрсетілген Қостанай орыс драма театрының дайындаған «Абай» трагедиясы, М. Лермонтов атындағы Алматы орыс драма театрының режиссер Юрий Коненкин ақынның өлеңдерінен бір әктілі сахналық композиция ұсынғандығы дәлел.

«Жас Абай» ақынның жастық шағын бейнелесе, «Абай-Тоғжан», «Абай-Әйгерім» ақынның махаббатқа толы сезімдеріне құрылған, ал, «Абай десем...» қара сөздері мен өлеңдері негізінде қойылған. Соңғы екі шығарманы Бикен Римова жазған. Бұл қойылымдардың барлығы дерлік Абайдың өмірінің әр кезеңдерін суреттеген.

Кино өнерінде де Абай шығармашылығының өз орны бар екені баршаға аян. Абай өміріне арналған «Песни Абая» көркемфильмі соғыстан кейінгі жылдары түсіріліп (режиссерлері Григорий Рошаль, Ефим Арон), 1946 жылы көрерменге жол тартқан болатын. Өзбек киноматографистері Розика Мергенбаева (сценарист), Шухрат Махмудов (режиссер) «Слово Абая» атты Абайдың балалық шағына арналған деректі фильм түсірген болса, қазақстандық Бақыт Қайырбеков «Әңгімелескім келеді» («В поисках собеседника») атты фильмдерін түсірді. Бұл филім жөнінде ғалым Н. Мукушова: «Өз кезеңінің тынысын ұлы Абайдың көзімен қарайтын, Абайдың биігінен толғайтын бұл фильмді режиссердің 1990 жылдардың алғашқы жартыжылдығындағы халықтың әлеуметтік өмірі туралы ой-толғамы деп қабылдауға болады» – дей келе, «Фильмнің драматургиясы бүгінгі күннің әлеуметтік мәселелері ақынның «қара сөздерімен» үндестік табуы арқылы құрылады және бұл үндестік автордың тарапынан философиялық толғаныс деңгейіне дейін көтеріледі», – деп көрсеткен [3, 34 б.].

Бұл шығармалардың барлығы ұлы ақынның өмірінен мағлұмат беретін болса, Абай әндері, талай әншілердің өз шығармашылығының белестік кезеңдерінде бағын ашқан деуге болады. Дәстүрлі ән орындаушылары болсын, классикалық ән орындаушылары болсын Абай әндерінен сусындамаған, Абай әндерінен өз шығармашылықтарында нәр алмаған әншілер кемде кем десек артық айтқандық болмасы белгілі.

«Мен көрдім жалғыз қайың құлағанын» әні Евгений Брусиловскийдің «Жалғыз қайың» («Одинокая береза») симфоникалық поэмасына негіз болса, «Айттым сәлем қаламқас» әні Еркағали Рахмадиевтің «На зов Абая» атты фортепианалық поэмасына негіз бола алды.

Сол Абай әндері композиторлар Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсын жазып қалдыруға негіз болды. Опера жөнінде музыкатанушы ғалым Сара Әділгерейқызы Кузембаева: «Қазақ музыкалық театрының ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның барлық кәсіби музыкалық өнерінің негізін қалаушылардың бірі болған екі ұлттық композитордың сәтті шығармашылық одағы «Абай» операсы арқылы көрінді» – деп өзінің «Воспеть прекрасное» атты еңбегінде көрсеткен [4, 19 б.]. («В завидной сценической жизни оперы «Абай» заключен смысл счастливого творческого союза двух национальных композиторов, ставших одними из основоположников не только казахского музыкального театра, но и всего профессионального музыкального искусства Казахстана»). Алғаш 1944 жылы Абайдың

100 жылдық мерейтойына орайластыра өз шымылдығын ашқан опера бүгінгі күнге дейін Қазақстанның опера өнеріндегі шоқтығы биік шығарма екенін дәлелдеп келеді.

«Абай» операсының премьерасында Абайдың бейнесін – Рашид Абдуллин, Ажарды – Күләш Байсейітова, Айдарды – Байғали Досымжанов, Әзімді – Мүсілім Абдуллин, Месті – Ғарифола Құрманғалиев сынды қазақ өнерінің алғашқы қарлығаштары сомдады. Операның кәсіби жоғары деңгейде өрілген музыкалық драматургиялық желісі шығарманың өміршеңдігінің негізі десе болады. Қос композитордың халқымыздың ән-күй орындаушылық дәстүрі мол мәдени мұраны жақсы меңгерген, оны өзінің шығармашылығында орынды қолдана білгендігі көрініп-ақ тұр. Абай өмір сүрген орта, сол заманның өз кемшіліктері мен озық салт-дәстүрлері әсем бейнеленген.

Осы операдағы би көріністері спектакльдің жалпы драматургиялық құрылымымен тығыз байланысты өрбіген. Айдар мен Ажарды атастыру тойындағы шаттықты білдіретін билер орынды қолданыс тапқан. Қалыңдықты ортаға алып шығып, Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» әніне биленетін би өзінің қыздарға тән лирикалық нәзіктігімен ерекше. Ажарды ортаға ала әсем де нәзік дене, қол қимылдары арқылы билеп жүрген бір топ қыз сұлулықты паш еткендей әсер қалдырады. Сахнаның осы көрінісінде биленетін, спорт ойындарын көрсете алатын «Бәйге», «Қыз қуу», «Көкпар» билері жігіттердің жігерлі де тез орындалатын шалт қимылдары арқылы көрініс тапқан. Сонымен қатар, бұл көрініс қыздарға арнап қойылған «Қос алқа» биі және көпшіліктің қуаныш пен шаттыққа тола көңіл күйін беретін «Балбырауын» биімен аяқталады.

Операдағы билерді Д. Әбіровтен бастап, театрда қызмет атқарған барлық балетмейстерлер өз көркемдік көзқарасы арқылы өз бағытын ұстана отырып, қойып шықты десе болады.

Абай әлемі балет өнерінде де өз орнын тапты деуге болады. ХХІ ғасырдың басында құрылған «Астана Балет» театрының репертуарынан орын алған «Язык любви» атты балеттің туындауы жас балетмейстердің Абай әндерімен әбден сусындағанының айғағы екеніне көз жеткіземіз.

Осыған дейін ұлттық тақырыпта «Жусан» (либреттосын жазған Бақыт Қайырбеков) балетін көрерменге ұсынған Мукарам Авахри (Абубахриева) «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл» – деп абайша жырлайды. Ақын Абайдың өмірін өрнектеген жыр жолдары арқылы, адам баласының философиялық деңгейге көтерілген пластикалық өнерін көрсете алды.

Сегіз суреттен құрылған балет, адам затының өмірлік ұстанымын ұлттық нақышта орындалатын неоклассикалық негізде көрсете алған балет десе болар. Солай бола тұра қойылымның өнбойында ақын жанын, ақынның көңіл күйін сезініп отырасың. Абайдың лирикаға толы махаббат жырларымен қатар өмір өткелдерінде кездесетін өкініштерін де сезінесің. Бұл балеттің де либреттосын Бақыт Қайырбеков жазған. Балетмейстер мен ақынның ұшқыр ойының бір арнаға тоғысқаны өз жемісін берді.

Балетмейстер «Нұрға бөлену», «Ақын жолы», «Жыл мезгілдері», «Көзімнің қарасы», «Той бастар», «Татьянаның хаты», «Ақын өсиеті», «Желсіз түнде...» деп аталатын бөлімдерді көрерменге жеткізуде қыздар биіндегі барлық әсем өрнекті дене пластикасын толығымен пайдалана алған. Абай әндерін білетін адам орыс ақыны Александр Сергеевич Пушкинмен:

«Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып.
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып»,

– деп Татьяна болып тілдесе, неміс жазушысы, ойшыл философы Иоганн Вольфганг Гётемен:

Тыншығарсың сен дағы
Сабыр қылсаң азырақ,

– деп санана сіңіре жеткізгендей әсерде боларың сөзсіз.

Балетмейстер музыкалық негіз ретінде Абай әндерінің заманауи әрленген үлгілерін алған. Ренат Салаватов, Хамит Шаңғалиевтардың музыкаларымен қатар британдық музыкант, композитор және аранжировка жасаушы Карл Дженкинс шығармаларына жүгінген. М. Авахри өзінің «Жусан» балетінде де К. Дженкинс музыкасын қолданған болатын. Абайдың лирикалық әндері ел шекарасынан асып шетелдің өнер иелерінің де шығармашылығына негіз болғанының айғағы деп түсінуіміз керек.

Ғасырдан астам уақыт өтіп кетсе де, Абай шығармалары, Абай философиясы, Абайдың өзі – заман талабына сай қазақ өнерінің рухани азығына айналып ғана қоймай, әлем қызығушылық танытып отырған, әлем мойындаған тұлғаға айналып отыр. Осы Абай әлемінің құндылықтары, оның шығармалары өзінің көркемдік-эстетикалық сапасымен бүгінгі ұрпақтың рухани өмірінің бір бөлігіне айналғаны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузембаева С., Егинбаева Т. Лекции по истории казахской музыки. – Алматы, 2005. – 232 с.
2. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы. Ғылым, 1997. – 248 б.
3. Рахменқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар, сұхбаттар. – Астана. Фолиант, 2017. – 464 б.
4. Кузембаева С. Воспеть прекрасное. – Алма-ата: Өнер. – 104 с.

Мақала авторы:

Ізім Тойған Оспановна – өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

АБАЙ ӘНДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Аннотация

Абай Құнанбайұлы – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, ойшыл, аудармашы, саяси қайраткер, сонымен қатар ол қазақ музыка мәдениетіне өзіндік стильмен ерекше үлес қосқан композитор. Мақалада Абай әндерінің негізгі ерекшелігі көрсетіліп, Абай әндерін алғаш зерттеп, оған өңдеу жасаған композитор аты аталады.

Түйінді сөздер: *Абай, Абай әндері, Абай өлеңдері.*

XIX ғасыр қазақ даласы үшін саяси құлдырауға тап болған кезең болды, 1861 жылғы «Сібір даласына уақытша ереженің» жүзеге асырылуы, қазақ халқының ежелден жасап келген ортақ территориясын бөлшектеп, ақсүйек сұлтандардың билік құқығын шектеді. Ал мәдениет пен көркемөнер керісінше дами түсті. Жаңа коммуникациялық құрылғылардың қазақ даласына келуіне байланысты, адамдар қаладан-қалаға жетуі тездеп, жаңалықтан тез хабардар болатын болды. Дала данышпандары сал-серілік құру арқылы мәдениет біртұтастығын одан ары нығайтты, сонымен бірге жер-жердің озық мәдени үлгілерін жинап, өздерінің білім қорын кеңейтті. Сол кезден бастап, дала халқында жазба мәдениет кең қолданысқа енді. Қазақ фолькоры, әдеби шығармалары Қазан, Уфа, Астрахан, Омбы қалаларында құрылған баспаларда жарық көре бастады. Адамдар да балалары хат оқып сауатты болуын қалап, ауыл-ауылдан медресе ашылып, сырттан мұғалімдер шақыртып жатты.

Ақпараттың тез таралуына байланысты XIX ғасырда Азияның қақ ортасына орналасқан қазақ еліне де Батыс елдері қызыға қарады. Саяхатшылар іркес-тіркес келіп жатты, білген ақпараттарымен «Саяхат естелігі» үлгісінде бөлісіп жатты. Орыс билеушілері де өзі карамағындағы халықтың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, қазба байлығын анықтау мақсатында көптеген экспедициялар ұйымдастырды, олардың ішінде Ф.П. Литке, П.П. Семенов, Н.М. Пржевальский, Г.Н. Потанин, П.А. Кропоткин, Р.К. Маак, Н.А. Северцов т.б. ғалымдардың жазба деректері ғылыми қауымды да, политиктерді де қатты қызықтырды. Тек дала халқы үшін ең құнды дерек – Шоқанның Ұлы жүз халқына жасаған зерттеулері мен А.Затаевичтің қазақ ән-күйлерін зерттеу экспедициясы. Әрине, дала халқы да қарап отырған жоқ, Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Қожа, Абай, Жанақ, Шөже, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржан және Ыбырай Алтынсарин сияқты жыршы-жырау, көзі ашық тұлғаларымыз өздері тапқан халық мәдени қазыналарын жинап, өңдеп баспаға дайындады.

Абай Құнанбайұлы – XIX ғасыр қазақ даласы үшін алтын дінгек, ұлы тұлға. Ол тек жазба әдебиеттің негізін қалаушы, ақын, философ ғана емес, қазақ музыка мәдениеті үшін де өзіндік ерекше стильмен, ән әуеніне өзгеше көзқарасымен тарихта қалды. Абай жасаған дәуірде сал-серілік өнер кең қанат жайған кезеңі болды да, халықтың назары да, әуесі де осы өнерге ауды. Бұрын халық үшін өнердің қасиетті болып келген бақсылық түрі құлдырауға бет алып, ақын-жыраулар бұрын қыл қобызбен ән шырқайтын болса, ендігі жерде адамдар домбырамен жыр-дастандар айтуға дағдыланды. Бұл туралы Шоқан өзі естелігінде жазып кеткен еді. Орыс халқының қазақ жеріне көшіп келе бастауына байланысты, көптеген батыс музыка өнерінің жанрлары да қазақ музыкасына ене бастады, адамдар скрипканы танып, баян-сынаймен ән салуды да үйренді. Мысалы, Құрманғазының «Перовский маршы» деп күй жазса, Нартай және Майра сырнаймен қосылып ән айтты. Қазақтың халық әншілері мен музыканттарының репертуарында – «Камаринская», «Ах ты доля, моя доля», «Вдоль да по речке», «Светит месяц» сияқты орыс музыкасының шығармаларының да болғаны

мәлім [1, 6 б.]. Алғашында ауыл молдасынан білім алып, кейіннен орысша оқып, орыс әдебиетінің асыл үлгілерімен танысқан Абай үшін де орыс музыкасының ерекшелігі өз шығармашылығына әсер етпеді деуден аулақпыз. Абай көптеген шығыс өлең-дастандарын назиралық жолмен қайта жырлаумен қоса, орыс әдебиеттерін де қазақша аударып халыққа таныстырды. Мысалға алар болсақ, «Ескендір», «Масқұт», «Физули, Шәмси»... және аудармалары «Піл мен Қанден», «Шегіртке мен құмырсқа» (И.А. Крыловтан), «Жолау», «Дұға» (М.Ю. Лермонтовтан) т.б. Міне, Абайдың музыкаға қосқан үлесі де осылай еуропалық үлгінің қазақ музыкасындағы бейнеленуі. Бірақ ол тек жеңіл «көшірме» немесе «аударма» ғана емес, ақыл, фәлсафаның сараптауынан өткен музыкалық үлгі.

Абай әндерінің мынадай ерекшелігі болды:

1. Абай әндерінде сал-серілердің әндеріндегідей «одағай» сөздер жолықпайды. Ол Абайдың ақын ретінде ән мәтініне қатаң талап қойғанының бейнесі деп ойлаймыз. Әрине, осы арқылы сал-серілердің ән мәтіндері қалай болса солай жазылған деуден аулақпыз. Сал-сері әндеріндегідей мәтін мен музыкалық сөйлемнің синхронды болмауы Абай әндерінде жолықпайды. Демек сал-серілер мектебінің өз биігі бар, әуендік мәнері бөлек.

Көңіл құсы құйқылжыр

Абай Құнанбай
Жазып алған: Л.Хамиди

Көң-іл құ-сы құй-кыл - жыр шар та-рап-ка, А-дам ойы түр-ле-ніп ау-ған
шак-та. Сал - ған ән кө - лең - ке - сі сол кө-ңіл -
дің, Так - ты - сы - на би - ле - сін ол құ-лақ - қа.

1 – Сурет. Көңіл құсы құйқылжыр

Абай әндерінің сал-серілердің әндерімен салыстырсақ тағы бір ерекшелігі – Абай әндерінің классикалық даму амалында. Ашып айтар болса сал-серілердің әндерінің көбінде ән бастала салып халықты өзіне қарату үшін шырқау айтатын жоғары ноталары болады. Сол арқылы да халық сал-серінің даусының қаншалықты жоғары екенін, кәсіби дайындығы қаншалық екенін біле алады. Төменде Біржанның «Жанбота» әні мысалға келтірілген. Ал, Абай әндерінде көбінесе музыкалық тақырыптар төменгі регистрден бастап дамып, кіші кульминация жасап аяқталатын болған.

Жанбота

Асқақ, асықпай

Біржан сал

Жан - бо - та, о - сы м(а)е-д(і)ау өл-ген же - рім,

2 – Сурет. Жанбота

АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАС

Абай Құнанбай

Moderato

Айт-тым сә - лем, қа - лам - қас, Са-ған құр - бан мал мен
11 бас. Са - ғын - ған - да се - ні ой - лап,
19 Ке - лер көз - ге ыс - тық жас.

3 – Сурет. Айттым сәлем, қаламқас

Абай әндерінің бәрі төменгі регистрден басталады дегеннен аулақпыз. Кей әндерінің музыкалық мотиві салыстырмалы жоғары регистрден бастап, қайталау немесе құбылта дамыту (оның ішінде секвенция да бар) арқылы музыканы жалғастырады.

ДОМБЫРАҒА ҚОЛ СОҚПА

Абай Құнанбай

$\text{♩} = 58$

Дом-бы-ра - ға қол соқ - па, Шы-мыр - ла-тып бір-бір-леп, Жү-ре-гім
соқ-па кел тоқ-та, жас ке-лер көз - ге жүр-жүр-леп.

4 – Сурет. Домбыраға қол соқпа

2. Абай әндерінде негізінен бір буынға музыканың бір-екі ғана нотасы тура келеді. Яғни әнде коденциялық бөлімдер болмайды. Бұл ерекшелік әншінің тыңдармандарға ән мәтінін анық жеткізу үшін өте ыңғайлы.

ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ

Абай Құнанбай

Жел-сіз түн-де жа-рық ай, Сәу-ле-сі су - да ді- ріл - деп. Ау-ыл-дың
10 жа - ны те-рең сай, Та-сы-ған ө - зен гү - ріл - деп.
11

5 – Сурет. Желсіз түнде жарық ай

3. Абайдың ән мәтіндері қазақ дәстүрлі өлеңдеріндегідей 7-8 буын, немесе 11 буынды болып келмеуі жиі кездеседі. Әрине, Ұлы ақын үшін түрлі ұйқаста, түрлі буында өлең жазу қиынға соқпайды, бірақ сол өлеңдерге тамаша ән жаза білу өте шеберлікті талап етеді. Мысалға алар болсақ, Абай поэзияда алғаш болып «сегізаяқ ұйқасты» дүниеге алып келген жазба ақын. Ал осы «Сегізаяқ» өлеңінің буын санына қарайық:

Алыстан сермеп,
 Жүректен тербеп,
 Шымырлап бойға жайылған;
 Қиуадан шауып,
 Қисынын тауып,
 Тағыны жетіп қайырған,
 Толғауы тоқсан қызыл тіл,
 Сөйлеймін десең, өзің біл.

3 + 2 = 5(Буын)
 3 + 2 = 5
 3 + 2 + 3 = 8
 3 + 2 = 5
 3 + 2 = 5
 3 + 2 + 3 = 8
 3 + 2 + 3 = 8
 3 + 2 + 3 = 8

Сегізаяқ

Абай Құнанбай
 Нотасын түсірген: Л.Хамиди

А-лыс-тан сер-меп, Жү-рек-тен тер-беп, Шы-мыр-лап бой-ға жай-ыл-ған;
 Қи-уа-дан ша-уып, Қый-сы-нын та-уып, Та-ғы-ны же-тіп қай-ыр-ған.
 Тол - ға-уы тоқ - сан қы-зыл тіл, "Сөй - лей-мін" де - сең ө-зің біл.

6 – Сурет. Сегізаяқ

Тағы бір мысал келтірер болсақ, Ақынның ең танымал әндерінің бірі «Көзімнің қарасы», бұл ән де алты буынды (3 + 3) өлең ұйқасынан тұрады. Әннің екі нұсқасы кен тараған, төменде соның бірі келтірілген.

Көзімнің қарасы

Абай Құнанбай
Нотасын түсірген: Л.Хамиди

Көзімнің қарасы, Көңлімнің сәнасы. Бітпей-ді ішімде, Ғашықтың жарасы. Бітпей-ді ішімде, Ғашықтың жарасы.

7 – Сурет. Көзімнің қарасы

4. Абай Сал-серілердей өз әнін ел аралап жүріп таратқан жоқ, оны өзінің жанында әнді жақсы айта білетін жақындары айтып үйренді де, бізге солай жеткізді. Абайдың ән мұрасын жалғастырушы оның ұлы Ақылбай және Шәкәрім болды [1, 123 б.].

Абай әндері кейіннен көптеген композиторлардың шығармашылығына арқау болды. Ең ірілері А. Жұбановтың ұлт аспаптар оркестріне арналған «Абай сюитасы» және Л.Хамидимен бірге жазған «Абай» операсы болды. Одан басқа С.Шабельский, Б.Ерзакович, В.Великанов, Иванов-Сокольский, т.б. композиторлар дауыспен фортепианоға Абай әндерін өңдеген болса, М.Төлебаев, Ғ. Жұбанова, Қ. Қожамьяров, Д. Мацуциндердер Абай әндерін Аралас хорға өңдеген болатын [2, 3 б.].

Абай әндерін әлі де халыққа түрлі жанрда орындап жеткізу, тәуелсіз Қазақстанда туылған ұрпақтар үшін міндетті борыш, егер Абай әндерінің тізімін тізер болсақ өнер сүйер қауым үшін өте қызықты, халыққа кең көлемде жалпыласқан тізім шығар еді. Жоғарыда мысалға көрсетілген әндерден сырт тағы мынадай да әндері бізге жетті: «Бойы бұлғаң», «Сұрғылт туман», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Бүркіт пен қарға», «Сүйсіне алмадым», т.б. [3, 36]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк пресс, 2002, – 200 б.
2. Абай Құнанбаев Әндер Песни. – Алматы: Казгослитиздата, 1954.
3. Абай Құнанбайевтың музыкалық творчествосы. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы, 1954.

Мақала авторы:

Жармұқамет Тасқын – өнер магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

«Рухани жаңғырудағы Абайдың шығармашылық мұрасының маңызы» секциясы

Секция «Значение творческого наследия Абая
в модернизации общественного сознания»

«The value of Abay's creative heritage in the modernization
of the public consciousness» panel session

Аманкелді Г.Н.

ҰЛЫ АҚЫННЫҢ БЕЙМӘЛІМ ҚЫРЛАРЫ МЕН ТЕАТР ЖӘНЕ МУЗЕЙ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аннотация

Осы баяндама арқылы Ұлы тұлға – Абайдың қазақтың заңына, мәдениетіне сіңірген еңбегімен қатар Абай образының қазақ театрындағы орны жайлы айтпақпыз.

Бұрын соңды қазақ арасында қойылмаған Ұлы есімнің болашақ данышпанға қойылуында үлкен сыр бардай. Аласапыран заманда басынан түрлі қиындық кешірген, қазақ халқына әртүрлі рухани кеселдерден абай болуды данышпандық тұрғыда ең алғаш ескерткен, сақтандырған Абай келді.

Түйінді сөздер: Абай, заң, музей, театр.

Абай – біртуар, ғаламдық тұлға. Оның мұра етіп қалдырған еңбектері уақыт ағысымен жаңарып отыратын, заманауи дүниелер. Себебі, қай ғасырдың ұрпақтары болса да Абайдан өз заманындағы мәселелердің түйінін табады. Қай жастағы адам да онымен сырласып, ақылдасып, сұрағына жауап алады. Ғасырлар тоғысында біздің соған көзіміз жетіп отыр. Абай қазаққа қай ғасырда да керек! Жаһандық бәсекенің бәйгесіне ат қосып отырған бүгінгі қазақ үшін тіпті қажет. Абай сөзі мен өсиеті, оның қағидалары мен тұжырымдары – кешегі, бүгінгі және ертеңгі қазақ баласы үшін жасампаз мектеп, «жүрегі – айна, көңілі – ояу» адамзат баласы үшін қасиетті қазына!

Абай дала ақындарының бір сарынды дидактикалық қайталауларынан ойысып, дара шығып, тың образ бен тың идея аясына ұмтылды. Қазақ әдебиетіне жаңа серпіліс алып келді. Хикмет өлеңдерімен халықты білімді, өнерлі, ойлы болуға шақырды. Ол 20 жасынан бастап ел ісіне араласып, әкімшілік қызмет атқару арқылы да өзінің демократтық, ағартушылық идеясын жүзеге асырып, туған халқының арман – тілегіне пайдасын тигізуді мақсат еткен болатын. Елдің мінезіндегі жағымсыз қылықтарды құртып, оларды түзу жолға салу қоғам қайраткері Абайдың арманы еді.

Түзетпек едім заманды,

Өзімді тым – ақ зор тұтып [1, 13 б.], –

немесе

Адасып алаңдама жол таба алмай,

Берірек, түзу жолға шық, қамаламай [1, 13 б.],

– деген өлең шумақтарынан ақынның басты мақсаты анық аңғарылады.

Ақын есімімен аталатын көшелер, театрлар, кітапханалар, мектептер, ЖОО мен саябақтар ақынға көрсетілетін құрметтің бір парасы ғана. Ал Абайдың алып тұлғалы ескерткішін кез келген қаладан кездестіруге болады. Бір сөзбен айтқанда, Абай қазақ халқының «бренді». Алайда біз Абайды ұлы философ, ұлы ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деуден артық тағы не білеміз?!

Абай алғашқы қазақ конституциясының жасалуына өзіндік септігін тигізген. Осы сөзіме дәлел Абайдың 1885 жылы қазақ елінің әдет – салтын жете зерттей отырып, заң ережелерін жасауға белсене қатысқаны [2, 19 б.]. Бұл қазақтар үшін жасалған заң ереже 1886 жылы генерал-губернатордың бұйрығымен Қазан қаласында басылып

шығады [2, 19 б.]. Ереже 74 баптан құралған. Ереженің 47- бабында былай делінген: «Байы өлген жесір қатын сүйсе байының бір туысқан бауырына, яки бір ағайынына тиеді. Егерде сүймесе, ықтияры өзінде» [2, 20 б.]. Бұл баптан біз Абайдың жесір әйелге деген көзқарасының қандай екенін біліп, қазақ халқының жесірін, жетімін жылатпаған ел дегенге дәлелі болмақ. Осы арқылы біз ақынның барлығына бірдей белгілі бола білмеген бір қырын білдік.

Ендігі әңгіме Абайдың мәдениет саласына, нақтырақ айтсақ Семейдегі музейдің қалыптасуына жасаған ісі жайында Қайым Мұхамедхановтың зерттеуіне сүйене отырып, сөз тарқатамыз.

1878 жылы Семейде облыстық статистика комитеті құрылды. Комитеттің бірінші секретары – XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Сибирьге жер аударылған, орыстың революцияшыл интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі Евгений Петрович Михаэлис еді [3]. Статистика комитетінің мүшелері халықтың тұрмыс-салтын, шаруашылық жағдайын, облыстың табиғат байлығына ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. Е.П.Михаэлис комитеттің жұмысына өзінің досы Абайды да тартады. Абай комитеттің толық мүшесі болып, оның зерттеу жұмысына атсалысады. Халық ағарту ісіне берілген алдыңғы қатарлы мәдениетті адамдардың ынта-жігерінің арқасында 1883 жылы Семей облыстық музей мен қоғамдық кітапхана ашылды [3]. Бұл мәдени-ағарту мекемелерін ұйымдастыруға негізгі ұйтқы болғандар, атақ-даңқ немесе бас пайдасы үшін емес, халық игілігі үшін қалтқысыз еңбек етуді – адамгершілік борышым деп білген адал азаматтар еді. Олар орыстың саяси жер ауып келген интеллигенттері, Абайдың достары Е.П.Михаэлис, А.А. Леонтьев, П. Лобановский, С.С.Гросс, Н.И. Долгополов т.б. Ал, музейдің этнографиялық бөлімін бастап құрастырушылар Абай мен Н.И.Долгополов болды [3]. Абайдың музей ұйымдастыру жұмысына іс жүзінде қосқан үлесіне тоқталайық. Семейдің облыстық музейі мен қоғамдық кітапхананың 1883 жылдың 14 сентабрінен 1886 жылдың 1 январына дейінгі істеген жұмысы жайындағы статистика комитетінің газетте жарияланған есебінде: өткен жылы (1885) жаз айында қазақ ауылында болып қайтқан Н.И.Долгополов музейдің, қазақ елінің тұрмыс-салтына арналған бөліміне көп заттар әкеліп қосты делінген [3]. Бұл заттардың бәрін Н.И. Долгополов музейге тапсырғанда сатып, ақша алмаған, текке сый ретінде берген. Сонда сол заманда өзі жер ауып, айдауда жүрген қаражаты жоқ Долгополовқа: «Мыналарды музейге апарып тапсырыңыз» деп қай қазақ соншама мүлікті тектен-текке бере қойды екен? Алдымен осы мәселенің басын ашып алайық. Ол үшін 1885 жылы жаз айында Долгополов кімнің ауылына барып қайтқанын анықтайық [3]. Архив документтерін атқарғанда бәрі де айқындалады. Полициймейстр Семей облысының губернаторында жазған өзінің құпия рапортында (10 август 1885 жыл, N 251); осы жылдың 15 августіне дейін [4, 41 б.]. Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Құнанбай Өскенбаев ауылында болып қайтуға рұхсат алып кеткен, айдаудағы Нифонт Долгополов бүгін Семей қаласына қайтып келді [4, 42 б.]. Сіздің 11 июньдегі N 260-м бұйрығыңызды орындап, осыны мәлімдеймін, – деген [4, 45 б.]. Және денсаулығын түзеу үшін Құнанбай ауылында екі ай болып қайтуға Семей губернаторынан өзінің жазған өтініші де архивте сақтаулы. Сонымен Долгополов 1885 жылдың 11 июнінде Құнанбай ауылына кетіп, сол жылы 10 августа Семейге қайтып келген [4, 41 б.]. Әрине, ол Құнанбайға барған жоқ, өзінің досы Абайға барды. Бұл сапарында Долгополов тек демалу үшін емес, Абаймен ақылдасып, музейдің қазақ еліне арналған этнография бөліміне экспонаттар жинау мақсатымен де барған болды. Сонда жоғарыда айтылған Долгополовке музейге тапсырған заттарды берген анық Абай екендігі даусыз деп білеміз. Қазіргі таңда музейде Абай берген заттардан көзі барлары: сүйекпен оюланып қақталған асадал, кішкене кебеже, үлкен ет табақ, жезмойнақты торсық, піспек, шебер ұстаның қалпынан шыққан күміспен әшекейленген құты (қалмақбас), кіселі күміс белбеу, айбалта, шокпар, аса, тоғыз құмалақ, қобыз, домбыра, сыбызғы т.б. [3].

Абайдың музей құруға белсене қатысқанын көре отырып, оны тек ағартушы ретінде емес, қазақтың кез – келген саласына жаны ашитын жан – жақты тұлға ретінде білдік.

Абай туралы өлең, роман, мақала жазған жандар өте көп. Қай жанрда болмасын Абайдың Ұлылық тұлғасының биік екенін көреміз. Театр сахнасына М.О. Әуезов пен Л.С. Соболевтің бірігіп жазған Абай трагедиясын көрерменге көзбен көріп, сезінуге болатындай етіп жан бітіріп, 1940 жылы режиссер А.Тоқпанов көрерменге ұсынған болатын [5]. Бұл спектакльде ХІХ-ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының бейнесін көрсетіп, ішкі трагедиясын суреттейді. Абайдың ақындық, композиторлық әлемін қамти отырып, әділетсіздікке деген көзқарасын сипаттайды. Ұлы ақын сөз шешендігімен өлімнен ұлындай көрген Айдарды аман алып, өзінің сүйгені Ажарға қосады. Бірақта іштен дұшпан шығып, Абайға сатқындық жасап, ең жақыны Айдарға у беріп өлтіреді. Әбдірахман мен Мағауияның өлімі Абайдың ішін қан жылатып, жан жарасы жазылмай кетеді. Қойылымда Абай арқылы заманының кереғар тұстары ашылып, шындық пен әділдік турасында, оқу мен білім жайында пәлсапалық көзқарастар, тағылымды ойлар айтылады, сол заманның қиыншылығы мен әділет жолындағы күрес көрсетілген. Абай образы – адамдарды әділдікке, жақынына қамқоршы жанашыр болуға шақыратын бірден бір таптырмас тәрбие құралы десек те артық айтпағанымыз. Абай Адам алдындағы парызына дақ түсірмей, ақиқатқа жан – тәнімен қызмет еткені театрда айқын көрсетілген. Бұл тірі образ арқылы жас ұрпақ әрқашанда әділдіктің ақ туын ұстап, адамдық парызын өтеуді үйренері қажет! Абай пьесасы тірі образ арқылы театр әлеміне өшпейтін, мәңгілік бейнені дүниеге әкелді.

Абайға керегі адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік нысанасы. Сонан да Абай еңбектерінде, адам табиғат аясында жоғалмайды, ал табиғат адамның ішкі кеңістігіне сыйып кете бермек. Абай халқын оянуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шақырады. Қорытындылай келе, қазіргі заманның талабы жан – жақты, білімді болу. Ал біз бұл қасиеттерді Абайды зерттей, зерделей отырып оның бойынан көреміз. Яғни Абай қазіргі заманның қалыптасуына үлгі болатын бірден бір тұлға. Баяндаманың соңын қазақтың дара ақын – жазушыларының бірі Міржақып Дулатұлының сөзімен аяқтағым келеді: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазаққа қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» [6]!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейсенбаев Р. Хикмет кітабы. – Алматы: Жидебай, 2011.-568 б
2. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 133 б.
3. Абайдың қосқан үлесі // Интернет ресурс: http://kaum100.semeylib.kz/?page_id=68 (Күні 18.10.2019, уақыты 14:25).
4. Қайым Мұхамедханов. Абай» энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. - 558 б.
5. Абай спектаклі // Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org/wiki> (Күні 19.10.2019, уақыты 15:24).
6. Абай туралы ұлағатты сөздер // Интернет ресурс: <http://bilim-all.kz> (Күні 19.10.2019, уақыты 18:37).

Мақала авторы:

Аманкелді Гүлбаршын Нұрланқызы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3-курс студенті, Қызылорда, Қазақстан.

АБАЙ И МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена Абаю Кунанбаеву, в творениях которого нашли отражение вопросы формирования общественного сознания в Казахстане. Он внес весомый вклад в воспитание подрастающего поколения в государстве. Изучение бесценного опыта и творческого наследия Абая Кунанбаева является, безусловно, востребованным и нужным в актуальных условиях модернизации общественного сознания в Республике Казахстан.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, модернизация, общественное сознание.

Изменения, происходящие в системе образования Республики Казахстан, свидетельствуют о недостаточном внимании к проблеме организации воспитательной работы в учебных заведениях страны. Нет устойчивой сложившейся системы воспитательной работы, единых направлений, принципов ее организации. В этой связи обращение к наследию казахского народа, к изучению опыта народной педагогики, к взглядам казахских просветителей является одним из путей выхода из сложившейся ситуации [1]. Основная линия в области воспитания современной молодежи состоит в создании условий, необходимых для проявления нравственных качеств во всех сферах деятельности, в пропаганде общечеловеческих ценностей, в следовании преемственности в воспитании отдельных возрастных групп, а именно дошкольника, школьника, студента и т.д. Обращаясь к мыслям Абая о человеке, о его нравственном облике, мы еще раз убеждаемся в их актуальности, духовности. В настоящей статье предпринята попытка раскрыть воспитательный потенциал наследия Абая в преломлении через современные тенденции образования и воспитания.

Абай не писал специальных психолого-педагогических трудов, однако все его произведения пронизаны нравственно-эстетическими взглядами, несущими в себе назидательный характер. Абай критиковал несправедливость, нравственные пороки человеческого общества. По его мнению, человек не рождается с готовыми качествами, огромную роль в формировании личности играет окружающая среда: «Ребенок рождается на свет, наследуя два начала. Первое из них требует еды, питья и сна. Это – потребность плоти, без этого тело не может служить пристанищем для души, не будет расти и крепнуть. Другое – тяга к познаниям. Младенец тянется к ярким вещам, берет их в рот, пробует на вкус, прикладывает к щеке. Встрепенется, услышав звуки дудки или свирели. Подросши, бежит на лай собаки, на голоса животных, на смех и плач людей, теряет покой, спрашивая обо всем, что видят глаза и слышат уши: «Что это? Зачем это? Почему он так делает?» – это уже потребность души, желание все видеть, все слышать, всему учиться. Не раскрыв для себя видимых и невидимых тайн вселенной, не объяснив всего себе, человеку не стать человеком. И бытие души такого человека тогда ничем не разнится от бытия иной твари» (Слово 7) [2].

Усвоение норм человеческого общежития, правил поведения происходит в процессе его жизни и деятельности. Этический смысл абаевской формулы «Адам бол» состоит в высокой оценке роли и назначения человека в жизни. В его понимании в человеке должны сочетаться разум и доброта, трудолюбие и образованность, любовь к себе и людям: «Если человек, предавшись дурным поступкам, безудержному бахвальству, не в силах остановиться и взыскать с себя, не пытается очиститься перед Богом или собственной совестью, как назвать такого джигитом? Впору задаться вопросом – человек ли он?» (Слово 14) [2].

При постановке новых задач воспитания, адекватных современным реалиям дня, важно помнить о том, что молодое поколение тонко чувствует нестабильность настоящего периода, в связи с чем наблюдается дефицит духовности, резкий спад интереса к качественному образованию, пренебрежение к элементарным нормам нравственности. И хотя во многих документах, определяющих стратегию образования в государстве, в качестве целевых ориентиров определены формирование поликультурной, гуманистически ориентированной личности, у молодежи наблюдается агрессивность, эгоизм, склонность к насилию и потребительству, малодушие. Наполнение содержания социально-гуманитарных дисциплин духовными воззрениями казахского мыслителя в сочетании с гуманизацией взаимоотношений в системе «педагог – воспитанник» будет способствовать повышению эффективности воспитательной работы, качественному улучшению формирования нравственных черт личности современной молодежи. Абай в своей поэзии и прозе высмеивал пороки человеческого общества. Он критиковал нутро угнетателей, паразитирующих на народе, невежество, пустое времяпровождение баев и феодалов, лицемерие, нещадную эксплуатацию аульной бедноты: «Бай не думает об утерянном покое, не считает своих расходов. Прежде чем говорить с кем-то, он будет держать совет с проходимцем, который стелется перед ним мелкой иноходью, страшась потерять доверие бая, тревожась, как бы не завелись у владыки другие советчики. «Аллах с вами», – говорит он угодливо, – неужто вы сами не додумались до такой простой вещи?» И начнет подсказывать хитрости одну гнуснее другой, внушает баю подозрительность к другим. В конце концов бай теряет доверие к себе окружающих. Если умный человек не соглашается с баем и отворачивается от него, прохвост тут как тут: «Вот видите? Не я ли говорил вам, что это его козни? И вовсе подчинит своей воле наивного бая» (Слово 42) [2]. Взгляды Абая явились отражением нравственной жизни казахов второй половины XIX века, а любовь к простому труженику определило гражданское кредо просветителя, сформулированное им в прогрессивных для своего времени словах назидания. Моральное сознание Абая, безусловно, определяет его гражданскую позицию. Прежде всего, это характеризуется попыткой переосмыслить существующие нормы нравственности. Острые критики в этой связи направляется против несправедливости, попрания норм общечеловеческой морали. Абай оставил большое наследие для размышления и поиска путей нравственного формирования подрастающего поколения [2]. Любой специалист в области педагогической знаний может увидеть огромный потенциал наследия Абая к использованию в воспитательном пространстве современности. Воспитательное пространство – это среда, а также эффективный и необходимый механизм развития молодежи. Абай в своих назиданиях (Слово 17) неоднократно напоминает, что нравы казахских детей портятся из-за неправильного воспитания родителей, общения с невежественными сверстниками: «Дитя человеческое не рождается на свет разумным. Только слушая, созерцая, пробуя все на ощупь и на вкус, оно начинает познавать разницу между хорошим и плохим. Чем больше видит и слышит дитя, тем больше узнает. Многие можно усвоить, внимая словам разумных людей. Недостаточно обладать разумом – только слушая и запоминая наставления знающих, избегая пороков, можно стать полноценным человеком. Но если человек постигает мудрые речи, неуместно восторгаясь или наоборот вяло, рассеянно, не переспрашивая непонятного, не стараясь вникнуть в суть сказанного или же не делает для себя никаких выводов, хотя чувствует их справедливость и пользу, что толку он того, слушает он или не слушает? О чем говорить с человеком, который не знает цену слову? Как сказал один мудрец, лучше пасти свинью, которая признает тебя...» [2].

Наследие Абая является гуманным по характеру. Для него важно, чтобы ребенок вырос тружеником и патриотом (Слово 3): «Могут ли эти люди желать друг другу добра? Чем больше бедноты, тем дешевле их труд. Чем больше обездоленных,

тем больше свободных зимовий. Он ждет моего разорения, я жду, когда он обнищает. Постепенно наша скрытая неприязнь друг к другу перерастает в открытую, непримиримую вражду, мы злобствуем, судимся, делимся на партии, подкупаем влиятельных сторонников, чтобы иметь преимущество перед противниками, деремся за чины. Потерпевший не будет трудиться, добываясь достатка иным способом, ни торговля, ни земледелие не интересуют его, он будет примыкать то к одной, то к другой партии, продавая себя, прозябая в нищете и бесчестии» [2]. Слова Абая являются актуальными и по сей день!

В реалиях сегодняшнего дня идеи просветителя как нельзя своевременны. Ведь именно в современных условиях большое значение приобретает проблема создания условий для реализации ребенком, педагогом, родителями и другими участниками воспитательного пространства своей субъектной позиции. Обратимся к мыслям Абая в стихотворении «Ғылым таппай мақтанба», являющихся свидетельством вышесказанного:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз. [3, с.180].

Абай не только определяет нравственные ориентиры человека, но и считает, что особое значение в жизни человека должны иметь образование, стремление к знаниям, познание вселенной. Поэтому главными средствами нравственного воспитания просветитель считает труд и просвещение народа. Он считает труд важной потребностью человека, и именно труд формирует нравственный облик настоящего человека. По мнению Абая, человек труда – святой человек.

Нельзя рассматривать проблемы нравственного воспитания молодежи без опоры на знание национальных особенностей народа, его психологии, традиций и обычаев. Высоко оценивая наследие Абая Кунанбаева в сокровищнице мировой культуры, мы осознаем, как бесценен его вклад, и как много еще предстоит переосмыслить.

Список использованных источников:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Интернет ресурс: <http://www.akorda.kz>. (Дата обращения 13.09.2019, время 17:44).
2. Абай. Қара сөз // Интернет ресурс: http://bourabai.kz/articles/black_word.htm. (Дата обращения 13.09.2019, время 18:25).
3. Құнанбаев Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2011. – 184 б.

Авторы статьи:

Аубакирова Рахила Жуматаевна – доктор педагогических наук, профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Павлодар, Казахстан.

Тайболатов Қуандық Момынғазыұлы – магистр педагогических наук, преподаватель, Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, Павлодар, Казахстан.

АБАЙДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕМІ

Аннотация

Қазақтың Абайы – бүкіл түркі тектес халықтардың ортасынан шыққан әлемдік тұлға, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Оның өмірі, жасаған ісі, қаламынан туған туындылары халқының тағдырымен тығыз байланысты, оның болмыс-бітімінің, тұрмыс-тіршілігінің айнасы іспеттес. Аталған мақалада хакім Абайдың ағартушылық, тәрбиелік мәнге толы тағылым әлеміне талдау жасалынады.

Түйінді сөздер: *Ұлы ағартушы, білім, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.*

*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!
Абай Құнанбайұлы*

Абай Құнанбайұлы өз кезіндегі және соңынан ілесетін болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Әрі бұл сонау өзі өмір сүрген соқтықпалы, соқпақсыз құлазыған замандардан өзіне бейтаныс, бірақ жарқын болашаққа сенген ақынның айтқан сөзі еді.

Абай – ұлы ғұлама ақын, қазақ елінің, жалпы бүкіл түркі тектес халықтардың ортасынан шыққан әлемдік тұлға, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абайдың өмірі, жасаған ісі, қаламынан туған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің, тұрмыс-тіршілігінің айнасындай болды.

Абай шығармаларының саясында өсу, оның құндылығынан нәр алу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпағының алдында тұрған басты міндеттерінің бірі.

Абай – қайталанбас тұлға, ғасырларда біртуар ғұлама. Оның туысы бөлек, бесігі өлең, өсуі еркін. Оқуға зерек, қиялы ұшқыр, санасы терең. Оқуды өмірден алған. Сондықтан да оның айтқандары – өнеге, нақыл, толған ғибрат. Жаратушы берген, анасының ақ сүтімен дарыған, ақ әжесі берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ болды.

Қазақ қоғамының сол кезеңдегі тыныс-тіршілігі Абай шығармаларының өзегі болды. Атап айтсақ, Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікке, өнер-білімге шақырады. Шығыс пен батыс классиктерінің ағартушылық ой-пікірлерінен мол нәр алған ұлы ақын бала тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде тағылымдық көзқарасын білдірді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», – деді [1, 103 б.]. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деді [1, 123 б.].

Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», -дейді Абай. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы (жетінші сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды [1, 96 б.].

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және келеңсіз мінез-құлқын мінеп-шенеді. Жеке басының қамын ғана ойлайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімсымақтар алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Адам баласының басты мақсаты халыққа адал қызмет ету деп ұқты және оны ұғындыруға тырысты:

Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге, [2, 59 б.]

– деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға ұмтыл дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз...»,

– деген тұжырым ұсынады.

Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді ету, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз...»

– деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бе нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз...»

– деп, кесімді, тұжырымды жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан» – Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

«Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,

Еріншек, бекер, мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз...» [2, 60 б.]

– деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, менмендік, қулық-сұмдық, пәлекорлық т.б. толып жатыр.

Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, паракорлықпен алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Я тілмаш, я адвокат.
Болсам деген бәрінде ой,

– деп өзіндік наразылығын білдірді.

Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен», -дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз,

– дейді.

Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» т.б.) айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, жалқаулығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді, прогресшіл орыс мәдениетіне жақындай түсуді уағыздайды. Мұндай күрделі міндеттерді шешудің жолдарын іздестіре келе, Абай өзінің «Қырқыншы сөзінде» жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынып, қыздар да оқып, білім алу керек деп есептейді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді. Ондайлар туралы:

Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ-деп, күйзеле жазады ұлы ақын.
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін»,

– деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның

көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы мен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май боп енді еккі ұртың»

– деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да ұтылса, тек бірлік пен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын:

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын!
...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын,

– деп өзегіндегі өкінішін білдіреді. Ал:

«Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос»

– деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шартын көрсетеді.

Ақын шығармаларының өн бойында жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық, кісілік, қанағатшылдық, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т.б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, паракорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекорлық, паңдық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т.б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызып, одан сақ, аулақ болуды қайта-қайта айтып кетті.

Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абайдың бұдан бір жарым ғасыр бұрын қазаққа айтқан ойларының тереңдігі бүгінгі өз тәуелсіздігін өз қолына алған халқына айтар ойларымен ұштасып жатыр. Абай философиясының халық тағдырымен ұштасуының негізгі себебі – халқына деген шексіз сүйіспеншілігінде, жан-тәнімен бар күш салып көмектесуінде, болашаққа жол сілтеуінде, жаны ауырып күйзелістен туындайтын философиялық ойлар, философиялық категориялар арқылы шешімін табуында.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

– деген Абай бар асылын, ойының алтын қазынасын халқына, замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Өз халқын «ел болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын. Абайға құлақ асын [3, 19 б.]. Абайдың Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші рухани көсеміміз, бет түзер темірқазығымыз. Абайдың халқына арнаған асыл да құнды ойлары, пікірлері ұрпақтарына әрқашан қуат береді.

Ұлы да дара тұлғаның осындай даралығын, даналығын туған халқы ерекше бағалаған және бағалап келеді. Ол туралы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы: «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары

көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» -десе [4, 93 б.], А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп, ағынан жарылған еді. Ал Міржақып Дулатұлы: Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек – деді [4, 88 б.]. Сондай-ақ, М. Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Рабиға Сыздықова, Мекемтас Мырзахметұлы, Ғарифолла Есім сынды қазақтың арда ұлдары мен қыздары, ғалымдары Абайдың кеменгер тұлғасы туралы жазған және жаза да бермек. Себебі, Абай-мәңгі. Абай ұрпағымен бірге жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2016. – 336 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1 Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2016. – 296 б.
3. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
4. Қалижанов У.Қ. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 500 б.

Мақала авторлары:

Ауелбекова Ақмаржан Өсемханқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Чыкабаева Дана Байбергенова – Алматы қаласы №148 мектеп-гимназияның музыка пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы, қазақтың бойтұмары – Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заманауи серпіністер талабына орай, Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – ол заңдылық.

Елбасы Жолдауындағы негізгі басымдықтарды Абай шығармашылығымен байланыстыра отырып, Көшбасшымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межселердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

***Түйінді сөздер:** Абай мұрасы, рухани жаңғыру, бейбіт ел, ұрпақ.*

Мен бүгін жырға қосам Ұлы Абайды,
Ендеше, жиылған жұрт, тыңда жайды.
Ұлтының үні болған Ұлы ақынын,
Қалайша бұл ұрпағы жырламайды?!

Ұлы Абай хан да өзі, қара да өзі,
Арналған қазағына дана сөзі.
Жүрекке жылы тиіп жазған жыр мен
тағылымды, ұлағатты «Қара сөзі».

Жыр еткен қайғысы мен елдің мұңын,
Соңына өз ұлтының ертіп мыңын.
Сазына елтіп өскен талайлар көп,
Жүректің нәзік-перне шертіп қылын.

«Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ». Иә, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынұлы Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы туралы осылай баға берсе керек-ті.

Халқымыздың ұлы ақынға құрметі біздің «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрінеді. Ұлы классиктерін халықтың атасы деп сөйлеу ең дамыған деген ұлттарда да табыла қоймайды. Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Ал Абай шығармашылығы – әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып құбылыс. Кейде ойлап отырсаңыз, Абай біз үшін ақын да, философ та, аудармашы да, композитор да емес, бәрінен бұрын өзіміздің жанымызға соншама жақын адамымыз іспетті. Сол адаммен талай рет кездесіп, сөйлескен, сырласқан, талай рет ақылын алған әсер кешесің. Қуансаң да, қиналсаң да Абайдың алдына барасың. Жар сүйіп, бала сүйіп қуансаң да, жақыныңның азасына күйіп, қайғырсаң да жаныңнан Абай табылады.

Қазақтың бас ақыны болып қана қоймай, қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символына айналған Абайдың ілімі халықтың рухани жаңғыруымен, ал даналығы қазіргі заманмен үндесіп жатыр.

Кемеңгер басшымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының

тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп баса айта отырып, сондай-ақ «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» екендігін айқын көрсетіп берді. Көшбасшымыздың рухани жаңғыру аясындағы мақаласы жарияланғаннан кейін де, рухани жаңғырудағы Абайдың шығармашылық мұрасының маңызы еліміздің түкпір-түкпірінде, сондай-ақ білім ордасы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінде де түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, студенттерімізге кең ауқымда насихатталып жатыр. Биыл Абай атамның 175 жылдық мерейтойы қосылып, нұр үстіне нұр құйылғандай. Уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасында орын алып келген Ұлы Абайдың мұрасын қазіргі заман тынысымен байланыстыру орынды болып саналады.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

Елбасы мақаласының негізгі рухани темірқазығы да ұлы Абай ақынның ілімінің идеясымен үндестігінде. Олай дейтініміз «жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында Елбасы негізгі басымдықтарды айта келіп, «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» секілді ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын. Бұл көрсеткіштер ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде де көрініс тапқан. Елбасы Жолдауындағы негізгі басымдықтарды Абай шығармашылығымен байланыстыра отырып, келесі ой тізбегі жеткізіледі.

1. Бәсекеге қабілеттілік. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Данышпан Абай өз шығармаларында «Ісім өнсін десең, ретін тап», – деп кәсіпкерлік туралы да айтқан. Кәсіпкерлікке еңбекті насихаттау мақсатында көңіл бөлген. Абайдың арманы – қазақ халқын бай елдердің қатарында көріп, малды адал жолмен тауып баю, басқа біреуге тәуелсіз болу. Бүгінгі кезде, егер еліміз бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарынан орын алса, Абайдың арманы орындалғаны. Ақынның келесі ойларын бүгінгі күні кәсіптік заманы кезіндегі адамға ұсынуға болады.

1. Өз-өзіңе есеп беріп тұруды ескер;
2. Дамыған елдің тәжірибесін меңгер;
3. Мал табам десең, арланба;
4. Ақыл мен еңбекті тең ұста.

2. Прагматизм. Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен

қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділікті көрсетеді», – деп айтқан болатын [1].

Ұлы ақын, ағартушы, данышпан Абай Құнанбайұлының жазып қалдырған қара сөздері халқымыздың бойына сіңген қасиеттерін (жалқаулық, көрсеқызарлық, көреалмаушылық) жат әдеттерге балап, халық танымынан аластатуға бағытталған.

Иә, кемеңгер басшымыз көрсеткендей, «нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі».

Өзі билеуші тап ортасынан шықса да, тарихи дамудың беталысы мен қоғамдық шындықты түсінген ол еңбекші шаруаға шындап бет бұрғанын байқатады. Оларды «елім», «жұртым», «халқым» деп, дос тұта сөйлейді. Осы бетбұрыста Абай сол халықты жүдетіп, шаршатып отырған ұнамсыз әрекет-мінездерді, олардың ішкі сырын үлкен шеберлікпен ашатын психолог ақын ретінде танылады. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын өткір және әділ мінеп-сынайды. Бұл сарын, әсіресе, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп аталатын өлеңінде анық байқалады. Мұнда өз халқының басындағы қайғы-мұңды көріп дерттеніп, «Қалың елі – қазағының» қазіргі халіне қинала сөйлеген ақын бар.

Халқының келешегін ойлап егілген, сол үшін ұнамсыздықты аямай сынау арқылы түзетуді ойлаған Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Соның бірі – достық мәселесі.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ол тіршілікте өзі көрген, халық тәжірибесі танытқан шындықты айта отырып, жастарды шын адамгершілік жолына, киянатсыз, адал достыққа үгіттейді. Оларды жалған татулық, бояма мінезден сақтандырады. Отыз төртінші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деген хакім Абай өлеңдерінде «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» жырлап, ұлтқа, дінге, нәсілге, әлеуметтік жікке, жынысқа бөлмей баршаға махаббат сезімде болуды үндеуі, қазіргі адамзат қоғамының басты ұранына айналуы тиіс.

Мынау бізге жат, мынау бізге теріс, мынау мүлде болмайды, мынау өзге діннен, мынау өзге ұлттан деп адам мен қоғам түрлі шектеу, тыйым, наразылық, жиіркеніш, жеккөрушілікті өршіткенде ешқашан келісім мен татулық болмайды. Адамзат қоғамы Абай сынды ұлылардың парасаты арқасында ұлық, биік. Әлем ұлыларының асыл ойлары адам баласын бақытты өмір сүруге шақырып отырады.

Ақын өз балаларына айтқан өсиеттерінде Аллаһтың құдіретін жан-жақты баян етеді. Аллаһты тану үшін ғылым білу керек, ілімі кем құдайды танымайды, құдайын танымаған өзін де танымайды дей келіп: «Құдай тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан, һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан». «Адам баласына адам баласының бәрі дос» – деп жазады ақын өзінің 34-қара сөзінде.

Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей. Ақиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, машхарда сұралуың – бәрі бірдей. Екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпің, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Бұл дүниеге бәрің де қонақ екенсің. Сондықтан біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің малы мен бағына күндестік, қызғаныш жасап, көз аларту дұрыс еместігін айтады [2].

Абайдың ғылым жолдары жөніндегі өсиеттері көптеген өлеңдерінде бар. Ол кісінің 17 және 31, 32 сөздері түгелдей осы мәселеге арналған. Абайдың білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға шарттарын көрсете келе, оның ғылыми жолына тоқталады, құмарлық-махаббат, шыншылдық әдет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы, ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез» болуы тиіс.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Кемеңгер басшымыз назарға алған келесі басымдық – Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық бірегейлікті сақтау деп отырғанымыз – ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі қалыптастыру.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Өнді сүйсең менше сүй!

– дейді Абай. Өнерге Абайша ғашық болу, әнді Абайша қастерлеу бір басқа. Абай халықтық өнердің қайнарынан мол сусындаған. Сусындай отырып, қазақ поэзиясы мен қазақ музыкасын шырқау биікке көтерген, әнге де жаңа ырғақ, жаңа мән-мағына әкелген.

Құр айғай бақырған
Құлаққа ән бе екен?

– дейді Абай. Осы сөзі дәл бүгінгі біздің жастарға арнап айтылғандай. Осы өлеңі арқылы Абай қазақ жастарының музыканы құрметтеуге шақырғандай. Халқымыздың салт-дәстүрі, ұрпақ жалғастығындай ұрпақтан-ұрпаққа тарап келе жатқан шығармашылық мұрасы, өнері – ұлттық кодымыздың айнасы. Ұлттық кодымыз – ұлттық мәдениетіміз. Ұлттық мәдениетіміз болмаса, ешқандай жаңғыру болмайтыны анық.

Поэзияда, музыкада, даналықта, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай – қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеймін деген ұрпаққа таңғажайып тұлға. Ол – өз халқының тарихындағы тауға шыққан биік шынар, тамырын тереңге жайған алып Бәйтерек. Біз сол биік Бәйтеректі саялай да білуіміз керек, бағымызға туған Абайдай ғұламаның байтақ мұрасын аялай да білуіміз керек.

Ендігі жерде Абай өсиет қылып, аманат етіп қайта-қайта айтып кеткен ұлттығыңды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, өткенді игеру, ата салтын бойға сіңіру, сөзге тоқтау, қызға қырық үйден тыю – қазақ арасында бұлжымас заңға айналуы керек.

4. Білімнің салтанат құруы. Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдер жазды. Мұның алғашқысы ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті түрінде жазылған. Бүкіл өлең бойына Абай «ғылым» деген сөзді қайталап айта отырып, адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым болуы керектігін түсіндіреді.

Ғылым таппай мақтанба!
Орын таппай баптанба!
Құмарланып шаттанба!
Ойнап босқа күлуге,

– дейді. Сөйтіп, ғылымға берілудің, ғалым болудың жолдарын әңгімелейді. Ғылым жолы – әділдік жолы. Оны ұстаған адам ескі жолмен жүре алмайды. «Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз», – дегенде, ол ғылым үйренетін жастың қараңғы, надан қауымнан өзгеше болуын қалайды.

Осы тұста Елбасы мақаласындағы «Білімнің салтанат құруы», «Сананың ашықтығы» бағдарламасының идеялары үндес екені байқалады. Білімді бола білсек қана, бәсекеге қабілетті ел дамуында зор үлесімізді қоса аламыз.

Абай өз шығармаларында рухани жұтандықты, білімсіздікті, көкірек көзінің мөрлілігін, надандықты, имансыздықты, тоғышарлықты, енжарлықты, жалқаулықты,

сөзуарлықты, екіжүзділікті, күншілдікті, мақтанқұмарлықты, мақтансүйгіштікті, дүниеқоңыздықты, мансапқорлықты, көрсеқызырлықты, менмендікті, мақтаншақтықты, еңбексіздікті, әділетсіздікті, сатқындықты және т.б. қай замандарда болмасын адам бойында болатын моральдық-этикалық қасиеттерді сөз ете отырып, адам баласының бойындағы қасиеттерін жақсартуға, жетілдіруге, толықтыруға, жаман қасиеттері болса солармен күресуге, оларды ауыздықтауға талаптануы керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойына адамзат баласының ақыл-ойында ұшталып келе жатқан, діни-пәлсафалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы – толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

Көк тұман – алдындағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп алдаған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Осы өлеңінде өзінен кейінгі сергелдеңге толы, намысы тапталған, ары жаншылған, қор болған қазақ тірлігінің екі ғасыры дәл болжалып тұр. Қасіретке толы зобалаң жылдарын зерделесе керек-ті. Бұл революциялық дамудың салдары болатын.

Кемеңгер тұлғамыз революциялық дамудың халыққа пайдасынан зияны көптігін ұғындыра отырып, «Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс,» екендігін атап көрсетті.

Абай ең алдымен ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсады. Иә, Абай арманы орындалды. Тәуелсіздік алдық. Ел қатарына қосылдық. Іргелі мемлекет құрудамыз. Әлем қауымдастығына мүше болдық. Дамыған отыз елдің қатарына қосыламыз деген мақсатымыз да Абай арманымен ұштасып жатыр.

Біз, бүгінде тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білуіміз керек. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау арқылы рухани жаңғыруға кең құшақ аша аламыз.

6. Сананың ашықтығы.

Халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған Абай адаммен де, заманмен да арпалысып бақты. Қараңғы түнді қақ жарып сәуле төкті. Шалғай ауылда, Қарауылда – Шыңғыстауда отырып-ақ бүкіл қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Қазақтың жоғын жоқтай отырып, өз қазағын қатты сынады. Сынағанда жек көргендіктен емес, жаны ашығандықтан, күйінгендіктен сынады. Өз халқын сынап отырып, сүйе білді. Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі – май, бірі – қан боп енді екі ұртың» деп күйзелді. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» – деп үйретті 38 қара сөзінде. Бұдан шығатын қорытынды, Абай халқының көкірегі ашық, көзі ояу болғандығын қалағандығы [3].

Сонымен, қорыта келгенде, Абай, ең бірінші – қазақ халқының жаны, ал оның қара сөздері әлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналды. Абай үні ғасырлар өтсе де, өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес. Рухани жаңғырудың бастауында ұлы Абай ақынның шығармаларының негізгі ұстанымдары тұрғанын байқаймыз.

Қазақтың ойлап бірлік, татулығын,
Қаламай қас пен қабақ қатулығын.
Ұлы Абай толғанумен ғұмыр кешкен,
Ұрпағы бір-бірімен тату бүгін.

Өзіңсін, Ұлы тұлғам, жыр-бұлағым,
Жұртының сусындатқан мың құрағын.
Еліме әділеттік орнатам деп,
Алыстың, арпалыстың, мың құладың.

Шешем деп тіршіліктің мың сұрағын,
Қолда қалам, ақ парақ жыр құрадым.
Елімнің бағын жырлап жүру үшін,
Өзіндей ақын болу бір мұратым.

Н.Ә.Назарбаев: «Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен» – дейді. Адамды сүйіп, құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі – адам, Толық адам. Абай арманындағы Толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек. Ал махаббатпен сүйю, адамды сүйю, Алланы сүйю, әділетті сүйю – Абай шығармаларының биік мұраты.

Ендеше, Абайды құрметтеу – өзінді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтыңды қастерлеу деген сөз. Қазақтың бағына біткен болмысы биік тұлғаны құрметтеу – біздің мәңгілік борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // Интернет ресурсы: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Күні 19.09.19, уақыты 13:54).
2. Алиева Ляйла. Абай ілімі және рухани жаңғыру. Syr-media.kz порталы. // Интернет ресурсы: <https://syr-media.kz/news/3115-abay-lm-zhne-ruhani-zhayru.html> (Күні 21.09.19, уақыты 20:32).
3. Мухтар Ауезов. Путь Абая. – Том 1. – Алматы, 1942. – 930 с.

Мақала авторлары:

Батырова Тамара Жаксығалиевна – медицина ғылымдарының магистрі, қалыпты физиология кафедрасының аға оқытушысы, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ, Ақтөбе, Қазақстан;

Аманжолқызы Айнур – PhD докторы, доцент, қалыпты физиология кафедрасының доценті, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ, Ақтөбе, Қазақстан;

Ізбасар Әсел Сәкенқызы – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ 5 курс студенті, қалыпты физиология кафедрасы, Ақтөбе, Қазақстан.

МОТИВЫ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ В ОДНОАКТНОМ БАЛЕТЕ М. АВАХРИ «ЯЗЫК ЛЮБВИ»

Аннотация

Статья посвящена анализу мотивов творчества казахского поэта-философа Абая и художественных особенностей одноактного балета «Язык любви» в постановке заслуженного деятеля Республики Казахстан Мукарама Авахри. Статья состоит из трех частей. В первой части кратко представлена информация о вкладе великого мыслителя Абая Кунанбаева; во второй дается обзорная информация о создателях балета; в третьей части проводится описание и разбор каждой из сцен. Статья предназначена для искусствоведов, ценителей творчества Абая Кунанбаева и любителей балета.

Ключевые слова: балет, казахский балет, Мукарам Авахри, поэзия Абая, Астана Балет, Язык Любви.

Премьера одноактного балета «Язык любви» в постановке всегда по-новому интересного коллектива театра «Астана Балет» состоялась в Государственном театре оперы и балета «Астана Опера» 2 июля 2016 года.



Рис.1. Афиша балета М.Авахри «Язык любви».

В основе балета лежит путь исканий души величайшего народного поэта, мыслителя и философа Абая Кунанбаева, который во главу угла ставил духовно-нравственное развитие казахского народа. Поэзия Абая Кунанбаева занимает важное

место в духовной жизни казахского народа, в его литературе. Недаром стихи Абая, песни, сочиненные им, передавались из уст в уста, из аула в аул, стали самыми любимыми в народе. Благодаря лирике Абая, казахская поэзия не только обогатилась идейно-художественными открытиями, но и нашла новое, реалистическое русло для своего последующего движения и развития.

Вера в возвышение человека над низменным существованием над приоритетом материальных богатств через труд, через стремление к знаниям и образованию привело к пропасти непонимания между поэтом и его родственниками. Не разделяя взглядов самовластного отца, закоренелых устоев, бытовавших в народе и призывавших беспрекословно, слепо повиноваться и следовать воле родителей, Абай переступил черту, отделившую его от своих. Абай сумел прислушаться к велению сердца, к внутреннему голосу, до конца жизни ведшего его по тернистому пути борца за новую жизнь, по извилистой тропе реформатора и просветителя, избранного зажигать искру знаний в сердцах своих соплеменников, шаг за шагом, строка за строкой выполняя предначертанную свыше миссию. Миссия эта поистине была и остается сверхчеловеческой. Мысли и изречения Абая были прогрессивны тогда и злободневны поныне. Поэтически и прозаически обрамленные призывы к духовно-нравственному просветлению назидательного и лирического характера сегодня совершенно оправданно находятся в разряде вечной нетленной классики, нашедшей отклики в умах и сердцах не только казахского народа, но и далеко за пределами широкой казахской степи. Творчество, льющееся из души, непременно потоком вольется в душу внемлющего народа. В это верил Абай. И эта вера подарила ему бессмертие.

И вот спустя век, на родной земле поэта рождается первый одноактный балет, посвященный его лирике. Казахстанский балетмейстер Мукарам Авахри, хореографический почерк которой узнаваем, идеи постановок свежи, а затрагиваемые темы глубоки и вечны, вдохновившись просветленной поэзией и личностью мыслителя, выносит на суд зрителя, преклоняющегося перед величием Абая, свое прочтение души поэта. К моменту создания балета, Мукарам Авахри уже имеет опыт в сотворении одноактных балетов. В творческом списке балетмейстера балеты «Жусан», «Кармен», «Саломея». «Язык любви» – третий по счету труд, поставленный до балета «Саломея».

Балет состоит из восьми картин. Образы в балете сугубо метафорического характера. Все действие, не предлагая явных подсказок, призывает образное мышление зрителя к активности. Роль своеобразных композиционных скреп в балете выполняют прочитанные за кадром стихи Абая. «Присутствие» Абая также улавливается в стилизованных музыкальных композициях народных песен «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай». Балет не о событиях жизни Абая, но о философии и душе поэта. Такого рода обобщенно-философская мысль, заложенная в балет, характерна балетмейстерскому стилю М.Авахри. Ведут лирическую линию мелодии любимых народных песен поэта, знакомые еще с детства, но прозвучавшие по-новому в аранжировке композиторов Р. Салаватова, К. Дженкинса и Х. Шангалиева. Хочется отметить удачные костюмы, разработанные сценографом и художником по костюмам Гафуром Каирбековым: без излишеств и вычурной орнаментальности, они подчеркивают национальный колорит, способствуют пониманию задумки режиссера.

Написание либретто и перевод стихов, вошедших в каждую из картин балета, неслучайно было предложено Бахыту Каирбекову – автору и режиссеру фильма о жизни и поэзии Абая, имеющего, заметим, созвучное балету название «Излучение любви». Этот фильм в проекте «Лики Евразии» был удостоен Гран-при XI Евразийского Телефорума (2006). Либретто, написанное в творческом союзе с М.Авахри, безусловно, несет философско-отвлеченный характер, и ни о каком сюжетном ряде здесь речи нет. Говоря о драматургической специфике бессюжетного одноактного балета, следует особенно подчеркнуть значимость поэтической основы.

Исследователями давно замечена высокая концентрация ассоциативной мысли в малых формах художественных произведений. Соответственно, одноактный балет – явление принципиально поэтическое, основанное на узнавании хорошо знакомых цитат, символов предшествующей музыкальной, словесной, танцевальной культуры. Но в балете М.Авахри «Язык любви» концентрация этих ассоциативных рядов необыкновенно высокая. Требуется высокая интеллектуальная грамотность зрителя, чтобы воспринять Абая через его лирику, тексты песен, положенных на его стихи, переводы «Евгения Онегина» А.Пушкина, через сюжетику романа М.Ауэзова «Путь Абая», фильм Б.Каирбекова «Излучение любви». Уместно будет отметить, что в общем замысле балета мы наблюдаем реминисценцию к кинокартине режиссера и сценариста Сергея Параджанова «Цвет граната» (1968 г.). О существовании такой связи сказала сама Мукарам Авахри в краткой беседе с автором статьи.

Как режиссер, мыслящий хореографическими образами, М.Авахри стремилась воплотить монументальность народной поэзии XIX века в пластике неоклассической хореографии и в музыкальной драматургии балета. Эксперимент с синтезированием стилизованной народной музыки, современного балета с казахскими народными элементами движений, поэзии, современной видеографией, элементов воздушной гимнастики был нацелен на расширение диапазона восприятия зрителя и, соответственно, эмоциональной реакции на произведение. Мукарам подчеркивает принадлежность драматургической основы к истокам фольклора, смело экспериментируя в смешении стилей, переплетает элементы классического и неоклассического рас с движениями казахского народного танца. Эксперименты такого рода не новы в истории нашего национального танцевального искусства, и поиск современных решений и стремление к обретению созвучия ключевых компонентов бессюжетного балета в некоторых представленных картинах достигает поставленной цели. В предлагаемой статье дается попытка прочтения художественных особенностей балета «Язык любви».

Краткое содержание либретто гласит:

«Душа поэта – в его стихах и песнях. Его путь – путь исканий.

Язык любви – язык Удивления и Страдания, Обретений и Потерь, Нежности и печали.

Язык Любви – язык Творца – Бога и Поэта

Выучить Язык Любви невозможно, ибо Он подобен Свету, разлитому над миром в часы явления Солнца и Луны».



Рис.2. Картина первая «Озарение»

Начинается балет с картины «Озарение». Шестнадцать балерин одна за другой, вплетаясь в общую линию, принимают изящные позы в традициях романтического балета. Танец исполняется на пуантах в стиле неоклассики под казахскую народную композицию «Япурай». С первой картины зритель оказывается в ситуации бессюжетного восприятия балета и «вынужденно» фантазирует свое понимание видимой реальности, создаваемой на стыке балетной реальности сцены и внутреннего культурного опыта. Действие происходит на фоне движущегося «живого» ночного неба. Видео-декорация переносит в звездное безграничное пространство млечного пути, внутри которого невесомые, неземные души-мысли исполняют свой полный внутреннего свечения ритуальный танец. Балерины же в своем танце то группируются, то ведут свою собственную партию, то замирают, а затем с видимым ускорением начинают двигаться по сцене, после чего вновь переплетаются, создавая чередуемые между собой стройные ряды и хаотичные рисунки, ведя за собой прихотливую ассоциацию зрителя. Усиливают эффект иллюзорности, взмывающие легкой дымкой юбки-шопенки во время исполнения семенящего бега, многочисленных арабесков, больших и малых прыжков. Вселенский масштаб смысла прозрения-озарения оправдан. Оправдана и космически обрамленная сценография. Наглядно представлена сила мысли-озарения, способной менять Мир и судьбы. Эффект эмоционального и эстетического восприятия этой картины усилен захватывающей космической видеографией режиссера Натальи Рыбловой, создавшей иллюзию многомерного пространства и тем самым позволившей приблизиться, почти прикоснуться к вечной светящейся жизни небесных тел.

Вторая картина «Путь Поэта» начинается с известного восьмистишия Абая «Сегизаяк»:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл [1, с.102].

«Восьмистишия» Абая являются поэтическим отражением наиболее существенных сторон жизни казахского общества. Это глубокие раздумья поэта о судьбе своего народа, о путях его развития. Вглядываясь в жизнь, Абай должен был с горечью признать, что она далека от совершенства.



Рис.3. Картина вторая «Путь поэта»

Хореограф, опираясь на смыслы «Восьмистиший», по-своему отображает их на сцене. На разных уровнях поочередно друг за другом снизу-вверх разворачиваются 4 полотна, в каждое из которых вложен свой видео-контент. У подножия полотна исполняют свой танец девушки, символизирующие женское земное начало; это плавные танцы, в которых, в основном, задействованы лишь руки и корпус танцовщиц. По всей линии балета мы можем проследить символику числа 4, в символике казахского народа знаменующее абсолютную вездесущность во времени и пространстве: 4 стороны света, 4 стихии, 4 времени года, 4 недели месяца. В данном случае ведущей темой этого цифрового образа становится тема цикличности жизни человека, состоящей из 4-х основных этапов: детства, юности, зрелости, старости. В других учениях о ступенях развития души: ученик-подмастерье, исполнитель, мастер и учитель, и лишь после мудрец-созидатель. Именно эта философская концепция, на наш взгляд, была вложена в сюжеты видеографики на развернутых полотнах. Название картины «Путь поэта» также дает основание, подсказку для такого прочтения, представленного автором изобразительного средства. Эта картина держится на минимуме хореографии: в видеоряде показаны лишь предметы быта, степь, небо, юрта, ковыль – все то, с чем казах-кочевник отождествлял себя и картину мира своего народа. Так в полотне «Детство» или «Подмастерье» мы с позиции ребенка видим наблюдение за окружающим его убранством юрты, руки матери, молоко, тұмар (оберег), подвешенный к бесіку (колыбели), книги. Это пора наблюдения, гармонии, уюта родного дома. Полотно «Юность» (или «Исполнитель») показывает нам, как двери юрты широко распахиваются, открывая вид на бескрайнюю степь, рождая сонм воспоминаний об этой прекрасной, чистой юной поре, полной интереса, любопытства, безудержного стремления познать наслаждение первых чувств. Это пора открытий. Следующее полотно мы назвали «Зрелость» (или «Мастер»), следуя ступеням вышесказанной философии о развитии души. Здесь мы видим книги. Обретение знаний, просветление путем труда и познания. Пора наполнения мудростью. Далее следует полотно «Старость» (или «Созидатель»). Мы видим горящую свечу,

олицетворяющую источник вдохновения ученого, писателя и поэта, занесшего перо над чистым листом бумаги. Символ надежды и просветления, символ горящей одинокой души. Характеризуется созерцанием, созиданием, соприкосновением с высшим, с Богом. Этап, когда человек подобно Творцу способен творить.

Третья картина «Времена года» начинается с яркой, жизнеутверждающей мелодии лета. На экране-заднике изображена ветвь дерева, живописно видоизменяющаяся по мере смены времен года. И здесь вновь читаются стихи Абая, усиливающие атмосферу счастья и выражающие любовь и трепет поэта перед Матерью-природой:

Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! [1, с.272].

Жизнелюбие, звон журчащего родника и полноту сил природы олицетворяют на сцене три артистки балета – три месяца лета. "Природа – Родина поэта, родник, питающий его всю жизнь, подобно молоку матери", – написано в либретто. Следом наступает осень. Трех балерин сменяет другое трио. В содержании видеодекорации также происходят изменения – сочная зеленая листва начинает желтеть, облетают листья, обнажаются ветки, внешнее становится не столь значимым, важным становится чистое содержание в лице обнаженной природы. Смена двух времен года в хореографическом воплощении М. Авахри идет в одной темповой динамике, напоминая о естественности и неизбежности происходящих перемен. «Осеннее» трио логично сменяет трио «зимнее». Голая ветвь покрывается хлопьями снега. В музыке начинают преобладать степенные нотки. В старости человек не спешит, он созерцает, размышляет, созидает. В холодном молчании застывает природа, застывает и время в глазах старика. Напомним, Абай в своих стихах сравнивает зиму со старым суровым и ворчливым сватом. Зиму, конечно же, сменяет нежная, цветущая, влюбленная в жизнь весна. Чередующиеся времена года – одно подтверждение круговорота бытия. Природа – сосуд вдохновения для поэта. Все мы знаем четыре времени года, воспетых Абаем, все мы знаем четыре времени года, воспетых Вивальди. В данном случае 4 времени года, описанные Абаем, нашли свое прекрасное хореографическое продолжение в исполнении труппы театра «Астана Балет». В пластике танцовщиц читается уважение и принятие отступающего сезона и постепенно нарастающая наступательная сила приходящего сезона. Красивейшие насыщенные комбинации, демонстрирующие отточенную пальцевую технику двенадцати балерин в образе 12 месяцев, заморозили своей виртуозностью и грацией. В стилизованные классические комбинации были включены движения рук из казахского танца, что добавило нотки национального колорита и народную игривость. Всё меняется по форме, производя иллюзию движения, но не меняется по сути. Все перемены цикличны и всегда повторяются. Философия цветения, созревания и неизбежного увядания, после которого вновь следует цветение всего живого на земле.



Рис.4. Сцена из картины «Времена года»

В четвертой картине стилизованная музыкальная композиция народной песни Абая «Көзімнің қарасы», названная авторами либретто «Свет моих очей», гипнотизирует и держит в этом состоянии до последних нот. Из темноты выплывают три женские фигуры, подобные тем, что были в первой картине. Закрепленные в области поясицы невидимые тросы, по задумке балетмейстера, плавно поднимают балерин в воздух, создавая иллюзию парения в воздухе. Пластика исполнительниц плавная, шепчущая, словно каждый жест призывает не разрушить то хрупкое, тайное, что едва-едва уловимо между влюбленными или в отношениях между Создателем и человеком. Реализация данной хореографической композиции с использованием элементов воздушной гимнастики, безусловно, добавляет художественной зрелищности.



Рис.5. Сцена из картины «Свет очей моих»

Композиция «Веселье» вновь предваряется стихами Абая «Жаз»:

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап. [1, с.53]



Рис.6. Сцена из картины «Веселье»

В пятой картине создается совершенно иное настроение. Символично открываются высокие массивные ворота-двери, декорированные казахскими национальными орнаментами, напоминающие всем о гостеприимстве казахского народа: через ворота выходят шумные, задорные народные исполнительницы. Образ женщины в поэзии Абая занимает особенное место. Понимание роли матери, жены, дочери, возлюбленной Абай особенно тонко передавал в своих стихах. В этом произведении через присущие казахским женщинам остроловие и оптимизм демонстрируется еще одна важная составляющая народного быта – совместный сезонный труд, праздники, рождающие передающиеся из уст в уста рассказы, песни.

Празднество (той), радость, смех, флирт – неперенные составляющие жизни человека на любом этапе, встряхивающие нас и говорящие о том, что не может человек вечно пребывать в мрачном состоянии духа. Вкушение полноты жизни, наслаждение от общения, воспевание каждодневных нелегких забот, очень женские перешёптывания – все это вошло в этот прекрасный, витиеватый своими рисунками игривый народный танец. Особенно приятно поразил очередной художественный прием, а именно: видеопроекция покрытой алыми маками степи на съемных верхних юбочках исполнительниц в кульминационной части танца. Совершенно уместное преклонение танцовщиц на одно колено с удержанием в руках юбочек с сакральным для кочевника изображением, не может не впечатлить зрителя.



Рис.7. Проекция алых маков на съемных юбочках в картине «Веселье»



Рис.8. Картина «Веселье»

Картина шестая.

Амал жоқ – қайттім білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын. [1, с.305]

Из пушкинского «Евгения Онегина» Абай перевел на казахский язык семь отрывков, из которых «Письмо Татьяны» («Татьянанын Онегинге жазған хаты») стало литературной классикой. Картина 6, казалось бы, воссоздает фрагмент из романа-эпопеи Мухтара Ауэзова «Путь Абая», в котором запечатлено восприятие казахским поэтом письма Татьяны к Онегину: «С глубоким вздохом Абай вновь склонился над письмом Татьяны. «Какие искусные слова! Не слова – дыхание, трепетное биение сердца... Нежная глубина!» – подумал он с восхищением и неожиданно вспомнил сложенные им когда-то стихи...» [2, с.579].



Рис.9. Сцена «Письмо Татьяны». Исполняет ведущая солистка театра «Астана Балет» Шомаева Дилара

Картина 6 напомнила именно об этом описании. Пластика балерин насыщена женственностью, чувственностью. Под звуки волшебной арфы артистки в своем эмоциональном танце в стиле неоклассики стремились угнаться за вылетающей от переполняющих чувств душой. Финальная сцена, в которой исполнительницы развернуты в разные стороны, несет некое значение: одно и то же чувственное море любви каждый проплывает по-своему.

«Мольба поэта» – седьмая и, пожалуй, кульминационная картина в данном балете:

Жалғыз қалдым тап шынын
Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей
Мен келмеске кетермін түгіндірмей
Өлем шіркін өсекші жұртқа жаяр
Сырымды тоқтатайын, айта бермей. [1, с.127]

В либретто сюжетика этой части картины описана стихами Б.Каирбекова, замечательно, на наш взгляд, интерпретирующими Абая:

Я одинок.
Стихи мои, как космы ковыля,
Склоняются к земле родной и стонут:
Не уж-то песня не услышана моя?
Не уж-то и она вдали веков утонет?

Танец балерины дает художественное воссоздание сомнений поэта поэтического ощущения тщеты бытия. Это танец – метафорическое выражение одиночества на земле среди людей и односторонний диалог, обращенный к высшим силам мироздания, взывающий к небесам. И снова отрыв исполнительницы от земли, взмывание в воздух и символическое возвращение на землю. «И создал Господь Бог человека из праха земного, и вдунул в лице его дыхание жизни, и стал человек душою живою», – и как не вспомнить эти слова сотворении человека (Ветхий Завет, Бытие, Глава 2).



Рис.10. Картина «Мольба поэта»




Рис.11. Солистка театра «Астана Балет» Нурпеисова Балжан в сцене «Мольба поэта»

Финальная картина «В безветренную ночь» предварена философскими стихами Абая «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол»:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен. [1, стр.78].

В самый темный тихий предрассветный час на сцену-берег, окутанный туманной дымкой реки, в унисон музыкальной композиции «Желсіз түнде жарық ай», выходят-выплывают 16 девушек в казахских народных костюмах. Это картина-воплощение человеческого смирения перед законами вселенной, принятия и наслаждения гармонией. Звездное небо и реку на заднике сцены объединяет туман как связующая субстанция. Лирический казахский народный танец исполнили девушки,

пришедшие поделиться сокровенным с рекой, с небом. На сцене движение девушек продолжает речную ассоциацию: река то гладкая и холодная, то взбудораженная легким дуновением ветра. В финале картины в видеопроекции появляется изображение дерева на фоне звездного неба. В соединении этих композиционных планов – видеографического и хореографического – проявляется вся философия Абая. Балетмейстер подтверждает правоту великого ученого, верящего в возможность гармонического устройства жизни на земле.

Младенца в Мир приводит песня,
И в путь последний песня провожает...
Вся жизнь воспета песней, весь нелегкий путь.
Так вслушайся в нее, она – душа твоя, –

так подчеркивает идею этой части балета Б.Каирбеков в либретто.



Рис.12. Финальная картина



Рис.13. Финальная картина

На протяжении всего балетного сюжета ведется поиск гармонии, баланса между вертикальным и горизонтальным пространствами. Мукарам Авахри прокладывает путь к финальной сцене как через понятные "земные" мыслеформы (картины «Времена года», «Веселье», «Путь поэта», «Письма Татьяны»), так и ассоциативные или абстрактные (картины «Озарение», «Свет очей моих», «Мольба поэта»). Кольцевое обрамление композиции воплощено в первой и финальной картинах балета через образ неба и через повторившееся линейное построение балеринами в позы. Балетмейстеру удалось передать, как отвлеченная мысль (понятие) обретает реальную форму.

В заключении хочется еще раз обратить внимание на то, с каким мастерством и высокой степенью новизны балетмейстер решает художественную идею балета. Задействованы все ракурсы и возможности сцены: пространство горизонтальное-земное и летящее-вертикальное, пространство реального-осязаемого танцевального движения и пространство видеоряда, текст литературный и песня, декорационная наполненность сцены и выключенность из образного ряда между картинами, когда зритель слышит закадровое чтение стихов Абая в абсолютной темноте.

Глубокое и разностороннее содержание поэзии Абая современный балетмейстер Мукарам Авахри смогла развернуть в драматургической специфике одноактного балета. При этом текст Абая несет не второстепенную, а структурирующую роль, он держит весь «каркас» идеи, философии балетной постановки. Декламация стихов Абая, размещенная в засценическом пространстве и обращенная к зрителю-слушателю, выполняет функцию скрепы между знакомой образностью стихов казахского поэта-философа и миром прихотливых ассоциаций одноактного балета «Язык любви». В таком синтезе видов искусств (музыка, балет, поэзия, перфоманс), конгломерации выдающихся авторов разных эпох и народов (Абай, А. Пушкин, М. Ауэзов, Б. Каирбеков) тема любви звучит ярче и масштабнее.

Список использованных источников:

1. Абай. Шығармалар. Өлендер мен аудармалар. – Алматы: МӨР, 1994. – 405 бет.
2. Ауэзов М. Путь Абая. Роман. Т.1. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – 608 с.

Автор статьи:

Бельгибаева Амина Бакытовна – студентка 4 курса специальности «Искусствоведение», Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ БІЛІМ ИДЕЯСЫ

Аннотация

Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың өзі өмір сүрген замандағы шығармашылығы мен тұлғалық болмысы туралы толғанылады. Сондай-ақ, оның ағартушылық бағыттағы білімнің құндылығын бағалу туралы ойлары талданады. Ақынның адал еңбек ету идеясы сол дәуірдегі халқына қарата айтылғандығы туралы ойлары философиялық тұрғыдан сараланады.

Түйінді сөздер: Абай, Абайдың өз заманы, сыншылдық, еңбек ету, білім.

Қазақ қоғамында дарынды ойшыл тұлғалар аз болмаған. Дегенмен, олардың кейбірі өз заманынан оқ бойы озық тұрған еді. Сонымен қатар, олар халқының прогреске ұмтылуы үшін айтарлықтай еңбек сіңірді.

Соның бірі – XIX ғасырда қазақ даласында өмір сүрген – Абай. Абай өз заманының ойшылы және бүгінгі күнге дейін идеялары өзінің құндылығын жоймаған айтулы тұлға. Абай өмір сүрген дәуір әрине, қазақтардың орыс патшасына тәуелді болған кезі және феодализм кезеңі еді. Қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысатын. Сондықтан да оның шаруашылық туралы идеялары мал-мүлікке қатысты болып келуі де заңды. Ә. Нысанбаев бұл ахуалды былайша сипаттап берген болатын: «Абай жасөспірім шағынан бастап, өз дәуірінің бел ортасында болды, заманның әлеуметтік тұрмыстық жағдайы оның әлеуметтік-саяси көзқарастарында, көркем шығармашылығында және нақты іс-әрекетінде айқын әрі дәл көрінді. Абай өзінің көрнекті рухани мүмкіншілігін ерте сезінді және биік міндетіне қатысты қателеспеді» [1, 177 б.].

Абай – қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы. Оның туындыларының көпшілігі осы сол өзі өмір сүрген қоғамды сынауға арналады. Қоғамның кемшілігін көре білу де өнер. Оны орнықты және әділетті сынау белсенділік, ал кемшіліктерді жоюға үндеу және халықты тарихи прогреске жетелеу тек ойшылдық қана емес, қайраткерлік болып табылады. Абайда осы сапалардың барлығы да бар еді. Ол байды, кедейді, болысты жеке бөліп алып сынамайды, тұтас қазақ халқындағы олқылықтар мен надандықты сынайды. Ол өз халқын жек көрген емес, сынау арқылы өз қателіктерін түзетуді қалайды: «Қайран елім, қазағым қайран жұртым», -деп толғаған болатын.

Абай дарынды тұлға, бірақ өз заманына сәйкес. Дегенмен, оған жас шағында ғылымға бет бұруға бағыт-бағдар беріп, бала кезінен бастап, ілім-білімге баулып, Ресейге немесе шет елдерге оқуға жіберіп, білімін әрі қарай жетілдіретін болса, есейген шағынды білікті ғалым болар еді деп үлгілеуімізге болады. Өйткені, біріншіден Абайда ғылыми ойлауға, шығармашылық ойлауға деген бейімділік бар, тумысынан талантты.

Екіншіден, ол барынша дәулетті отбасынан шыққандықтан, алыс сапарларға шығып, өзге мемлекеттерде білім алуға материалдық жағдайы да жеткілікті болатын.

Үшіншіден, Абайдың академиялық білім алуына қоршаған ортасы да игі ықпал ете қойған жоқ. Өйткені, ол заманда ондай білімқұмар орта жоқ еді. Бұқара, Самарқанд сынды қалалардағы діни біліммен шектелетін медреселер еді. Оның білімді құндылық ретінде бағалады: «Баламды медресеге біл деп бердім, Шен алсын, атақ алсын деп бермедім», -деп толғануының өзі осы.

Мәселен, Ш. Уәлиханов академиялық білімге қадам басса, Абай шығыстың, қазақтың, орыстың ақындары мен жазушыларының еңбектерімен таныс болды. Осыған байланысты қазақтанушы Ж. Молдабеков оның жалпы дүниетанымның әмбебаптығын былайша сипаттайды: «Жүрек үнінде, парасатты сөзінде, сүйіспеншілік үмітінде;

қарсыласынан асып түсетін білімдарлық, сезімталдық, еріктілік икемділігінде; қазақты қор қылатын кеселдерден сақтандыратын талап, махаббат, ұғым сияқты рухтың ең мықты қайнар көзінде, қуат аймағында; тұтастық пен тыныштықты туралайтын, татулықты тәрбиелейтін тоқтамында; шығыс пен батыс мәдениетін үйлестіретін шеберлігінде» [2, 142 б.].

Абай негізінен жазба ақын, кейіннен, қара сөздерін тудырды. Оның қара сөздерінде философиялық толғаныстар бар. Абай аскеттік өмір кешкен жоқ, бірақ ересек өмірі көбіне толғанумен, жалғыз отырып ойланумен өтті. Ол бұқара халықтан сана-сезімі, дүниетанымы жағынан әлдеқайде биік тұрды, оларды игілікті, ілгерішіл жолға бастағысы келді. Абай сынды қатарлас, онымен кеңесетін, ақылдасатын, деңгейлес те адам болмады. Сондықтан да ол: «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма», -деп күйзелген болатын. Әрине, қазақ даласында онымен пікірталастыратын адам мүлде болмады деуге де болмайды. Оның Мәшһүр Жүсіп сияқты дана адамдармен рухани сұхбаттастық құрғаны да белгілі, сол дәуірдегі қазақ ақындармен, олардың шығармаларымен таныс болғандығы да айқын.

Абайдың шығармаларынан аса діншілдік, фанаттық, діни идеологиялық сарын байқалмайды, бірақ атеист те, дейст те емес. Дәстүрлі мұсылман дінін ұстанатын қазақ халқының ұлы. Оның көзқарасы бойынша, халық білім алуда тек діни ғана емес, академиялық біліммен де қарулану керек.

Абайдың білім арнасы мен білім құндылығын түйсінуі, негізінен алғанда, гуманитарлық бағытта өрбіді. Оның ілім-білімі философия, психология, әдебиет, поэзия, тарих т.б. қоғамдық ғылымдар арнасында құрылды.

Абай шығармашылығында қазақ қоғамына сынай қарайды, олардың білім, еңбек жағынан басқа көптеген өркениетті халықтармен салыстырғанда анағұрлым артта қалғанын байқайды. Ол өзіне «қазақтардың басқа дамыған, өркениетті, әлемдегі алдыңғы қатарлы халықтармен тең келу мүмкіндігі бар ма екен, олар өздерінің кемшіліктерінен, теріс қасиеттерінен құтыла алады ма?» деген сұрақтар қояды. Ол егер қазақ өз өмірін, өзінің әлемге, өзіне деген көзқарасын түбегейлі өзгертпесе, онда әлемдегі алдыңғы қатарлы халықтар қатарына қосылып кету қиын екенін айтады.

Абай қазақтардың санасын сынай келе, өзгеруге, дамуға, прогреске қарай жылжуға кедергі келтіретін қалыптасқан ескі әдеттерді ашады. Сондай әдеттердің ішінен Абай жалқаулықты, еріншектікті ерекше жек көре атады.

Жалқаулықты, еріншектікті Абай адам кемшіліктерінің ішіндегі ең қорқыныштысы ретінде көреді. Өз еңбегімен, белсенді іс-әрекетімен лайықты өмір құрып, өз қабілеттерін дамытып, басқа халықтар арасында беделге ие болудың орнына қазақтар жалқаулыққа, еріншектікке, жұмыссыздыққа, бос сөзге берілуді жөн көретінін айтады. Еріншектікпен сонымен қатар, жеңілтектік те, іске үстіртін қарым-қатынас та байланысты деп есептейді.

Абай қазақ қоғамында шынайы іспен, еңбекпен айналыспайтын жеңілтек, жалқау, бос сандалып жүретін адамдардың көп екендігін айтады. Олар шынайы жетістікке әкелетін іспен емес, басқа түкке жарамсыз, бос істермен айналысады.

Абай ондай адамдардың іс-әрекеттерін ашып, түсіндіруге тырысады. Философтың пікірінше, адамдардың ондай мағынасыз іс-әрекеттері ешқандай логикаға сай келмейді. Өкінішке орай, өз қабілеттерін жұмылдыра отырып, жетістікке өз еңбегімен қол жеткізгісі келетін, яғни, адал жолмен өмір сүріп, игілікке, шынайы адами істерге талпынатын адамдар, Абайдың айтуынша, бұл өмірде аз. Барлығы жетістікке, атаққа өмірдің адами қағидаларына қарама-қарсы келетін жолдармен жеткісі келеді. Абайды әрдайым қоғамды қалай дұрыстауға болады, қоғамдағы қайшылықтарды қалай жеңуге болады деген ойлар мазалайды.

Абай ондай жағдайдан шығу жолын білімде, еңбекте деп біледі. Адамдардың барлық кемшіліктері мен кеселдері жұмыссыздықпен, надандықпен, шынайы еңбектің жоқтығымен байланысты екеніне сенімді. Ойшылдың пікірінше, егер адамдар білімге,

ақылын дамытуға талпынса, онда олар жақсы мен жаманды айырып, еңбек етудің, бос мақтаншақтықтың және т.б. зиянын түсінер еді.

Оған қоса Абай еңбектің жоқтығы адамды бұзатынына сенеді, егер адамдар еңбек етсе, еңбектің арқасында адал өмір сүріп, өзін де, өз отбасын да асырауға болатынын білер еді. Олар еңбектенбегендіктен жағымпаздық, жарамсақтық, мадақтау және т.б. арқылы «онай, жеңіл жолмен» өмір сүруге тырысады. Қоғамда осындай адамдар болғандықтан, бұзылған, нашар қоғам пайда болады.

Еңбек нашар қоғамды өзгертіп, түзетуде жемісті әсер етеді. Абайдың айтуынша, егер адамдар еңбектің қадірін түсінсе, аянбай еңбек етсе, өмірдің бар игілігіне еңбек арқылы жетуге болатынын түсінер еді. Еңбек адамға еріншектік, жеңілтектік сияқты көптеген кемшіліктерден арылуға көмектесер еді, еңбектің арқасында басқа алдыңғы қатарлы халықтар тәрізді өмір сүретін еді.

Ақын бірқатар шығармаларында еңбекке немқұрайлы қараушылықтың, жалқаулықтың, еріншектіктің қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшыратып отырғанын, соның нәтижесінде әлеуметтік жүдеуліктің орын алып отырғанын сынайды, еңбек етуге шақырады. «Еңбек жоқ, қаракет жоқ, қазақ кедей, Тамақ андып қайтеді тентіремей...» – деп еңбексіздік пен қаракетсіздікті ашына шенейді. Өз тұсында кулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен мал тапсам деген әлеуметтік топтың қалыптасқанын сипаттай келе, ақын: «Кулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, Сұм нәпсің үйір болса тез тыйылмас... Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...» [3, 96 б.] – деп еңбексіз тапқан олжаның құтсыздығын ескертеді. Абай адал еңбекпен мал тап, еріншек болма деп үйретеді.

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса сыйламай тұра алмас ел. Қаруыңның басында қайрат қылмай, Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел...» [3, 85 б.], – дейді ақын. Жалқаулықтың әлеуметтік зияндылығымен қатар рухани жағынан да адамды аздыратынын данышпан Абай көре білді. Ол үшінші сөзінде: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» – деп, әлгі әлеуметтік тұлғаның басында кездесетін кертартпа, келеңсіз сипаттарын ашып көрсетті. Абай дәулетінің ішінде біраз мал бітсе байлығын еңбекпен молайта көбейтіп, әлеуметтік ахуалды жақсарту түсудің орнына арамтамақтық өмір кешетін топтардың бар екенін көре білді. Олар мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ: «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын...», – деген өткір жолдармен еңбексіздікті, талапсыздықты сынап, одан сақтандырды. «Кулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [3, 23 б.], – деп еңбекті құдайдан кейінгі екінші орынға қояды. Сонымен қатар Абай еңбектің әлеуметтік жағдайларына, сипатына және мазмұнына да ерекше мән берген. Еңбектің сипаты мен мазмұнын көрсеткенде Абай баянды еңбек – егін салушылық, білім алушылық деген қорытындыға келеді. Ол: «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған...» [3, 56 б.], – деп тұжырымдайды. Абайдың бұл ойынан оның көрегендігін байқаймыз. Ол бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып келген қазақтың қарапайым мамандығын сипаты мен мазмұны жағынан өзгертуді қалады. Осыған байланысты адамдардың әлеуметтік өміріндегі өнердің алатын орнына да лайықты бағасын берді. Оның да еңбекпен келетін ырыс екенін түсіндіре келіп, «алдау қоспай адал еңбегін сауған қол өнері – қазақтың әулиесі сол» деп адал еңбек етіп, қол өнерімен айналысқан кісіні өте жоғары бағалайды. Өйткені қолөнері қызметінің жемісі сол адамның өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, көпшіліктің кәдесіне жарайды, олардың бір-бірімен қатынас жасау факторына айналады, қоғамдық тілекті қанағаттандырады. Сонымен қатар қолөнерін игеру еңбек

мазмұнының әлеуметтік қырын да өзгертеді. Қолөнерінің осындай мәнін түсінген және өз халқының мінез-құлқын, еңбекке деген ықыласын, табиғатынан аз нәрсені қанағат ететін пиғылын терең білетін кемеңгер Абай құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады, олар бұл ісімді ол ісімнен арттырайын, түзден өнер іздеп, өнерімді асыра түсейін деп талпынбайды деп қауіптенеді. Ондай еңбектің кертартпалық сипатын көрсете отырып, оның талапсыздықтан туатын себебін де ашады. «Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр...», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...» деген өлеңдері мен он бесінші, он сегізінші, он тоғызыншы, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз тоғызыншы т. б. ғақлия сөздерінде әлеуметтік өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді.

Еңбек адамның жаратылысымен, қадір-қасиетімен тікелей байланысты. Енді соның мысалын, өмірдегі дәлелін Абай өлеңінен көреміз:

«Өз үйіңнен тояраға қолың қысқа,
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.
Бір жiлік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа» [3, 56 б.].

Кез келген нәрсенің іске асуы үшін белгілі бір жағдайлар қажет болатыны сияқты, еңбектің де жүзеге асуының шарттары бар. Ол шарттар – тәуекел мен талап. Абай:

«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек көтін жусаң да адам болмас,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас» [3, 35 б.],

– дейді. Тәуекел мен талап – іскерліктің, бизнестің шарты. Қазақ ұғымында байлықты құдай береді, адам бермейді. Бірақ бұл түсінікті қате ұғынып, حرکتке емес, әрекетсіздікке душар болған жандар да жоқ емес. «Байлықты жаратқан Құдай, кедейлікті де жаратқан Құдай. Бірақ сені бай қылған, кедей қылған Құдай емес» (Абай). Кейбір адамдар таным-түсінігінің таяздығынан өзінің кедейлігін Құдайдан көреді. «Жаман адам Құдайшыл» деген сол. Ал құдай саған еңбек етіп мал табуға, бай болып, бар болуға барлық жағдай жасап отырған жоқ па? «Он екі мүшең сау болса, жарлымын деме, көңілінде қайғы болмаса, зарлымын деме» деп үйретеді қазақ даналығының сарқылмас қазынасы мақал-мәтелдер. Осы қарапайым дүниетанымдық заңдылықтарды білмеген соң адам баласы байлықты Құдайдан сұрамай, өзі сияқты адамнан, пендеден сұрап басының қадірін кетіреді. «Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты халал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі? Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол» [3, 213 б.].

Бар өмірін еңбекпен өлшеген Абай атамыз тіпті сүйіспеншілік, ғашықтық, махаббат мәселесіне де осы тұрғыдан қарайды. Адам баласына тән бұл сезімнің өзі өкінішті екенін саралай келе: «Махаббат, достық қылуға, Кім де болса тең емес. Қазір дайын тұруға – бес күндік ғашық жөн емес... Сүйісу тозбай тұрмайды, Еңбекке аз күн татымас» [3, 36 б.], – дейді.

Еңбек – адамның күш қайраты мен ақыл-ойы, өтпелі емес, тұрақты, баянсыз емес, баянды нәрсеге жұмсалуды керек. Осы өлшеммен алғанда Абай қазақ мәдениетінде еңбектің түр-түсін саралап, елеп-екшеп «баянды еңбек» деген ұғым енгізеді.

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған .

Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған [3, 93 б.]

– деп «үкім» шығарады. Абайдың талғамына татыған, ақыл сыны мен ой сарабының темір тезінен өткен еңбектің екі-ақ түрі бар екен: ол – егін салу және жастайынан оқып білім алу. Ал жұрттың бәрі қызығатын, елдің бәрі ұмтылатын би болу мен болыстықты ақын жарамсыз деп тауып отыр. Жұрттың бәрі өңмендеп ұмтылып, бар малын шығындап, кейде ар-ұятын да салып жіберетін нәрсені Абай «өнер емес» деп түкке алғысыз қылып тастайды.

Қарапайым кәсіп (егін салу) білімді билік пен тақтан жоғары қояды. Ой көзімен қарасақ, елдің экономикалық хал ахуалы қазір екі нәрсеге – ауыл шаруашылығы мен жоғарғы инновацияларға негізделген жаңа технологияларға байланысты. Отыз елдің қатарына кіреміз деп ел алдында мақсат қойған Елбасының да арман – аңсары, ой мақсаты жастарды жаппай билікке емес, білімге жұмылдыру, кәсіби мамандарды даярлау, ауыл шаруашылығын көтеру. Әрине, ешкім депутат болма, әкім болма деп жатқан жоқ, киелі жердің бос болмайтыны бесенеден белгілі, бірақ жалпы ұлттық тұрғыда да ол – мақсат емес. Мақсат – шын ердің қатарына жататын баянды еңбекке бар күшінді сарп қылып, халқыңа пайдалы болу. Қазақ елінің айнымас темір қазығы, ұлт ұстазына айналған Абай тағылымы бізді осындай ойға жетелейді [4, 14 б.].

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамының ілгері жылжуы үшін оны сынап отыра, еңбектену, оның ішінде адал еңбек ету және білім алу туралы толғанып өткен Абай ақын өз заманында ірі тұлға ғана емес, оның идеялары бүгінгі күні де маңызды және өзекті деп айта аламыз. Оның идеяларын қайта жаңғыртып, ұрпақтарды тәрбелеуде қолдану игілікті жайт. Н. Тілегенұлы осы мақсаттағы атқарылып жатқан істер туралы былайша сипаттап береді: «Біз Абайды мәніне жете ұлықтауымыз қажет. Қазір заман өзгерді, дүниетаным өзгерді. Хакімнің «Толық адам ілімі» деген рухани мұрасы бар. Толық адам ілімін меңгерген жан өзін-өзі рухани тазалайды. Қазір осы ілім еліміздегі сегіз жоғары оқу орындарында оқытылады. Жақында осы құнды мұра жайында монографияны жазып бітірдім. Енді алдымызда қазақ жастарын Абайдың «Толық адам ілімімен» тазарту жұмысы қойылып отыр. Бұл батыс пен шығыста жоқ ілім. Бізге Абай арқылы ғана жетіп отыр» [5, 4 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нысанбаев Ә. Абайдың онтологиясы // Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы / Оқу құралы. – Алматы: ФЖСИ, 2011. – 256 б.
- 2 Молдабеков Ж. Қазақтану және жанару философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.
- 3 Құнанбаев Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2012. – 512 б.
- 4 Жәлелұлы О. Қазақ мәдениетіндегі еңбек феномені // Абай. – 2011. – №1. – 84 б.
- 5 Тілегенұлы Н. Абай тағылымы // Білімді Ел. – 2019. – №32. – 27 август. – 4 б.

Мақала авторы:

Досжан Райхан Қазыбековна – философия ғылымдарының PhD докторы, доцент, өнер факультетінің деканы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Аннотация

Біз тарихи деректерді саралай отырып, Абайдың рухани тұлғасын ашуға, түсінуге тырысуымыз керек. Ұлы тұлғаның әр шығармасы арқылы жанымызға рухани азық алатынымыз сөзсіз. Жас ұрпақ бойына адамдықты қалыптастыруда Абайдың алар орны ерекше екендігін ұрпақ санасына жеткізу.

Түйінді сөздер: Абай, рухани қазына, шығарма, жас ұрпақ, сана-сезім.

«Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді. Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың дәнін сеуіп қызмет етеді» [1].

Абай – ұлы ғұлама ақын, ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып отыр. Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі. Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзің талдап тазаруға итермелейді.

Абай – құбылыс, ғасырларда біртуар ғұлама. Туысы бөлек, бесігі өлең, өсуі еркін. Сондықтан да оның түрлі айтыстар мен даулардағы, мәжілістер мен кеңестегі айтқан пікірлері – дара өнеге, нақыл. Ойланып жазғандары өлең өнер болған. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Құдай берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ. Нағыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты. Өзінің шығармашылығында ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз әшкерелеп, халықты өнер-білімге шақырады. Абай өлеңдерінде халықты азғындаудан сақтандырады, жаман әдеттен жиренуге, адамгершілікке шақырады, өз шығармалары арқылы моральдық-этикалық нормаларды орнықтыруды көздейді. Сөйтіп Абай елдің ақылшысы, қамқоршысына айналады. Ал елдің озбырлары болса, оған бөгет жасауға ұмтылып, аяғынан шала берді. Осыған налыған Абай былай деп ой тербейді:

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,

Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

(«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», 1898 ж.)

Абай өлеңді он екі жасынан бастап шығарған. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерін сақтаған, оның өмір тарихын баяндайтын замандастары жазған мемуарлар да, хаттар да, жазбалар да, өкінішке орай, бізге жеткен жоқ. Абайдың жас кезіндегі өлеңдері досы Көкбайдың атынан жарияланады. Тек 1886 жылы, қырық жастан асқан соң, «Жаз» деген атақты өлеңі шыққаннан кейін ғана, шығармаларына өз атын қосады. Абай бар болғаны 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 мақала жазған кісі екен. (Мақала деп шартты

түрде айтып тұрғанымыз – «Қазақтың шығу тегі туралы»). Абай өлеңдеріне жас ұрпақты үнілдірудің, Абай ойларын жеткіншектеріміздің бойына сіңірудің тура жолын іздестіруіміз керек. Абай өлеңді ермек үшін жазған жоқ, кейінгіге өнеге-білім бермек үшін жазды.

Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. Абай – халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын жол деп түсінді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек»,

– деп ақылды терендетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді. Абай ғылымның әлеуметтік рөлін терең талдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгіндіреді. Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рақымшылық, мейірбандық қасиеттерінің артықшылығын қолдайды. Бұдан, Абайдың топшылауынша, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рақымшылдығына, мейірбандығына, әділдігіне байланысты. Ғылымды оны бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады [2].

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары турасында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатын – Абайдың өз басының адамгершілігі. Оның кіршіксіз, таза, ақ жүрегінен тебірене туындаған жырларынан адам жанына әл, қуат беретін, жанға жайлы, ыстық леп ескендей. Бар асылын, ойын замана жастарына, келер ұрпаққа да арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Абай өз шығармаларында рухани жұтаңдықты, білімсіздікті, көкірек көзінің көрлігін, надандықты, имансыздықты, тоғышарлықты, енжарлықты, жалқаулықты, сөзуарлықты, екіжүзділікті, күншілдікті, мақтанқұмарлықты, мақтансүйгіштікті, дүниеқоңыздықты, мансапқорлықты, көрсеқызарлықты, менмендікті, мақтаншақтықты, еңбексіздікті, әділетсіздікті, сатқындықты қай замандарда болмасын адам бойында болатын моральдық-этикалық қасиеттерді сөз ете отырып, адам баласының бойындағы қасиеттерін жақсартуға, жетілдіруге, толықтыруға, жаман қасиеттері болса солармен күресуге, оларды ауыздықтауға талаптануы керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойына адамзат баласының ақыл – ойында ұшталып келе жатқан діни-пәлсафалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы – толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды [3, 14 б.].

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл бөлсеңіз...»,

– деген тұжырым ұсынады. Абай қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдер қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де кедергі болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Ақын сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі – өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақ тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты әшкерелеп, жұршылықты олардан сақтандырмақ болды. Қазақ қауымының болашағы жастардың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру туралы даналық ой қозғайды. Адам болам десең, байлықпен озбай ақыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Қазақ қоғамында жан-жақты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеуметтік өмірдегі қызметіне айрықша мән береді.

Абай шығармаларының басты тақырыптарының бірі – адал еңбек. Ол еңбекті, еңбек адамын ерекше жоғары бағалап, ардақтайды. Өзінің нақыл сөзінде: «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық, сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық», – десе, адал еңбекті өзінің құлқыны үшін етпеу керек, адамшылық қарызы үшін ету керек деп білген. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, халықтың сүйген ұлы боласың», – дейді ұлы гуманист [3, 16 б.].

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әртүрлі кесапаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат пен бек көп нәрсе... бұл қуаттың ішінде артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты». Ақын: «... ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» – деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады. Қазақ қоғамы, оның болмысы, келешегі туралы соншама толғанған; ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған; елі үшін күйіп-піскен, азапқа түсіп, қасірет шеккен, қазақтың кемшілігін жанға батырып бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан кісі болған жоқ. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», дегенді Абай жасы жетіп қартайғандығынан айтқан жоқ, Абайды жасына жетпей қартайтқан – қазақ, оның қылығы. Заман өзгерер, қоғам өзгерер, адам өзгерер, бәрібір қазақ түбінде Абайға жүгінеді, оның өсиетіне, аталы сөзіне тоқтайды.

Кемелге келмей, ақыл тоқтатпай Абайды ұғыну мүмкін емес. Абайды оқыған сайын, көкейіңе тоқыған сайын қазақтың табиғатын аша түсесің, ой түбіне тереңдей түсесің, ел-жұртыңның тағдыры, келешегі туралы ойлана, толғана түсесің. Абай мұралары жыл мезгіліне қарай, кісінің көңіл-күйіне, жасына қарай әр кезде әр түрлі әсер етеді, өзгеше ой салады. Сол кезде Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзі еріксіз есіңе түседі.

Шынында да, Абай – жұмбақ адам. Оның ойлары гауһардай түрленіп, әр қырынан әрқалай сәуле шашады. Көп ойларын тылсымдап кеткенге ұқсайды. Заман асқан сайын, уақыт өткен сайын тылсымның кілті табылып, Абай халқына бүгінгіден де ашыла, бүгінгіден де жақындай түсетін болады. Қазақ дертінен айығу үшін, көкейіндегісін табу үшін Абайға жүгінуі керек. Абайға үңілген сайын бірде табынасың, бірде қамығасың, әрқалай ахуал кешесің. Заманына, дәуіріне қарай, қоғамның ауанына қарай үнемі Абаймен сырласып отыруымыз керек.

Абай өз халқын өркендеген елдің, пәтуалы елдің қатарынан көргісі келді. Алдағыны айнытпай болжады. Абай – анық ұлттық, халықтық ақын, ғұлама ойшыл. Сол кездегі қазақ ауылының қоғамдық қалпын айна-қатесіз таныды. Оның диагнозын дәл қойып, айығудың да амалын дәл тапты. Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Күлембайға», «Көжекбайға», т.б.) надандық, даукестік, паракорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани жүдеулігі өлтіре сыналады. Отбасына, ата-анаға, жас

ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет осы Абай шығармаларынан көрінеді. Қазақ әйелін, ананы – отбасының тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көңілмен берілген достыққа беріктігін, адал жанының тұтастығын мадақтайды.

Поэзияда, музыкада, даналықта, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай – қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеймін деген ұрпаққа таңғажайып тұлға. Ол – өз халқының тарихындағы тауға шыққан биік шынар, тамырын тереңге жайған алып Бәйтерек. Біз сол биік Бәйтеректі саялай да білуіміз керек, бағымызға туған Абайдай ғұламаның байтақ мұрасын аялай да білуіміз керек. Құранның сөзіндей болған ойларын бағалай да білуіміз керек [4].

Абай енжарлық пен жалқаулықты қатты түйреумен бірге өзіне дейінгі дидактикалық уағыз поэзиясының канондарын бұзды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» атты өлеңдері – осы айтып отырғанымыздың айқын дәлелі. Абай адам алдындағы парызына дақ түсірмей, ақиқатқа жан-тәнімен қызмет етіп өтті. Саналы ғұмырын, күш-қуатын санаткерлікке жұмсады, бірақ заманы ақынның жан егілткен әндерін сүйсіне тыңдағанымен, тамылжыта салғанымен, мұңлы өлеңдерінің, аталы сөздерінің ой қатпарларына тереңдей алмады, жанына дарыта алмады, сөйтіп, ақынның өз халқына айтқан ақыл-өсиеті жаһан далада адасып қалды. Абай өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім – сырын, ұлттық мінез – құлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрнекті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнермен үлгі – өнеге жайған классик ақын [5].

Абай әлемі шексіз. Абай заман ағымын қатты сезінді. Ілгеріні болжады. Соған ыңғайлап қазақ халқын тәрбиеледі. Сөйтіп, ұлтының ұстазына айналды. Абайдың кез келген сөзі өнеге, әр сөзі өсиет. Сөз қадірін Абайша түсініп, Абайша сезіну үшін үлкен жүрек, терең ой, кемел ақыл, ыстық сезім керек еді.

Абайдың өзі өлгенмен сөзі өлген жоқ. «Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп кемеңгердің өзі айтқандай, Абай – артына өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасай беретін кемеңгер тұлға.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жапарқұлова Н., Атанбаева Г. Абайды тану – қазақты тану // Интернет ресурс: <http://kazgazeta.kz> (Күні 17.10.2019, уақыты: 14:00).
2. Кабдыкалиқызы Ж. Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт – бағдары. // Интернет ресурс: <https://martebe.kz/abaj-murasynyn-tarbielik-manitagylymdukh-bagyut-bagdary/> (Күні 17.10.2019, уақыты 15:20).
3. Нұрбекова Ә., Баймахан А. Рухани жаңғырудағы Абайдың даналығы / Интернет ресурс: <http://adilet-gazeti.kz> (Күні 10.10.2019, уақыты 17:45).
4. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? / Интернет ресурс: <https://abai.kz/post/1192> (Күні 19.10.2019, уақыты: 15.48).
5. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз. // Аңыз адам. – 2018. – №11(191) – 1-35 бб.

Мақала авторы:

Жумакулова Мергул Канатовна – Қазақ ұлттық хореография академиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

ДОМБРОВЫЕ КЮИ-ШЕРТПЕ АБАЯ В МУЗЫКАЛЬНОМ НАСЛЕДИИ

Аннотация

Цель данной статьи – постановка вопроса о кюях Абая Кунанбаева в контексте музыкального абаеведения. Впервые в музыкознании дается развернутая характеристика сложившейся ситуации с четырьмя музыкальными образцами, повсеместно именуемыми «кюями Абая». Автор статьи обобщает имеющиеся на данный момент материалы (публикации в СМИ, нотировки кюев Абая, упоминания их в специальной литературе). Статья носит проблемный характер и посвящена еще не изученной сфере инструментального наследия великого Абая.

***Ключевые слова:** музыкальное абаеведение, кюй-шертпе, домбровая музыка, авторство.*

*«Пока не знаешь – молчи.
Пока блуждаешь – молчи».
Абай Кунанбаев*

Нет на земле казаха, который бы не слышал песен Абая. И, наверное, нет в Казахстане музыковеда, который в какой-либо мере не соприкоснулся бы в своих работах с песенным наследием нашего великого энциклопедиста-универсала и талантливейшего композитора. По справедливому замечанию А. Сабыровой, «творчество Абая всегда было в центре внимания казахского этномузыковедения» [1, с.100]. Начиная с публикаций А.Бимбоэса и А. Затаевича, абаевская песня прочно поселилась на страницах трудов, посвященных истории казахской музыки. Работу упомянутых собирателей музыкального фольклора продолжили и углубили А. Жубанов, Л. Хамиди, Б. Ерзакович, Е. Брусиловский, Г. Чумбалова, Б. Гизатов, Г. Бисенова, М. Ахметова, В. Дернова, Т. Егинбаева, А. Сабырова.

Песни Абая нотированы во многих версиях и исполнительских вариантах, всесторонне изучены, классифицированы. Они уже не нуждаются в специальной пропаганде, поскольку повсеместно исполняются в самых разных стилистических интерпретациях, анализируются в учебниках колледжного курса по казахской музыкальной литературе и вузовских учебниках по истории казахской музыки, постоянно становятся объектом интереса и исследований зрелых и начинающих музыковедов. Мелодии песен Абая звучат в камерно-инструментальных, симфонических, камерно-вокальных, хоровых, оперных произведениях композиторов-академистов. Причем к абаевским музыкальным цитатам композиторы продолжают обращаться и в настоящее время. Достаточно упомянуть, к примеру, хоровую сюиту «Абай» (2013 г.) современного английского композитора Карла Дженкинса. Кроме того, песни Абая включены в вузовский курс этносольфеджио для студентов факультетов традиционного пения. Словом, песенное наследие Абая в современном музыкально-образовательном процессе, науке, а также массовой культуре представлено широко и разнообразно.

Что же касается кюев Абая, то с ними дело обстоит совсем иначе. В настоящее время известно лишь несколько образцов инструментального творчества Абая. При этом о разносторонней одаренности Абая говорят и пишут многие. Как отмечает Т. Егинбаева, Абаю был присущ «энциклопедический универсализм, который был порожден многими факторами, среди которых богатая духовная аура, высокая развитость в этот период народно-поэтического и музыкального фольклора и черта характера Абая, стремившегося к постоянному совершенствованию» [2, с.33].

Абай Кунанбаев. Философ, поэт, переводчик, просветитель, композитор. Нужно заметить, что универсальность есть имманентное свойство носителей казахского народного музыкально-поэтического искусства. Крылатое выражение «сегіз қырлы – бір сырлы» – «восемь граней мастерства и единая монолитная целостность» – неслучайно стало в казахской степи расхожей характеристикой человека искусства. Вспомним, к примеру, Таттимбета, вошедшего в историю казахской музыки как композитор-классик традиции домбрового шертпе. Наряду с этой, наиболее яркой сферой деятельности Таттимбет был и талантливым певцом, и автором песен, и бием, и оратором-острословом, и целителем-лекарем. Вспомним «отца кюев» Курмангазы, который тоже сочинял песни. Вспомним Махамбета – полководца, поэта-трибуна, жырши и кюйши. Ряд талантливейших музыкантов-универсалов «золотого века» казахской музыки – века девятнадцатого – можно продолжить. И Абай в этом ряду не исключение. Правда, кюи его стали «широко известны в узких кругах» только в последней четверти двадцатого века, а рядовому слушателю они и вовсе неведомы.

По мнению старшего научного сотрудника института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова А. Казтугановой, одной из возможных причин слабого распространения кюев Абая стал тот факт, что они еще не попали в профессиональное поле зрения музыковедов. И действительно, анализ степени изученности вопроса показывает наличие лишь отдельных упоминаний инструментальных произведений Абая в специальной литературе. С исследовательской же точки зрения к кюям Абая обращались лишь сами исполнители-домбристы. Свидетельством тому статьи в журналах, интервью, комментарии к расшифровкам в новых нотных сборниках. Любопытно, что это сплошь казахоязычный контент, а на русском языке (до сих пор, между прочим, остающемся ведущим языком казахстанского музыковедения) никаких специальных работ по кюям Абая, в принципе, нет. В связи с этим позволим себе обширную цитату, так как это, пожалуй, самое раннее развернутое упоминание о кюях Абая в музыковедческой литературе.

В своей вступительной статье «Вклад Абая в казахскую музыку» из сборника «Айттым сәлем, қаламқас» (1985), позже включенной и в сборник «Песни и кюи Абая» (2012), аксакал казахского этномузыкознания Б. Ерзакович пишет: «Между тем, собирая песни Абая, музыковеды и композиторы как-то упускали из виду, что в его творчестве должны быть и домбровые кюи. Известно, что Абай хорошо владел домброй, аккомпанируя себе при сочинении и пении в семейной обстановке, очевидно, проводил немало часов, перебирая струны домбры, когда работал над стихами. Большой благодарности заслуживает старейший деятель казахстанской печати, журналист Гайса Сармурзин (рожд. 1904 г.), который по телевидению в июне 1984 года вместе с ведущим передачи, домбристом и музыковедом Уали Бекеновым и внучкой Абая Макен Мухамеджановой, исполнившей несколько песен своего великого деда, впервые познакомил общественность с двумя кюями Абая – «Торы жорға» (кличка коня каурой масти) и «Май түні» («Майская ночь»); публикуются в настоящем издании. На наш взгляд, музыка их близка оригинальному стилю песен Абая. Однако убедительные выводы о принадлежности этих кюев Абаю могут быть сделаны только после записей возможно большего числа кюев, бытующих в народе как кюи Абая, и сравнительного музыковедческого анализа их мелодий и мелодий его песен. О том, что кюи Абая имеются и ныне в репертуаре некоторых домбристов-любителей, свидетельствует и такой факт. Во время экспедиционной поездки в 1977 году по Восточно-Казахстанской области музыковед Кайролла Жузбасов записал в селе Катон-Карагай от пенсионера Хамзы Демчинова кюй «Абай желдірмесі» («Желдирме Абая»). Мелодия этого кюя, также включенного в нашу книгу, несомненно, близка стилю Абая. Таким образом, перед музыковедами Казахстана стоит большая задача по сбору, изучению и пропаганде инструментального творчества Абая Кунанбаева,

что важно для раскрытия новой грани в музыкальном наследии великого поэта» [3, с. 36-37].

В настоящий момент известно уже четыре кюя Абая, и три из них постепенно вводятся в домбровский репертуар. Кюи «Май түні» и «Торы жорға» звучат не только с концертной эстрады в оригинальном сольном варианте, но и исполняются школьными и студенческими ансамблями и оркестрами в переложениях. Кюй «Торы жорға» сопровождается историей создания, которая (как и сам кюй) сообщена Гайсой Сармурзиным. «В ауле Абая жил зять Гайсы – табунщик Оспан, который в качестве ездового сопровождал иногда Абая в его разъездах Оспан хорошо играл на домбре и, бывая в семейном кругу Абая, слушал в его исполнении песни и кюи, среди которых запомнил кюй «Торы жорға». А поводом для сочинения этого кюя было следующее. Один из богатых почитателей Абая, некий Даке, в знак уважения прислал ему в подарок коня. Любуясь красотой и беговыми качествами иноходца, Абай дал ему кличку «Торы жорға». Этот эпизод описан в романе М.О. Ауэзова «Путь Абая» (См.: Собрание сочинений М.О. Ауэзова, т.7, с 185)» [3, с.36-37].



Рис.1. кюй – «Торы жорға»

Кюй «Май түні» был усвоен Гайсой Сармурзиным с исполнения внука Абая, сына Акылбая – Исраила. Когда-то Исраил перенял этот кюй от самого Абая. По свидетельству Исраила, Абай создал этот кюй во время пребывания на жайляу, под впечатлением от красоты ночного пейзажа.



Рис.2. кюй – «Май түні»

Последним в исполнительскую практику был введен кюй «Майдақоңыр».



Рис.3. кюй – «Майдақоңыр»

Об истории появления в репертуаре современных домбристов этого кюя пишет молодой, но уже зарекомендовавший себя в профессиональных кругах домбрист-исследователь Р.Нуркенов [4]. По его словам, кюй «Майдақоңыр» был впервые сообщен в 1967 году талантливым шубартауским домбристом-любителем Жунисбаем Стамбаевым во время посещения его аула фольклорной экспедицией из Алматы. Аудиозапись этого исполнения хранится в фольклорном кабинете Казахской национальной консерватории им. Курмангазы. Жунисбай Стамбаев, дед по материнской линии и наставник известного кюйши и писателя Таласбека Асемкулова (1955-2014), жил в Аягузском районе в Восточно-Казахстанской области. В его исполнительском багаже, насчитывавшем около трехсот кюев, были произведения Кетбуки, Байжигита, Таттимбета, а также множество народных анонимных кюев. По словам Р. Нуркенова, о кюе Абая «Майдақоңыр» нет точной информации. Возможно, предполагает исследователь, домбристы Аягоза и Шубартау, соседствуя с кюйши Шынғыстау, общались и обменивались своими произведениями. Таким образом, этот кюй Абая мог попасть в репертуар Жунисбая. Открыл этот кюй, обнаружил и возродил, а также начал пропагандировать его талантливый кюйши и исследователь Мурат Абугазы. Именно в его исполнении кюи Абая вошли в аудио-сборник «Қазақтың 1000 күйі». В нотировке Мурата Абугазы кюй «Майдақоңыр» был впервые опубликован в сборнике «Шығыстың шыңырау күйлері» (2010). Два кюя Абая – «Торы жорға», «Май түні» – как образцы региональной традиции кюя-шертпе Шыңғыстау,

зафиксированы в обновленной нотации в сборнике «Шыңғыстау өңірінің шертпелері», вышедшем в 2016 году.

Предваряя публикацию своей расшифровки кюя «Май түні» в сборнике «Қазақтың домбыра өнері», М. Абугазы пишет: «Абайдың күйлері жөнінде белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов алғаш зерттеп жазған болатын. Абайдың композиторлық қыры оның тамаша әндер туындатып, олардың қазақ музыка өнерінің інжу-маржандарының қатарында тұрғандығын ескерсек, ақынның күй шығаруы да кездейсоқ құбылыс емес. Абайдың домбыра шерткендігі бізге белгілі, үш ішекті домбырасы ақын мұражайында сақталған. Абай күй өнерінің соңына түсіп құмаса да өзіндік стиль, өзіндік мәнермен азғана туындылар шығарғанға ұқсайды. Абай күйлерінің әндерімен өзара үндестігі анық байқалады. Абайдың «Май түні», «Майда қоныр», «Торы жорға», «Абай желдірмесі» күйлері белгілі» [5, с.89].

Самым же загадочным и в настоящее время никем не исполняемым инструментальным произведением Абая представляется кюя «Абай желдірмесі».



Рис.3. кюя – «Абай желдірмесі».

Его синтетический жанр «ән-күй» («песенный кюя») – особая тема в этномузыкознании, наряду с жанром «жыр-күй» («эпический кюя»). Записанный, как явствует из вышеуказанной статьи Б.Ерзаковича, в 1977 году Кайроллой Жузбасовым от Хамзы Демчинова, «Абайдың желдірмесі» пока что остается своеобразной «вещью в себе». Рустем Нуркенов пишет: «Абайдың желдірмесі» атты үшінші күйдің тек аты ғана белгілі. Нақты дерек пен жеткізуші туралы мәлімет кездеспейді. Тіпті, күйдің өзі осы заманға жетті деп нақты сеніммен айта алмаймыз» [4]. Тогда как в статье из Википедии со ссылкой на энциклопедию «Абай» мы читаем: «Желдірме» – Абайдың домбыраға арналған ән-күйі. Бүгінде жалпы қазақтың күйшілік дәстүрінде «ән-күй» және «жыр-күй» деген 2 жанрдың көне дәуірден бастау алып келе жатқаны анықталып отыр. «Жыр-күй» Қарақалпақ өңірін мекендеген қазақ жұртына тән болса, «ән-күй» Арқада, ШығысҚазақстан жері мен Таулы Алтай аймағында, Моңғолия қазақтарының арасында кеңінен тараған. Абайдың «Желдірмесі» – осындай ұлттық дәстүр негізінде туған шығарма. Бұл күй ән жанрымен, ұлттық мелодиялық сазымен, синкретті түрімен, әуендік ырғақ желісімен ерекшеленеді. 4; 6; 4, 3, 5, 6, 5; 4; 4, 3, 4, 6, 3, 4, 4; 4; 4; 4, 4, 4,

4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4 болып келетін аралас өлшем ырғақ ұялары ән-өлең өрнегімен сабақтасып жатады. Күйді 1977 ж. музыкалық зерттеушісі Қ. Түсіпұлы Жүзбасов Шығыс-Қазақстан облысының Қатонқарағай аулында тұратын Демшінов Хамзадан таспаға жазып, нотаға түсірген. Бұл күй алғаш рет Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас» деген ән-күй жинағына енгізілді»[6].

Таким образом, на сегодняшний день наблюдаются лишь единичные сведения о четырех кюях Абая, имеются их нотировки в нескольких вариантах, отмечается не очень активное исполнение трех из них домбристами – как профессионалами, так и любителями. Исследователи-күйши, внедряя домбровые произведения Абая в исполнительский репертуар, публикуя их расшифровки, комментируя эти кюи в статьях и интервью, говорят о необходимости их популяризации и пропаганды. Рустем Нуркенов в своей статье «Ақынның «Майдақоңыры» на сайте «Елорда Ақпарат» дает краткий аналитический этюд кюя «Майдақоңыр». Небезынтересным, в частности, представляется проведение параллелей и обнаружение сходства с формой кюев «Қосбасар» ярчайшего представителя другого регионального ответвления традиции шертпе (аркинской школы) – Таттимбета. Подводя итог сказанному, исследователь-күйши выражает надежду на то, что кюй Абая «Майдақоңыр» станет органичной частью современного домбрового репертуара [4].

Во вступительной статье сборника «Шыңғыстау өңірінің шертпелері» дается общая характеристика кюев Шыңғыстауского региона, и произведения Абая упоминаются именно в рамках этой локальной традиции. Авторы затрагивают вопросы стилистических взаимосвязей с другими региональными ответвлениями шертпе-кюя, делают акцент на феномене использования шыңғыстаускими күйши (в том числе самим Абаем, его сыном Акылбаем, внуком Исраилом, а также учеником и последователем Алмагамбетом) трехструнной домбры [7, с.5]. К слову, о трехструнной, т.н. «абаевской» домбре, рассуждают и пишут многие специалисты, в том числе А. Сейдимбек, Ю. Аравин, Р.Нуркенов и другие.

В статье музыковеда А. Казтугановой «Абайдың күйлері қалай жиналды?» предпринята попытка анализа кюев Абая. В частности, исследователь сравнивает ритмоинтонационную структуру его кюев и песен, обнаруживая явные признаки родственности этих жанров абаевского творчества друг другу [8].

Несмотря на то, что кюи Абая живут, исполняются, обсуждаются в СМИ, многие вопросы вокруг этой темы, в целом, остаются неразрешенными. И, наверное, самым животрепещущим и щекотливым из них предстает проблема авторства. Если исполнители, пропагандирующие кюи Абая, сомнений на этот счет вслух не высказывают, то музыковеды и культурологи прямо заявляют о том, что авторство Абая здесь остается неподтвержденным.

Вот как прокомментировала этот вопрос кандидат искусствоведения Алия Сабырова, видный исследователь музыкального наследия Абая: «Когда я была в экспедиции и работала в архивах, находились люди, которые говорили, что это не кюи Абая, что они просто приписываются Абаю. Если бы Абай сочинял кюи, то он бы, наверное, сочинил их побольше. Почему не нашли другие кюи? Такое мнение тоже существует. Кюи Шакарима тоже нашли, две штуки, нотировали. Но авторство не доказано. Точно так же, как, например, говорят, что есть три песни Жамбыла. Но от этого он не становится песенным композитором. Может быть, поэтому с исследователями и проблема. Во-первых, недостаточно представлен материал исследования. Точно так же, как например, сказать, что существуют кюи Абылай-хана, конечно, можно. Но стоит ли это изучать – другой вопрос» [9].

В этом же ключе пишет в своей статье «Как возвращаются кюи» для газеты «Экспресс-Казахстан» известный культуролог, вдова Таласбека Асемкулова Зира Наурызбаева: «... в записях есть... кюй Абая «Майдақоңыр» (правда, в последние годы

Талас, получая CD-диски из СУАР, считал этот кюй приписанным Абаю позже, фольклоризированным вариантом кюя одного восточно-туркестанского кюйши)» [10].

В вышеупомянутой статье А.Казтугановой тоже высказываются сомнения в авторстве Абая: «Осы ретте бірнеше сұрақ туындайды. Неге алғашқы жүргізілген іссапарда Абай күйлері кездеспеген, немесе қалайша Абай күйлері ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғана табыла бастады және неге санаулы ғана күйлері жетті? Мұндай сұрақтар табылған төрт күйдің өзіне күмәнданып қарауға итермелейді. Уақыт өткен сайын, «шынында да осы күйлерді Абай шығарды ма?» деген пікірлер де естіліп қалады» [8]. Тем не менее, в заключении статьи на основании небольшого анализа исследователь приходит к выводу об истинности авторства и необходимости внедрения кюев Абая в исполнительскую практику, учебный процесс и исследовательскую работу: «Сөзімізді түйіндей келгенде, Абай күйлерін орындаушылық, оқытушылық және зерттеушілік бағыттарда қолға алудың кезі жетті» [8].

В рамках данной статьи, носящей проблемный характер, впервые аккумулируются все обнаруженные на сегодняшний день более или менее интересные и развернутые сведения о музыкальном явлении под названием «кюи Абая». Их внимательное изучение и детальный анализ, возможно, найдут свое продолжение в последующих исследованиях, а также в профессиональной полемике. Окончательный же вердикт в этом неоднозначном и сложном вопросе, как всегда, вынесут время и история.

Список использованных источников:

1. Сабырова А. Талига Бекхожина и музыкальное абаеведение // Этнокультурные традиции в музыке: Матер. Междунар.конф., посв. памяти Т. Бекхожиной/ Сост.: А.И. Мухамбетова, Г.Н. Омарова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 326 с.
2. Егинбаева Т.Ж. Музыкальное наследие Абая // Лекции по истории казахской музыки. – Алматы, 2005. – 232 с.
3. Абайдың әндері мен күйлері – Песни и кюи Абая / Құраст. Н.Нүсіпбаев, А.Еркебай. – Алматы: Өлке, 2012. – 132 б.
4. Нуркенов Р. Ақынның «Майдақоңыры» / Интернет ресурс: <https://elorda.info/kk/news/view/8506-aqynnyn-majdaqonugy> (Дата обращения 10.08.2019, время 19:44).
5. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт, 2016. – 480 б.
6. Желдірме / Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Желдірме> (Дата обращения 10.08.2019, время 20:22).
7. Ибрагимов Т., Малаев С. Шыңғыстау өнірінің шертпелері: күйлер. – Алматы: Айғаным, 2016. – 96 б.
8. Қазтуғанова А. Абайдың күйлері қалай жиналды? / Интернет ресурс: <https://abai.kz/post/17789> (Дата обращения 23.09.2019, время 15:29).
9. Беседа с А. Сабыровой. – Алматы, 2019. – 14 октября.
10. Наурызбаева З. Как возвращаются кюи / Интернет ресурс: https://express-kz/news/kultura/kak_vozvrashchayutsya_kyui-73455?P (Дата обращения 15.09.2019, время 17:38).

Автор статьи:

Жуманова Рена Клышевна – член Союза писателей РК, музыковед, преподаватель музыкального колледжа им.Биржан-сал, Кокшетау, Казахстан.

АБАЙДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСЫ

Аннотация

Абайдың тарихи көзқарасын ашып көрсету мақсатында «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласы мен «Ескендір» поэмасы және бірнеше қара сөздері талқыланды.

Абайдың өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы патша өкіметінің Қазақ елін толық отарлап, бөлшекке бөліп, әлеуметтік жағынан шиеленіскен кезең болғандықтан, ол шығармаларының көпшілігін халықтың әлеуметтік жағдайына арнады.

***Түйінді сөздер:** қазақ халқының шығу тегі, түркі, татар, ислам діні, әлеуметтік жағдай.*

Ұлы Абай қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы болып табылады. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты және қазіргі заманмен үндесіп жатыр. Абай сегіз қырлы бір сырлы, жан –жақты дана ойшыл: ақын, жазушы, сыншы, әділ би, сазгер, әнші, тарихшы.

Абайдың шығармаларында бағалы тарихи деректер ұшырасып отырады. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» [1, 154 б.] деген еңбегінде кемеңгер ойшылдың туған халқының арғы – бергі тарихына ерекше назар аударғаны және бұл салада көп ізденгені анық көрініп тұр. Ол қолында бар және ауызша тараған мәліметтерге сүйене отырып, қазақ халқының шығу тегі, қазақтың арғы түбі монғол – түркі тектес халық екендігі жайлы былай дейді: «Есте жоқ ескі мезгілде маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазады. Асыл түбі қазақтың – сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін «біз татармыз» деп айтысады. « Біз – келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз» [1, 155 б.]. Абай «монғол» деп қазіргі алтай тілді деп аталатын монғол-түркі тектес халықтар жиынтығын, ал «татар» деп ескі түркі жұртын түсінетін сияқты. Ескі жазба әдебиеттерде түркі, татар атаулары балама болып, қатар жүрген.

Осы еңбегінде қазақ пен қырғыздың түркі тектес туысқан ұлыстар екені туралы: «Тағы еш қазақ, қазақ пен қырғыздың бір тұқымдас екеніне таласпайды. Сол қырғыздарды қытайлар «брут» деп атайды, өз тауарихиларында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім» [3, 350 б.].

Түркі жұртының этнографиялық ерекшеліктері мен ежелгі қоныс-мекеніне айта келе және оңтүстік – батысқа қарай қоныс аудару себептеріне де тоқталады. «Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса соны киіп, не табылса соны жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енесей, Анкара суының бас жағында болыпты. Солардан аңшылар жыл жүріп, екі жыл жүріп қайтатын әдеттері бар екен. Сол аңшылардың естіген, көрген хабарларымен, бұрын көрмеген жерге, болмаған мақтау айтатұғын әдетімен қысы аз, жазы көп дегенде әуелден өздері жер шаруасы қылмай, мал сақтаушы халық болған соң «мал сақтауға жақсы жерге барамыз» деп, бұл жаққа қарай неше мәртебе халқы шығыпты. Соның бірі біздің қазақ екен. Қай – қай жермен келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір «Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтапты». [3, 350 б.].

Ұйғыр елі, жері, мемлекеті жайлы айта келе, Абай олардың түп негізі монғол нәсілді халық екенін білдіреді: «Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халық орнығып, иеленген жері болып, одан әрі бара алмапты...Түбінде олар монғол нәсілді болса да, бұларға жай көрініпті» [3, 350 б.].

Ежелгі қазақтарға мұсылман діні қалай келгені жайлы айта келе, ислам діні бірден орнығып кетпей, көп уақыт шаман дінімен қатар жүрді, әлі де сақталып отырғаны туралы айтады: «Сол уақыттарда Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргенде, Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да: «Мұсылман болдық», – депті. Сөтсе де, бұрынан бақсы балгерлерге инанып, отқа, шыраққа табынатын әдеттермен, исламға тез түсініп кете алмапты» [3, 351 б.].

Абай Ислам дініне кіре алмай қалған Күншығыс Сібірде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдебиетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұрады, бұл әсіресе Енисей губерниясында кездеседі. Олар өздерін «Я сашный татар» деп атайды деп жазады. Олар кейін Бийскі, Кузнецкіге тараған, оларды қытайлар «бурут» деп атаған, ал қазақтар «біреут» дейді. Міне, осы екі ұғымның түбірі бір. Сөз жоқ бұлар қазіргі буряттар екені анық. Бұл жерде ұлы Абай дұрыс тұжырым жасаған сияқты, өйткені Шығыс Сібірде тұратын бурят, қақастағы басқа халықтардың түбі бір және оларға қазақ, қырғыздардың тікелей қатысы бар екені белгілі [3, 350 б.].

Ұлы Абай «қазақ» деген ұғымның қайдан шыққаны туралы былай дейді: «Ертеде арабтар көшпелі халықтарды «Хибай», «Хұзағы» деп атаған (тіпті орыстарда да хибар деген ұғым бар емес пе). «Хибай» дегені киіз шатырмен жүруші деген екен. «Хұзағы» дегені өз жұртында (арабияда) хұзағы деген көшпелі халық бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақыттың бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп «міне, мыналар шынымен қазақ екен» депті. Әдейі қайтқан қазға ұқсайды – ақ екен деп. Сонымен бұлар өзін өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті» [2, 351 б.] – деп жазады. Міне, қазақ халқының «қазақ» деп аталуының бір жобасы осы. Әрине, «қазақ» деген аттың (терминнің) қайдан және қалай шыққаны туралы пікірлер көп. Сол сияқты Абайдың «қазақ» деген ұғымға байланысты өз ойы, жобасы бар екендігі. Ұлы Абайдың қырғыз халқына да байланысты өз пікірі бар. Бұл туралы біз талдап отырған еңбегінде Абай былай деп жазады. «Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Олардың атты әскерінің алдымен жүретұғыны солар болып қырғыз атапты. «Өлтірт, жоғалт» яғни дұшпанды қырушы дегеннен қойылыпты» [1, 156 б.].

Міне, бұл Абайдың тек қазақ халқының ғана емес, басқа халықтардың да тарихына көңіл қойғанының айқын белгісі.

Абай әр рудың билері Шыңғыс ханды қай жерде, қалай ұлы хан деп сайлағаны туралы да айтқан. Тіпті бұл оқиға Қарауыл өзені бойында, Шыңғыс тауының басында (бұл қазақ жері) он екі рудан он екі кісі ақ киізге отырғызып, Шыңғысты хан көтергенін де айтқан. Ал, таудың Шыңғыс аталып, биігі хан аталу себебі де сол болса керек дейді. Тіпті Шыңғысты хан көтерген «...он екі кісінің бірі қазақтан Майқы би деген кісі екен «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мақал болған Майқы сол кісі екен» [1, 156 б.] – деген тұжырым жасайды. Кейін Шыңғысханның әскерінің көбі қазақтар болғаны және олардың көпшілігі Шыңғыстың Жошы деген ұлының қол астында болғаны туралы Абай да айтып кетеді. Шыңғыстың жорығына қатысқан қазақтардан қалған кейбір мақалдарды Абай сол кездегі оқиғалардың айғағы етеді. «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» деген сөздер Шыңғыс ханның жорықтарына байланысты айтылған сөздер деп жорамалдайды Абай. Тіпті қазақтардың Бұланай деп айтқаны Гималай таулары болуы тиіс деген жорамал да айтылған. Осыған байланысты қазақта мынадай да мақал бар екенін ескертеді: Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас». [1, 156 б.].

Абай қазақ халқының бір бөлігі Ташкент төңірегінде мекендегенін айтып кетеді. Бұлар Шыңғыстың Шағатай деген баласының қол астында болған дейді. Сөз жоқ, бұл қазақтың Ұлы Жүзге жататын тайпалары бар екені анық.

Орта Азияның тарихына байланысты жазған мағлұматтарын Абай қазақ хандығының шығуымен және қазақтың үш жүзінің қалыптасуымен байланыстырады.

Бұл туралы Абай: Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс (Жүніс) ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Ол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есен болыпты. Қазақ «үш жүздің баласы» дейтіні сол. Бұл – үш жүздің пайда болуы туралы Абайдың жорамалы. Әрине, қазақ тарихында үш жүздің шығуына байланысты көптеген аңыз жорамалдар бар. Ол туралы қазақ халқының тарихы хақында жазылған көп еңбектерде кездеседі. Ал Абай келтірген мәліметтер солардың бірі.

Қазақ халқының тарихында кездесетін «Алаш», Алаша хан туралы Абай мына мағлұматтарды келтіреді және мұны атақты Бабұр патшаның жазып кеткен «Бабұр нама» деп аталатын шығармасына сүйеніп жазған. Абай былай деп жазады: Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай «мынау бір алаша болды ғой» депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған». Бұл жерде Ұлы Абайдың «Бабырнаманы» оқып меңгергенін айту керек. «Сонан соң, - деп жалғастырады Абай, – хан (Алаша хан) бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алаша – алаша» деп ұран салындар деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен (алаш – алаш) деп кетіпті. Сондықтан «Алаш – алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп алаш ұраны қазақ атанған себебі сол екен» [1, 157 б.].

Абай қазақ тарихынан ғана емес, дүние жүзі халықтарының арғы – бергі тарихынан кеңінен хабардар болған. Әсіресе, ежелгі дүние тарихын, орта ғасыр тарихын жақсы білген. Ұлы Абайдың ертедегі грек оқымыстылары Сократ, Аристотель туралы жазғандары, сондай – ақ, шығыс ғұлама жазушылары мен ақындары Фзули, Шәмси, Сәйхали, Новои, Сағди, Фирдоуси, Хожа Хафиздің аттарын атауы және оларға сыйынып, мәдет бер маған деуі тегін емес.

Абай көне Грек тарихы мен ғылымы мен өнері жайлы мол мағлұмат жинаған. Ол жиырма жетінші сөзінде (Сократ хакімнің сөзі) Гомер, Сократ, Софокл, Зевксис сияқты грек ойшылдарын атын атап, олардың жеке қасиеттеріне тоқталады: «Бір күні Сократ хакім бір Аристоклин деген ғалым шәкіртіне құдай табарака уатағаллаға құлшылық қылмақ турасында айтқан сөзі. Ол өзі құлшылық қылғандарға күлуші еді.

- Ай, Аристоклин, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, білген өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты? – деді.

Ол айтты: – Толып жатыр, қасірет.

- Бірінің атын аташы, – дейді.

- Гомерге бейбітшіліктігі себепті, Софоклге трагедиясы, яғни біреудің сипатына түспектік Зевксиске суретшілігі себепті, таңырқаған – деп соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты».

Отыз жетінші сөзінде сөзінде: «Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дараға асқан, пайғабарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?» деген сұрақпен ірі тұлғаларды атаған.

Сократ ежелгі гректің философы. Ол – әңгімелесу, пікір алмасу арқылы ақиқатқа жетудің жолын ашып, диалектиканы негіздеген ойшыл.

Иоанна Жанна д' Арк француздың халық батыры, оны шіркеу «құдайдан безген деп» отқа өртеп жіберді. Ғайса – христиан дінінің негізін салушы, оны да крестке керіп өлтірді.

Біздің заманымыздан бұрын 356 – 323 жылдар шамасында өмір сүрген көне юнан жұртының (Македонияның) патшасы, ұлы қолбасшы, көп елдерді жаулаған Ескендірге арнаған поэмасынан Абайдың көне шығыс тарихын жақсы білгені айқын байқалады. «Ескендір» поэмасын Абай былай деп бастайды:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шахары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филипп өлді. Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды
Өз жұрты аз көрініп көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды.

Дастанда Ескендір мен Аристотельдің арасындағы жолдастықты да көрсетеді:
Жолдасы Аристотель ақылы мол,
Сол күнде Аристотель жеке – дара
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара;
Аристотель хакімге патша келді.

Аристотель (б.з.д. 384 – 322 жж.) – ежелгі гректің ғұламасы, Платонның шәкірті. Абайдың дерегі тарихи болған оқиғаға негізделген. Филипп патша Аристотельді өзінің 13 жасар баласы, жарты әлемнің болашақ әміршісі Ескендірге ұстаздыққа шақырады. Аристотель Ескендірді бірнеше жыл ғылым мен өнерге баулыды, оның алғашқы жорықтарына қатынасып, ақыл – кеңес берді.

Абайдың жас кезінде жазған әйгілі бір шумақ өлеңі оның орта ғасырларда ерекше дамып, гүлденген Шығыс поэзиясы тарихын жақсы білгендігін көрсетеді:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси
Хожа Хафиз – буһаммаси
Мәдәт бер я шағри фәрияд

Ұлы Абайдың қазақ тарихына байланысты еңбектерінде айтылған кейбір пікірлері, көзқарасы осындай болса, әлеуметтік көзқарасы әрине, оның өмір сүрген қоғамына, ортасына байланысты қалыптасты.

Әдіскер – ғалым Қ. Бітібаеваның «Жазушы XIX – ғасырдың екінші жартысындағы, яғни елу жыл ішіндегі бүкіл қазақ қоғамының ұлы картинасын жасаған. Ол арқылы қазақ даласындағы демократиялық, прогрессивтік, гуманистік ой ағымдарды, ескі мен жаңаның күресін, қазақ даласы үшін жаңа кезең басталар алдындағы, яғни ояну кезеңің шынайы тұрғыда көрсете білген» [4, 73 б.] – деген пікірінде терең мағына жатыр. Өйткені Ұлы Абай Алаш қайраткерлерінің рухани бұлағы бола білді.

Кемеңгерді «қайғы мен ыза қысып, тілінен зар шығарған заманның» сипаты мынандай еді. XIX ғасырдың жартысына дейінгі кезеңде Ресей империясы әскери отарлау күшімен Қазақ елін тәуелсіздіктен айырды. Қазақ даласында Хандық билікті жойып, Ресей империясы генерал – губернаторлықтың құрамына қосты. 1867 – 1868 жылдардағы жарғылар бойынша қазақ жерлері 3 аймаққа жіктеліп, әрқайсысы патшалықтың түрлі министрлігіне қаратылған. Орал мен Торғай ішкі істер министрлігіне, Семей, Ақмола өңірі Сыртқы істер мен Заң министрлігіне, ал Сырдария мен Түркістан облыстары Соғыс министрлігіне бағындырылды. Осылай халықты бөлшектеп бөліп, ішкі бірліктен айырды. Әр министрлік қазақ жерінде ойына келгенін істеді. Қазақ жерін үлкен 6 облысқа, олар уездерге, ал уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Облысты әскери губернатор (жандарал), уездерді ояз басқарды. Жаңа ережеге орай Семей облысына қарасты 85 болыс ашылған. Соның ішінде ең бір артта қалғандарында Абай 12 жыл болыс, 6 жылында би сайланған болатын [5, 60 б.].

Абай өз заманындағы әлеуметтік өмірдің ең бір күрделі, түйінді мәселелеріне жауап іздеп, жалпы ел тұрмысын терең зерттеді. Бұл ретте орыс ойшылдарының азаттық идеялары және орыстың классикалық көзқарастарындағы демократтық бағыттарымен де терең танысты. Абай қазақ елінің әлеуметтік өміріндегі алуан түрлі қайшылықтарды көрді.

Халық басына түскен зауалды – екі жақты қанауды әшкереледі. Осыған байланысты Абай байға да, кедейге де жай ғана ақыл, басу айтып, ымыраға шақырады. Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Күлембайға», «Көжекбайға» т.б. өлеңдерінде надандық, даужестік, паракорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп төстеушілердің рухани бишаралығы өлтіре сыналады. Өйткені, ата – анаға, жанұяға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет соншама айқындықпен, соншама моральдық тереңдікпен айтылады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» өлеңінде:

Бас басыңа би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқпа елдің сиқын?!

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,

– деп Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясатының салдарын өлеңмен қинала отырып жеткізеді.

Ақынның әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері көп, соның бәріне ортақ, негізгі идея – қалың бұқараның «көзін қойып, көңілін ашу», қараңғы қауымды еңбекке, білімге, имандылық пен адамгершілікке бастау, ізгілік рухына тәрбиелеу, замандастарын өркениетті ортаның прогресшіл мәдениетіне әкелу.

Абайдың саяси әлеуметтік мәні зор мұралары қазақ тарихында үлкен өнеге мен өмір мектебі болып табылады.

Отаршыл әкімшіліктің «бөліп ал да билей бер», дейтін аты шулы зымияндық саясатының салдарынан тарихи тығырыққа тірелген халқының мүшкіл халін көзбен көріп, саңылаусыз болашағын санамен ұғып, іштей қан жылаған ақын өз шығармаларында заманның қатал шындығын ашына суреттеді. «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...», «Байлар жүр баққан малын қорғалатып...» сияқты өлеңдерінде ақын отаршылдықтың ел үшін бүлдіргідей бүлдіріп, тоздырып бара жатқанын ауыр қасіретін бейнеледі. «Болыс болдым мінеки...», «Мәз болады болысың...», «Уағалайкумуссәләм...» деп басталатын шығармаларында Абай баққұмар бақай құлықпен биліктің бір шетіне қол жеткізгеннен кейін, халықты әділетпен басқарып, елді парасат биігіне жетелеудің орнына, өзінің мансапқорлық мүддесінен аса алмай, ел жуандарының алдында құрдай жорғалап, қарапайым халыққа тізесін батыра түскен болыс, билерді, атқамінерлерді ащы әжуамен шенейді. Соның бірі, «Үшінші сөзінде»: «Билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған адамның қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, онда оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» [3, 282 б.]. деген сөздерінен Абайдың патша отарлығына дейінгі қазақ хандығының әлеуметтік жағдайы мен заңдарын жете білгенін көреміз.

Түрік әлеміне танымал Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы: «Міне, Абайды осылай жан – жақты терең таныған кезде ғана, оның мұрасы қоғамдық, ұлттық сананың зор жетістігіне айналып, өзінің анық, шын сипатымен өркениетті еліміздің ортақ рухани қазынасын байыта түспек» – деп үлкен құрметпен бағалайды [6, 277 б.].

Абай терең ойларымен қазақтың тарихи санасын, рухани қазнасын байытып, оның әлемдік деңгейге көтерілуіне мүмкіндік туғызды. Абайдың шығармалары арқылы әлем Қазақстанды тануда.

Абайдың әлеуметтік, тарихи бағытта жазылған еңбектерімен таныса келе, ғұлама – ойшылды қазақ халқының тарихына үлес қосқан қазақтың алғашқы тарихшыларының бірі деуге әбден болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы. 2016. – 336 б.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы. 2016. – 296 б.
3. Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын. 1995. – 384 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
5. Бекбосынов М. Абай және оның заманы. // Қазақ тарихы. – 2012. – №3.
6. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993. – 279 б.

Мақала авторы:

Қасабекова Айнұр Ильясовна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада қазақтың музыка өнеріндегі Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қарастырылған. Абай мелодикасының негізгі сипаттары берілген. Абай әндері тарихи, музыкалық-эстетикалық және теориялық аспектілер тұрғысында тұжырымдалған. Абай шығармашылығының қазіргі кезеңдегі рөлі анықталған.

Түйінді сөздер: Абай Құнанбайұлының шығармашылығы, Абай әндерінің мелодикасы, «Абай» операсы.

Қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, ағартушы-демократ, жазба әдебиетінің классигі Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының музыкалық мұрасы қазақтың өнер тарихында ерекше орын алады. Абайдың әндері халықтың ән шығармашылығына жаңа ырғақ әкеліп, өзіндік жаңа із қалдырды. Композитордың музыкалық шығармалары ұлттық мәдениеттің аса құнды бөлігіне айналғаны сөзсіз. Абай әнші-ақынның идеялық тұлғасы адамгершілік пен эстетикалық қасиеттерінің иесі және сол өнегені адамның жүрегіне ұялата білген тәлімгер-тәрбиеші ретінде бейнеленген. Абайдың кішкентайынан музыкалық фольклорды сүйіп өсіп, жетік білді, сонымен қатар ән айтып, домбырада да ойнаған. Абай өз творчествосында халықтың ән өнерінің дәстүрін эстетикалық және этикалық көзқараста дамытты [1].

Абайдың шығармашылығы қазақтың аса бай фольклоры, шығыстың дәстүрлі поэзиясы және орыс әдебиеті мен орыс романсының ықпалымен жазылды. Абай мелодикасының негізгі сипаты – әуенділік (әуезділік), интонацияның музыкалық кеңдігі, айтарға ыңғайлы әсемдігі, мелодиялық суреттің даму қисыны, интонациялық оралымдардың дәл және қатал сақталуы және қазақтың халықтық музыкасына тән бояудың қанықтығы. Абай әндерін мазмұнына қарай шартты түрде мынадай жанрларға бөлуге болады: а) сүйіспеншілік лирикасы («Айттым сәлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Сүйсіне алмадым», «Сен мені не етесің», «Желсіз түнде жарық ай» «Жарк етпес қара көңілім»); ә) философиялық толғаулар және монолог әндер («Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Есіңде бар ма...», «Өлсем орным қара жер...» және т.б.); б) өнер жайлы әндер («Өзгеге көңілім тоярысың», «Сегіз аяқ», «Көңіл құсы құйқылжыр»); в) ғұрыптық әндер («Мағыштың жоқтауы»); г) сатира элементтері бар нақыл өлеңдер («Бойы бұлған», «Ата-анаға көз қуаныш»); ғ) аударма әндер («Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты», «Татьянаның сөзі», «Онегиннің сөзі» және т.б.). Жанрлық және көп салалығына қарамастан, бұл шығармаларда автор қолтаңбасына тән әндік мәнер, біртұтас музыкалық ойлаудың тамаша мінездемесін бере алады. Бұл стильде сәтті қолданылған қайырымдар, қаданс пен мелодияның даму түрлері және өзгеше көңілдегі интонациялар, сонымен қатар ладотондық мелодиялық құрам, метрлік-ырғақтық ән құрылысы анықталады:

1. Қазақ әндерінде және қазақ ақындарының сөз бастауында көпшілікті қарату мақсатында «ей, ахау» сияқты буындар қолданылады.

2. Мелодиканың интонациялық байлығы. Үштаған дыбыстар арқылы көтерілетін мелодияның көптігі. Абай әндерінің сексталық интонация арқылы контиленалық сапаға ие болу кеңдігі, шалқарлығы, ерен ұшқырлығы бар төгіліп тұрған лирикалық мелодия түзеді. Мұның бәрі романс билеген сезімге байланысты болуы мүмкін.

3. Өлең саласындағы жаңашылдық әсері ән құрылымына да ықпал етті. 7 – 8 буынды дәстүрлі речитативтік жанрды Абай лирикалық әуендерге пайдаланған;

4 жолды өлеңге ол 6 – буындық өлшем қолданады («Көзімнің қарасы»), 8 жолды өлең – қысқа және ұзын қатарлардың алмаса қолдануы («Бойы бұлған»).

Абай әндері тарихи, музыкалық-эстетикалық және теориялық аспектілер тұрғысында толық ғылыми тұжырым алған. Абай өзінің әндерінің әуеніне ғылыми тұжырым жасай келе, ол шығармалардың халыққа ағартушылық идеяларын жеткізудің мән-маңызы туралы жазған. Ақынның әндері негізінен үзінді ретінде түрлендірілген сипатта камералық, симфониялық хор және опера музыкаларында арқау болды. Абай – өзінің эстетикалық, моральдік-этикалық және көркемдік ұстанымына қарай ән өнерінің дәстүрін байытып, мазмұнын кеңейткен ақын. Өз әндерінде өз басының қайғысымен тоқталмай, әлеуметтік, қоғамдық маңызды мәселелерді үнемі қозғап отырады. Оның әндерінде адам жанын терең түсінетін психолог ақынның шеберлігі білініп тұрады. Сонымен қатар өмірдің көлеңкелі жақтарын да сынады. Абай ән мұрасының бір парасын А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының әсерімен шыққан цикл құрайды. Пушкин поэзиясына шексіз ғашық болған ақын 1887-1889 жылдар аралығында оның шығармаларының үзінділеріне әндер шығарды (13 өлең, тарауларымен). Абай әндері өзінің жоғары деңгейдегі көркем-эстетикалық сапасына қарай, біздің мәдени өміріміздің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кетті. Олар халықтың сүйіп айтар қазынасына айналды, көздің қарашығындай сақталып біздің ұрпаққа жетті. Абай мұрасымен танысқан алдыңғы қатарлы орыс және шетел ғалымдары, фольклортанушы-этнографтар әндердің аса танымал, әуенінің сұлулығы мен кеңдігін, мәтінінің шеберлігін атап өткен [2].

Заманымыздың ұлы суреткері, Лениндік сыйлықтың иегері, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың атақты романының желісіне сүйенген либреттода қазақ халқының өткен кезеңдегі өмірі, замана тауқыметі, адамның бас бостандығы мен бақытты болашаққа деген үміті шынайы түрде баяндалады. Л.Хамиди мен А.Жұбановтың шығармашылығының маңызды тұстарының бірі – ерекше композиторлық стильдің қалыптасуына әсер еткен фольклорлық музыканы жинауы, жазуы және өңдеуі болып табылады. Бұл ерекшеліктері «Абай» операсының қойылымында айқын көрініс тапты. Операның композициясы сахналық шығармалардың заңдылықтарына бағынған III актілі, 5 көріністі туынды. «Абай» операсының алғашқы қойылымында Абайдың бейнесін – Р.Абдуллин, Ажарды – К.Байсейітова, Айдарды – Б.Досымжанов, Әзімді – М.Абдуллин, Қарлығашты – О.Симонова, Көкбайды – А.Байғожаев, Сырттанды – М.Толыбаев, Жиреншені – С.Әбжанов, Нарымбетті – Ә.Мұсабеков, Месті – Ғ.Құрманғалиев сомдады [3].

Опера сахнасында Абай рөлін тұңғыш ойнаған – Ришат Абдуллин. Сондықтан да болуы керек, Абай творчествосына ол өте жауаптылықпен қараған орындаушы еді. Ришат Абдуллин негізін салған Абайдың образы осы күнге дейін әнші сомдаған керемет образдарының бірі болып келеді. Ришат ол образды тек сахналық қимылдар арқылы жасаған жоқ. Ол операның негізгі көркемдік түйінін ескертіп, музыкалық образ жасады. Ришаттың аса жұмсақ, Абайдың өзінше айтқанда «жүректен кіріп, бойды аларлық» дауысы тап осы Абайдың рөлі үшін жаралғандай. Композиторлар өз жанынан қосқан әндік номерлерді былай қойғанда, Абдуллиннің орындауындағы «Көзімнің қарасының» өзі ақынның кесек тұлғасын, артықша мүсінін шыңдай, толықтыра түседі. Абайдың ән партиясында қандай жоғары ноталар кездесе де, бір таң қаларлық жай – әнші «айқайламайды», бірақ тыңдаушыға ақынның ішкі жан айқайын дәл жеткізеді. Өртістің «Ей, халайығы» бұл күнде шын мәнісінде жалпы халық «қазынасы» болып кетті.

Б.Г. Ерзаковичтің пайымдауынша бұл опералық шығармада XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының өмірі, Абай мен оның шәкірттері қазақтардың революцияға дейінгі өмірінде үстем еткен қараңғылыққа, зорлық-зомбылыққа және қараңғылыққа қарсы күрес үлкен көркем күшпен бейнеленген. Абайдың әуендері қолданылған опера музыкасы шебер жазылған либреттоның терең драмалық мазмұнын

терең ашып көрсетуіне негіз болды. Басты партиялардың алғашқы орындаушылары – Р. Абдуллин (Абай), К. Байсейітова (Ажар), А. Үмбетбаев (Айдар) [4].

Абай әндері қазақтың музыка мәдениетінің алтын қорына енген. Оның әндері тікелей радио және теледидар арқылы халық әншілері мен опера театрының, филармония және эстрада әншілерінің орындауында шырқалған еді. Жүрекке жақын Абайдың әсем әндері үй іші, отбасының ортасында үлкен мерекелерде, концерттерде жиі орындалып жүрді. Оның көптеген әні қала мен ауыл өнерпаздарының репертуарына енді. Ақын-композитор Абай Құнанбайұлының творчествосы халқымыздың шексіз махаббатының, оның өлмес музыкалық мұрасының Қазақстан өнеріндегі айқын дәлелі болып табылады. Абай әндері басқа халықтың ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып келді. Абай әндерінің ерекшелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Абай әндері оның өз айналасына, ауыл-аймағына және жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндерінің ерекшелігі – оның орыс халық әндерімен байланысы. Абай жанындағы ән өнерінің өкілі кімдер дегенде ең алдымен нағыз әншісі қайсысы, композиторы қайсысы, жай әуесқойы кімдер, қай музыкант қандай аспаптарда ойнағанына барлау жасап көру керек. Абай ақындықпен қатар, әншілік өнердің өрістеуіне көп ықылас білдіріп, жанына ең жақсы әншілерді жинаған.

Қорытындылай келе, Абай жастарға еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттерді үлгі жырымен жеткізе білгенін анықтадық. Абай жастар тәрбиесінің сан қырына және өзекті салаларына баса назар аударып, жас ұрпаққа үміт арту арқылы, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің көкейкесті мақсат-мұраттарын жұмылдыруға ұмтылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ердембеков Б. Абайтану: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.
2. Ерзакович Б.Г. Озаренная Великим Октябрем // Советская музыка. – 1977. – №12. – 20-26 стр.
3. Джумакова У. Музыказнание 1920-1980-х годов: проблемы, идеи, концепции. – Астана: Фолиант, 2003. – 232 с.
4. Ерзакович Б.Г. Аксакал казахской музыки. (Страницы творческой биографии Е.Г. Брусиловского) // Композиторы Казахстана. – Алма-Ата: Өнер. – Вып.2. – 1981. – С.21-42.

Мақала авторы:

Сайлаубек Набат Бауыржанқызы – Болашақ университетінің студенті, Қызылорда, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі:

Макашева Маргарита Сарманбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «СЕГІЗ АЯҚ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Мақалада Абай Құнанбаевтың «Сегіз аяқ» шығармасының психологиялық аспектілері қарастырылады. Абай түсінігіндегі өлең мен ән адам жанының құпияларына енуі, сол арқылы тұлға ерекшеліктеріне ықпалы сөз етіледі. Сол замандағы адамдардың санасындағы феодалдық-патриархалдық толғаныстарға тоқталады. Халықтың ой-пікірлері мен сезімдерін көрсете отырып, поэзия адамның еркін және қуанышты сәтке бөленуіне әсерін тигізетіне тоқталады. Ақын «Сегіз аяқ» шығармасы арқылы өткен дәуірдегі тұтастай бір ұлттың болмысының психологиялық ерекшелігін танытуға ұмтылғанын көрсетеді.

Түйінді сөздер: Абай, психология, поэзия, шығарма, мотивация, іс-әрекет, конформизм, эмпатия.

Абай Құнанбаев (1845-1904) – ақын–ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ психологиясының негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай өзінің шығармаларында қазақ халқының психологиялық, әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы, сондай-ақ XX ғасырдың басы Ресейдің Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ірі жетістіктерімен ерекшеленді, олардың арасында физиология ғылыми негіздерін салған және жоғарғы жүйке қызметінің физиологиясы туралы оқумен материалистік ғылымды байытқан ұлы орыс ғалымдары И. М. Сеченов және И. П. Павловтың ілімі құрметті орын алады. Олардың ілімдері психикалық қызмет механизмдерін ғылыми түсіну үшін, сондай-ақ материалистердің идеалистік психология мен философияға қарсы күрестегі құнды үлес болып табылады.

Абайдың психология мәселелері бойынша айтқан сөздері оның сол уақыттағы Ресейде материалистік психология туралы кейбір хабардарлығын айтады. Сондай-ақ, Абай оқыған Милль мен Спенсердің эмпирикалық және позитивистік психологиясы емес, К.Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарастары оның психологиялық көзқарастарының қалыптасуына әсер етті.

Абай Құнанбаев осы сөздің тікелей ғылыми мағынасында ғалым-психолог болған жоқ. Бірақ оның өлмейтін поэтикалық және прозалық шығармалары олардың авторы адам жанының нәзік білгірі болғанын куәландырады. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде белгілі бір дәуірге, кезеңге, жасына және т.б. жататын адамдардың психологиясының ерекше ерекшеліктерін айрықша шеберлікпен ашады. Бұл оның шығармаларының терең реализмін, олардың кең бұқараға дейінгі табандылығын, олардың үлкен тәрбиелік күшін анықтады.

Абай өзінің орыс достарының көмегімен, сондай-ақ орыс және шетел психологтарының еңбектерін зерттеді, оларды сын тұрғысынан қайта өңдеп, оның дүниетанымына сәйкес келетін нәрселерді ғана таңдап алады. Абай қазақ халқының арасында алғаш рет психологияға деген көзқарастарын қалыптастырды. Абайдың психологияны зерттеуі бізге қалай елестеткенін және психология пәнін ғылым ретінде қалай көру керектігін мақсат етеді.

Біріншіден, Абай түсінігінде өлең мен ән адам жанының құпияларына еніп, асыл сезімдерді оятуы керек. Олар адамдардың санасындағы феодалдық-патриархалдық толғаныстарын маңызды рөл атқарады. Халықтың ой-пікірлері мен сезімдерін көрсете отырып, поэзия оны еркін және қуанышты өмірге апаруы тиіс. Өлеңнің алтын құрамы мен күміс қаптамасы болуы тиіс!

Абайдың психологиялық мәселеге көзқарасы ең алдымен поэзия мен өнердің міндеті – адам өмірінің, олардың көңіл күйі мен іс-әрекетін шындықпен көрсете білу деген түсінігіне орай қалыптасқан. Ол поэзия саласындағы тұлғаның психологиялық үрдістерінің қызметінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылықтарын өзінің «Сегіз аяқ» шығармасында ерекше мән берген [1].

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Хиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл [1].

«Адамдармен сөйлесе білу – бұл тауар. Мұндай өнер үшін мен бәрінен де көп ақы төлер едім» – деген екен Дж.Рокфеллер [2]. Сөйлеуде табысқа жету табысты сөйлеу коммуникациясының негіздерін білуден басталады. Сондықтан Абай бұл жерде, дұрыс қарым-қатынас жасай білуде сөйлеу үрдісінің қызметін бірінші орынға қояды. Ары қарай:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас.
Қиналма бекер тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ, ойға олақ [1].

Екіншіден, Абай түсінігінде өлең мен ән адам жанының құпияларына еніп, асыл сезімдерді оятуы керек. Олар адамдардың санасындағы феодалдық-патриархалдық толғаныстарын маңызды рөл атқарады. Халықтың ой-пікірлері мен сезімдерін көрсете отырып, поэзия оны еркін және қуанышты өмірге апаруы тиіс. Өлеңнің алтын құрамы мен күміс қаптамасы болуы тиіс!

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның [1].

Абай өлеңнің осы шумақтары арқылы психологиядағы тұлға конформизміне баса мән береді. Сол уақыттағы айналадағы адамдардың тұлға дамуына теріс ықпал етуін сипаттайды. Конформизмге ұшыраған адам өзінің даралығын жоғалтады. Бұл сол ортаға қатысты: қандай да бір топқа тартылған адам оның идеяларын дұрыс деп қабылдайды, сондықтан да әлемді өзгерте алатын өз идеяларын сыни ойлауды және өзінше әрекет етуді тоқтатады.

Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң айтпа сөз.
Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде,
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін –
Деп насихат бергенде [1].

Адам мінез-құлқының бастамасы, оның іс-әрекетінің қайнар көзі қажеттілік болып табылады. Адам нақты жағдайда туындаған қажеттіліктерін қанағаттандыру

үшін әрекет етеді. Пайда болған қажеттіліктер мотивациялық қозуларды (қажетті жүйке орталықтарында) тудырады және нақты әрекет түрін жасауға ағзаны итермелейді. Абай мотивацияны тудыру үшін адамның әрекет етуін, босқа уақыт өткізбеуін сынға алады [3].

Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғыпта кетер артынан
Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң,

Бола ма дәулет, нәсіп бұл? [1]

Абай әннің бұл шумақтарында эмпатия туралы сөз қозғайды. Эмпатия – бұл басқа біреудің ішкі жан дүниесін терең және мүлтіксіз қабылдап, қайғы қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағандарға жанашырлық білдіріп, олардың халын өз басына түскендей сезіну. Абай да халқының бос жүрмей жұмыс істеп, ақша тауып отбасын асырасын деген жанашырлығын көрсетеді.

Еңбек қылсаң ерінбей –
Тояды қарның тіленбей.
Атадан алтау,
Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ [1].

Ақын еңбек қызметінің мотивациясын, оның адамды еңбек қызметіне итермелейтін және осы қызметке бағыттылықты беретін, белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған ішкі және сыртқы қозғаушы күштердің жиынтығына тоқталады.

Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп.
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының,

Жалғыз қалдым – тап шыным! [1]

Ақын өлеңінің соңында, әрбір адамның жеке мәселесі мен қиындығына тоқталады. Жалғыздықтың зардабының қандай екенің теңеу арқылы көрсетеді. Жалғыздықтың қиыншылығымен кейбір адамдар өмір бойы күреседі, кейбіреулер сол қиындыққа бас иіп, беріле салады. Бірақ, өз қиындығың жеңе білген адам ақылды әрі мақсаты айқын адам. Қиындықты жеңу жолында кедергілермен қоса, бар қасиеттен айрылуы мүмкін екенін мойындайды.

Корыта келгенде, ақынның тек қана осы «Сегіз аяқ» шығармасы арқылы ақ өткен дәуірдегі тұтастай бір ұлттың болмысының психологиялық ерекшелігін тануға болады, бұл мәліметтер көшпенді қазақ халқының сол уақыттағы шынайы бет-бейнесін ашып сипаттап тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай «Сегіз аяқ» өлеңі. // Интернет ресурсы: <https://bilim-all.kz/olen/544> (Күні 17.09.2019, уақыты 16:38).
2. Рокфеллер Д.Д. Мемуары. – Москва: Альпина Паблишер, 2015. – 210 стр.
3. Хэлворсон, Х.Г. Психология мотивации: как глубинные установки влияют на наши желания и поступки / пер. с англ. М. Мацковской. – Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2014. – 261 стр.

Мақала авторы:

Сақтағанов Балабек Кеніштайұлы – PhD доктор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

«ФАКЛИЯ» АБАЯ КАК ОБЪЕКТ ПОДРАЖАНИЯ Б.КАНАПЬЯНОВА

Аннотация

В статье изучается творческий эксперимент современного казахстанского поэта Бахытжана Канапьянова, в основу которого положено подражание «Словам назидания» Абая. Автор обосновывает выбор сонетной формы как наиболее удачной формы творческой интерпретации наследия великого классика, которая позволяет осовременить поэзию Абая и ввести его текст в контекст, противостоящий энтропийности бытийного процесса.

Ключевые слова: Абай, Слова назидания, сонетный контекст, интерпретация, Канапьянов Бахытжан.

Өйткені, рампаның шамы, шапалақтар, аудиторияның тануы – сол себептен би ұжымы сахнаға шығады, көп жаттығады, би дайындықтарын жасайды. Ұжымның жетістігі – оның көркемдік жетекшісі, оның беделі күшейтіледі, және тұтастай алғанда ол ұжымның беделі [11, 64 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Демешко Ю. Н. Балалар хореографиялық тобының шығармашылық өміріндегі концерттік іс-шаралардың құны // Педагогиканың өзекті мәселелері: VI Халықаралық ғылыми конференцияның еңбектері (Чита қ., қаңтар, 2015 ж.). – Чита: Жас ғалым басылымы, 2015 ж.— 118-120 бб.

2. Жирнова Л. Учебно-воспитательная работа в коллективах художественной самодеятельности. – М., «Искусство» 1973. – 128 с.

3. Захаров Р. Сочинение танца: Страницы педагогического опыта. – М.: Искусство, 1983. – 224 с.

4. Ивлева Л.Д. Руководство воспитательным процессом в самодеятельном коллективе. – Л., 1985. – 218 с.
5. Каргин А.С. Воспитательная работа в самодеятельном художественном коллективе. – М.: Просвещение, 1984. – 224 с.
6. Каргин А.С. Призвание и мастерство. – М.: Сов. Россия, 1986. – 102 с.
7. Бегалиев Т. Педагогика. – Тараз; ТарМУ, 1999.
8. Елеусизова. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы, 2014.
9. Диниц Е.В., Ермакова Д.А., Иванникова О.В. Азбука танцев. – Донецк, 2004. – 286 с.
10. Барышникова Т. Азбука хореографии. – Москва: Айрис пресс, 1999. – 264 с.
11. Зайфферт Д. Педагогика и психология танца. Заметки хореографа: Уч. пособие. 2-е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «Планета музыки», 2015. – 128 с.

Мақала авторы:

Идрисова Асель Бекзатхановна – Өнер мектебінің хореография бөлімінің меңгерушісі, «Балбұлақ» халықтық /үлгілі/ балалар би ансамблінің көркемдік жетекшісі, Хореографтар одағының мүшесі, Қызылорда, Қазақстан.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ХОР ҮЙІРМЕСІНДЕ Ю.М. ЧИЧКОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада Ю.М. Чичковтың шығармашылығы теориялық тұрғыдан зерттелді. Ю. Чичковтың шығармашылығының сипаты мен музыкалық ерекшеліктері айқындалды. Ю.М. Чичковтың шығармашылығын жалпы білім беретін мектептің хор үйірмесінде меңгертудің әдістемелік нұсқаулары жасалды.

Түйінді сөздер: Ю.М. Чичковтың шығармашылығы, жалпы білім беретін мектептің хор үйірмесі, балаларға арналған әндерді меңгертудің әдістемелік нұсқаулары.

Жаһандық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіндігі белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай, білім беру жүйесіндегі оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен біліктілігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген көпмәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Бүкіл әлем халқы Қазақстанды үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы қажет. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған [1].

Айтылған талап тіл меңгерту үрдісінде ұлтаралық келісімді негізге ала отырып, әрбір халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді сыйлап, құрметтеуге бағытталады. Ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшелікті есепке алуды қажет етеді. Сонымен қатар, әрбір адам басқа мәдениет өкілімен тілдесу үстінде ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы, әртүрлі тілдік құралдар мен ұлттық таным арқылы білдіреді. Диалогқа қатысушылар осылайша өздерінің тілден алған білімдерін көрсетуге мүмкіндік алады. Демек, оқушылардың диалог мәдениетін қалыптастыру – аса маңызды міндет [2].

Бұл жерде өнердің алатын орны ерекше, себебі біз өнер бұлағынан сусындаған ата-бабаларымыздың музыка және өнер әлеміндегі ірі-ірі тұлғалардың ғасырлар бойы жинаған бай тәжірибесінің арнасын одан әрі кеңітіп дамытуымыз керек.

Осы өзекті мәселе аясында жалпы білім беретін мектептің хор үйірмесінде Ю.М. Чичковтың шығармашылығын меңгерту атты біздің мақаламызда өнер саласында диалог әрекетінің біліктілігін қалыптастыруда өз үлесін қосар еңбек болады деген мақсаттамыз.

Ю. Чичковтың Кеңес Одағының мәдениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. 1949 жылдан басталған еңбек жолы музыкалық өнері мен мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және өркендеуі жолында алтын әріптермен жазылған жемісті беттеріне айналды. Осыған қарамастан, қаншалықты зерттеу жұмыстары жүрсе де, классикалық музыканы жан-жақты зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер Ю. Чичковтың шығармашылығын жан-жақты талдаған зерттеулер санаулы деуге болады. Сондықтан, Кеңес Одағындағы, оның құрамындағы Қазақстанның мәдениетінің қалыптасуына Ю. Чичковтың шығармашылығының әсерін музыка-педагогикалық тұрғыдан әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады [3].

Юрий Чичковтың бүкіл саналы ғұмыры Кеңес Одағының музыка мәдениетін қалыптастыру және оны көркейту жолындағы белсенді қызмет үстінде өтті. Аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Ресей Федерациясының халық әртісі, Кеңес Одағының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресей музыка мәдениетінің қайраткері. Музыка өнерінде Ю. Чичковтың орны ерекше 300-ге жуық әні бар. Қашанда өзінің қарапайымдылығы мен ізгілігі мол адам ретінде бүкіл Кеңес Одағы халқының жүрегінен мәңгі орын алды. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, балалардың сүйіспеншілігіне бөленді. Композитор шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, балалық шаққа, дос-жаранға деген сүйіспеншілік – Юрий Михайловичтың шығармаларының басты тақырыбы. Композитор әндерінің көбін К. Ибряевпен бірге жазды. Чичковтың әндерін мынандай танымал хор ұжымдары орындады: Бүкілодақтық радио және орталық теледидар балалар хоры, В.С. Локтев атындағы Би және ән ансамбль хоры, В.Г. Соколов басшылығындағы балалар хоры және т.б. хор ұжымдары орындады. Юрий Михайлович тамаша музыкалық туындылардың авторы, өңдеушісі және дирижері ғана емес, сонымен қоса оларды үйретуші, таратушы, насихаттаушы педагог-лектор болды. Композитордың әлемдік мәдениетінің алтын қорына қосқан теңдесі жоқ үлесі адам қабілетінің қандай құдіретті болатындығының шынайы көрінісі.

Ю. Чичковтың жас өнерсүйер қауым сүйіп тыңдайтын «Наша школьная страна», «Детство это я и ты», «Девчонки и мальчишки», «Песня про жирафа» сияқты балаларға арналған туындылары өзінің тыңдарманын ерекше нақышымен, шынайылығымен, тазалығымен баурап алады.

Композитордың «Любимый край» әні – автордың шоқтығы биік туындыларының бірі. Орыс жазушысы Тургеневтің «Отансыз бақыт жоқ. Кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы – туған жері» деген қанатты сөзінің жаны бар. Ұрпағымыздың туған ел мен жерге деген сүйіспеншілігін ояту әр өнер иесінің парызы. Композитордың «Любимый край» әнін тыңдағанда туған жердің табиғатын көз алдына елестетесің. «Туған жерге деген ыстық сезімнің мен махаббатың оянады», - деп ертеректе студенттердің кездесу кешінде бір тыңдарман өз ойын қағазға түсіріп композиторға жеткізіпті. «Әннің туу жайлы, музыка ғаламатында жаңа шығарма шығуы кейде қызықты ғой. Өз басым ән жазу жайында ысқырып жүріп өз ойымды айтам (Бұл жерде әуенін жеткізем деп түсіну керек). Әрине, мазмұны, ырғағы келісілгеннен кейін ойдағы шығарма туу қажет екенін ойлаймын. Қызғана қарап қызықтай түсетін «жеке бір туындылар болатыны айқын. Соның бірі өз басымда. «Любимый край» мен «Наша школьная страна» әндері сәтті туған туындылар деп есептеймін[4].

Жалпы білім беретін мектептегі хор үйірмесінің бағдарламасын негізге ала отырып, Ю. Чичковтың шығармашылығын меңгерту мақсатында композитордың ең танымал әндеріне әдістемелік нұсқаулар жасау жұмыстарын жүргіздік:

«Наша школьная страна» әнін үйреткенде, бүлдіршіндердің жүрегінде мектепке деген сүйіспеншілік сезімін, оқуға құштарлықты ояту көзделеді. Әннің бірінші шумағын үйретпес бұрын оның музыкасымен таныстырамыз. Әрине, тоғыз жасар балалар өздігінен әннің сипатын бейнелейтін сөздерді таба алмайды. Сондықтан, кіріспе әңгіме өткізіп, музыка адамның әртүрлі көңіл – күйін, сезімдерін білдіреді деп түсіндірген жөн. Ал өмірде адамдардың мінез – құлқы әрқалай келеді, тіпті бір адамның өзі көңіл күйіне байланысты бірде көңілді, жайдары болса, енді бірде жабырқау, мұңға батып жүреді. Сол сияқты музыкалық шығармалар да көңілді, ойнақы, жігерлі, салтанатты, сабырлы немесе мұңды, сазды т.б. болады деп түсіндіре отырып, мынадай сұрақ қоюға болады: бұл әннің сипаты қандай сөз тура келеді? Оқушылар «сабырлы», «асықпай» деген жауап беруі тиіс. Енді әннің мазмұнын талдау басталады. Сөзін түгел оқып шыққан соң, қойылатын сұрақтар:

- Әнде мектепті неге теңейді? (Әлемге, жер шарына, елімізге).
- Оны қалай түсінесіңдер? (балалар өз жауаптарын айтады).

Оқушыларға «өмірдің аттап өткелін» деген сөздердің мағынасын түсіндіру керек. Адам баласы есейіп, саналы азамат болу барысында бірнеше кезеңдерден, яғни өткелдерден өтеді. Ал мектеп бітіру – сот өткелдердің бірі.

Балалардың жас ерекшелігін ескеріп, әнді алдымен өте қысқа интонацияларға бөліп айтқызып, содан соң бір жолдан тұтас үйреткен дұрыс. Мысалы «наша школьная» деген сөздерді (квинта интонациясы) бірнеше рет қайталап, содан соң «страна» деген сөзді бөлек үйретеміз. Мұндағы лигамен әндетіп айтылатын бірінші буынға балалардың назарын аудару керек. Келесі жол да осы әдіспен үйретіледі. Әсіресе үшінші жолға ұқыпты қарау керек, онда биік ноталар, әндетпелі буындар кездеседі. Әнді тұтас орындау кезінде мүмкіндігінше үн тазалығына, ырғақтың дәлдігіне көңіл бөліп, балаларға дұрыс тыныс алу керектігі жөнінде түсінік бере кетеміз.

«Детство это я и ты» әнін тыңдап болған соң, шығарманың сипатын анықтау мақсатында қойылатын сұрақтар:

- Ән қалай орындалады? (Жылдам, көңілді, ойнақы, жеңіл).
- Ән не жайында? (Қуаныш, бақыт, балалық шақ жайында).
- балалық шақта бүлдіршіндер, немен шұғылдандыңдар? (Ойнады, ән айтады, би билейді, сурет салады, әріп үйренеді және т.б). Демек, бұл ән балалық шақ жайында, балалардың өмірі туралы екен.

- әндегі «детство это синий ветер» деген сөздерді қалай түсінесіңдер? (балалардың жауабын тыңдап, саралау).

Әнді үйреткен кезде балалардың назарын әуеннің бағытына аударып, оның кейде бірыңғай жоғары не төмен немесе бір нотаның бойында жүретінін түсіндірген жөн. Мысалы, «счастье и радость», «счастливы дети», «школьные друзья» деген сөздерде әуен жоғары бағытталады, ал «сверкает огнями» деген жерде, керісінше, төмен қарай жүреді.

Әнді әдеттегідей қысқа фразаларға бөліп жаттаймыз. Ән жеңіл, әрі ширақ орындалады. Тыныс әрбір жолдың аяғында алынады.

Хор жетекшісі «Зимний праздник» әнін орындап таныстырған соң, Жаңа жыл мерекесі елка туралы әңгімелейді. Әнді үйреткен кезде бастапқы интонациялардың (терция, кварта) дұрыс айтылуын, «снег идет», «хлопьями» деген жерлеріндегі лигамен әндетіп айтылатын дыбыстардың нақтылы орындалуын қадағалау керек. Ендігі кездесетін бір қиындық – әуеннің тональдігінің жоғарғы тетраордында өрбуі. Балалардың дауыс аумағы жетіңкіремейтіндіктен, әнді көбіне оқытушы өзі немесе даусы жақсы жеке оқушыға орындатқан жөн. Тіпті бір тонға төмен тасымалдаса да артық емес. Ән полька биінің қимылдарын жасап, шеңберлене жүріп орындалады.

«Из чего же, из чего же?» әнін үйретудің үлгі жоспары: а) әнді оқушыларға таныстыру: әсерлі орындап шығу; сөздердің мазмұнын талдау; ә) әндік жаттығулар: әннің бірінші төрт тактысын до-до ноталары аралығында айтқызу; келесі фразасын сөзімен, «ля» буынымен, содан соң нота аттарымен айтқызу; үйретілген әннің тональдігіне түсіп, оның тұрақты дыбыстарын айтып шығу; әннің кейбір фразаларын бөліп алып, жаттығу ретінде пайдалану; б) енді фразаларға бөліп, сөзімен бірге мезгілде жаттау. Әннің әуенін немесе ырғағы қиын жерлеріне балалардың назарын аударып, дұрыс жаттату. Әрбір дауысты және дауыссыз дыбыстың айтылу сырымен қырын үйрету. Үн тазалығын, дикция мен дыбысталу күшінің біркелкілігін қадағалау; в) музыкалық сауаттылық: ең басты көңіл бөлетін жай – өлеңнің ырғақ ерекшелігі, әннің өлшемі. Әсіресе дауыстың икемділігі талап ететін он алтылық ноталар, пунктер ырғағы, лига белгілері т.б. арнайы жаттықтыру жұмыстарын қажет етеді. Түрлі сұрақтар қойып, бағыт беру арқылы өлеңнің мазмұнын мүмкіндігінше оқушылардың өздеріне анықтатқан жөн. Сонда олардың ой – өрісі кеңейіп, дүниетанымы артады.

Мысалы, мынандай сұрақтар қоюға болады:

- Балалар, шығармада кездесетін «из тетрадок и шоколадок», «сделаны наши девчонки» деген сөздерді қалай түсінесіңдер? (балалардың жауабы).

Осылайша шығарманың мазмұнын, оның тәрбиелік мәнін баса ашып, музыканың жарқын сипатын осы мазмұнмен тығыз байланыстыра орындаймыз.

Жаттығулар. Дауыспен жаттығулар жасап, балалардың үнін біркелкі ету үшін «Из чего же, из чего же» әнін әртүрлі буындармен айтуға болады. Жаттығу ретінде бұрын жатталған әндердің, үзінділерін, әуендерін де пайдаланамыз. Әнді фразаларға бөліп жаттап, оның үн тазалығына, дикциясының біркелкі болуына және ырғақтың нақтылы айтылуына көңіл аударылады. (Егер бірден дұрыс шықпаса, қол шапалақтау арқылы орнықтылаймыз).

Әннің әуенін, сөзін жаттап үйренген соң оны сұрақ (мұғалім) және жауап (оқушылар) ретінде ойын тәсілімен орындауға болады. Соңынан сыныпты екі топқа бөліп, немесе әнші (солист) мен хорға орындатамыз. Сонда сыныпта көңілді, жарқын көңіл – күй орнап, оқушылардың ынтасы артады. Оқытушы әнді үйреткен кезде сабақтың тақырыбын тереңдете түсіп, музыканың қай жанры болсын әуеннен құралатынын, ол барлық шығарманың негізі екенін түсіндіріп өтеді. Ал әндер өзінің мазмұны жағынан әртүрлі (көңілді, мұңды, сырлы т.б) болады. Әнді орташа жылдамдықта, айқайламай, әрі көңілді орындау керек, сонымен бірге дер кезінде тыныс алу қадағаланады.

Мақаланың негізгі мақсаты – композитор-педагог Ю.М. Чичковтың балаларға арналған музыкалық шығармаларындағы өнері мен кәсіби музыка тұрғысындағы сабақтастық үндестігін, оның жас ұрпаққа берер білімділік және тәрбиелік мүмкіндіктерін, сонымен қатар композитор бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерін көрсете білу болды.

Қорытып айтқанда, Ю.М. Чичковтың шығармашылығы әлем халқының мақтанышы, болашақ жастардың, өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жүйелі музыкалық-теориялық әрі музыкалық-тарихи білім беретін бағасы жоқ музыкалық-педагогикалық еңбек ретінде бағалауды қажет етеді. Жалпы білім беретін мектептің музыка пәні мұғалімінің мақсаты – композитордың өнер туындыларын оқу, білу, айту, орындау арқылы оқушылардың ішкі жан-дүниесін байыту, эстетикалық ләззат алу әрі зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Тіл тағдыры – ел тағдыры // Ана тілі. – 2006. – № 46 (831). – 1-2 бб.
3. Дюсембинова Р.К. Становление и развитие музыкального образования в Республике Казахстан // Материалы междунар. науч.-практ. конференции «Музыкально-педагогическое наследие Гарифоллы Курмангалиева». – Уральск, 2009. – 112-117 бб.
4. Момынов П.М. Становление и развитие музыкального воспитания и образования младших школьников Казахстана. – Алма-Ата, 1976. – 151 с.

Мақала авторы:

Кеңшілікова Ақмоншақ Рахымжанқызы – Болашақ университетінің студенті, Қызылорда, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі:

Макашева Маргарита Сарманбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан.

СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЙ «ЭТНОС» И «ЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА» В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация

В статье рассматривается вопрос о сущности понятий «этнос» и «этническая культура» в контексте национального самосознания личности. В многонациональном государстве необходимо учитывать этнокультурные потребности общества. Вопросы национального самосознания стали предметом специального изучения в различных науках, определивших данный феномен с разных точек зрения. Исходя из этого в современной науке нет единства в понимании феноменов «этнос» и «этническая культура».

Ключевые слова: этнос, этническая культура, национальное самосознание.

Любая национальная культура заявляет о себе через совокупность своих неповторимых духовных ценностей. И как следствие, самобытность народов и их духовная культура расширяет возможности для каждой личности в поступательном и всестороннем развитии. Характерными чертами для каждого этноса в современном социуме является осознание и поиск истоков, знание исторического прошлого своего народа, ориентир на национальную специфику в различных видах деятельности общества. Так или иначе, современный человек в силу своего развития, разностороннего общения и накопления жизненного опыта, усваивает элементы других национальных культур. Все это определяет огромный интерес и необходимость в сохранении традиционной культуры в современном обществе как основного фактора самореализации и самосоздания в мировом многонациональном пространстве.

Традиционная культура является духовным феноменом общества. Сегодня, словно в эпоху Возрождения, для казахстанского общества главной составляющей современного искусства является возвращение привнесённых видов искусства в духовное лоно национальной культуры. Уникальное художественное наследие хранит древняя история казахов, которая находит отклики в современном мире в различных своих проявлениях [1, с.3]. В связи с этим чрезвычайно актуальным становится осмысление человечеством ценностей и художественных достижений национальной культуры.

Еще в 2009 году Первый Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана подчеркивал, что казахстанскому обществу необходимо пройти через кризис к обновлению и развитию. Сравнивая в своем выступлении общество без традиций с построением здания без фундамента, он первостепенной задачей определил сохранение этнического наследия, без которого невозможно представить будущее страны [2].

Одним из важных обстоятельств сохранения нации является историческая память и богатое культурное наследие, которые складывались веками. Итак, культурное наследие является характерным признаком цивилизованного общества. Для того, чтобы его сохранить, применить колоссальные усилия и выделить средства в государственном и национальном масштабе.

Культурное наследие объединяет в себе духовно-нравственные и материальные ценности, передающиеся из поколения в поколение. В современном обществе заметно вырос интерес к традиционным культурным ценностям. Это означает, что в обществе более глубоко и тщательно стали изучаться все сферы бытия народа: образ жизни,

нравственные устои, менталитет, социальные, трудовые и бытовые процессы, виды искусства, культура, традиции и обычаи.

Однако мы близки к заключению, что при многообразии и большом объеме проведенных исследований своеобразный мир степной культуры все-таки изучен частично, и в огромных невидимых запасах кладовой казахского народа хранятся и ждут своего часа множество уникальных, самобытных явлений и ценностей, представляющих огромный профессиональный и исследовательский интерес для молодого поколения. Поскольку культура того или иного этноса является огромным пластом для всестороннего изучения не только представителями других национальностей, она со всем своим огромным потенциалом и уникальной спецификой продолжает оставаться недостаточно изученной для самого коренного населения. Также необходимо отметить, что большинство жителей Казахстана недостаточно хорошо знают традиции, обычаи и ремёсла, а также богатую и многообразную историю и культуру казахов. На наш взгляд, в условиях глобализации, свободомыслия постепенно стираются ориентиры национального развития. Для молодого поколения все больше характерна беспамятство, многое забывается, обесценивается духовность, национальное самосознание. Повсюду пропагандируется и навязывается европейское или западное мировоззрение, безнравственность, стиль и образ жизни, ложные стереотипы и представления, чуждые менталитету казахского общества. Более того, в эпоху электронных и цифровых технологий, что, бесспорно, необходимо и неизбежно в современном обществе, образовались проблемы, явно ведущие к утрате живых и духовных процессов. И эти процессы приобретают всестороннюю негативную динамику. Это означает, что потеря национальной идентичности, национального достоинства может привести к политическому, экономическому и культурному регрессу страны. Из этого следует, что первостепенной задачей цивилизованного общества является сохранение национального культурного наследия.

Анализ проблемы исследования позволяет заключить, что этнокультурная и государственная идентичность могут быть наиболее эффективно достигнуты через систему образования [3]. Национальная система образования во всем разнообразии своих видов (основное образование, воспитание, социальная педагогика, дополнительное и художественное образование и др.), является средством формирования национального самосознания, реализация должна осуществляться через транслирующую, развивающую, дифференцирующую интегрирующую функции. Данная система имеет возможность выполнять функцию катализатора культурно-экономической динамики страны через сохранение и возрождение лучших традиций образовательных программ и образовательных технологий, ориентированных на социокультурное своеобразие казахстанского общества.

Вместе с тем, концепция этнокультурного образования в Казахстане, реализуется, прежде всего, в Законе Республики Казахстан о культуре; в концепции культурной политики Республики Казахстан и непосредственно отражается в государственной программе «Культурное наследие», которая даёт приоритет образования в государственной политике, определяет стратегию и направление развития системы национального образования.

Так, реформирование образовательной системы в соответствии с этнокультурными традициями может быть успешным при опоре на непереходящие ценности казахского общества, при справедливом отношении к историческому наследию.

Известно, что мировую цивилизацию образуют различные культуры, а человечество состоит из этносов. Носителем культуры этноса является народ, а не личность. В определении понятия «этнос» современный научный мир предлагает множество трактовок, так как в представлении разных научных традиций и школ

различаются взгляды на сущность, признаки, соотношение этих понятий. Для полного понимания данной проблемы рассмотрим понятия «этнос» и «этнокультура».

Этнос (от греч. *ethnos* – племя, народ) – собирательное название для больших по численности кровнородственных групп людей, образующих племя, народность или нацию. Народ – главная форма этнических общностей. Внутри него выделяются этнические группы, различающиеся языком, одеждой, жилищем, семейным укладом.

Часто понятие «этнос» применяется как синоним слова «народ», с понятия «народ», «этнос», «этническая общность» рекомендуют применять в качестве синонимов. Однако, в рамках исследования необходимо рассмотреть данные понятия с позиции сравнительного анализа и точного определения.

Итак, социобиологическая оценка этноса представлена в науке работами известного востоковеда, географа, историка Л.Н. Гумилева (1912-1992), определившего этнос «биосоциальным организмом», существование которого включает закономерные фазы. Так, значительное внимание в концепции Л.Н. Гумилева уделено исследованию проблем этногенеза, детерминированного, в основном, географическими и геокосмическими факторами, что связало воедино два ряда далеких друг от друга явлений – природный и цивилизационный. Известно, что в свое время Л.Н. Гумилев отказался от понятий «племя», «народность», «нация» и рассматривал «этнос» с позиций системного подхода, считал его замкнутой системой дискретного типа, а этносами называл коллективы людей с общим стереотипом поведения (главный для этноса признак) и своеобразной внутренней структурой. Чувство взаимной симпатии – комплиментарности – которое объединяет людей, также обусловлено процессом энергетического обмена.

Исследователь Т.И. Герасименко, придерживаясь концепции Л.Н. Гумилева, считает, что «этнос – это система колебаний определенного поля, создаваемого биогеохимической энергией живого вещества биосферы. Этноты различаются частотой колебаний этого поля, т. е. особым ритмом разных этнических групп. Это – объективная основа чувства комплиментарности – деление на «своих» «чужих»» [4, с.178].

Согласно концепции, Ю.В. Бромлейя (1921–1990), представителя эволюционистско-исторического направления, этнос – это понятие социальное. Автор считает, что этноты проходят длительный этап формирования, а этнические связи зависят от исторических изменений. Этноты характеризуются такими этническими свойствами, как язык, культура, этническое самосознание и самоназвание. Однако эти свойства формируются только в соответствующих условиях – территориальных, природных, социально-экономических, государственно-правовых. Так единство этноса обеспечивается синхронными – в пространстве, и диахронными – во времени, информационными связями [4, с.179].

Автор учебного пособия «Глобальная этносоциология» А.Г. Куц считает, что этнос – это устойчивое, естественно сложившееся сообщество людей, противопоставляющее себя другим аналогичным сообществам, что определяется ощущением комплиментарности: свой – чужой, которые отличаются своеобразным стереотипом поведения [5, с.38]. Своеобразное определение «этничности» (*ethnizitat*) дал известный немецкий социолог и философ Макс Вебер (1864-1920). Он считал, что «этничность есть принадлежность к этнической группе, объединенной культурной однородностью и верой в общее происхождение» [6, с.213].

Русскому этнографу и этнологу С.М. Широкогорову (1887-1939) принадлежит ставшее классическим определение «этноса». «Этнос» есть группа людей:

- говорящих на одном языке;
- признающих свое единое происхождение;
- обладающих комплексом обычаев, укладом жизни, хранимыми и освященными традицией и отличающимися ею от таковых других групп» [7].

Автор А.Г. Дугин предлагает углубленный философский подход к категориям этнос, народ, нация, общество, дает четкие определения этих понятий и выстраивает обобщающую этносоциологическую оценку. Вместе с тем, в своих трудах автор особо подчеркивает мысль и трактовку этноса С.М. Широкогорова, где языковая общность занимает первое место. Так А.Г. Дугин отмечает, что первостепенная значимость языковой общности по Широкоговору, весьма неслучайна. Данному определению характерны общность происхождения, наличие обычаев и традиций, то есть культура, а также способность к четкому различию этих традиций и обычаев от обычаев и традиций других этносов (дифференциация) [8].

Анализ понятия «этнос» с позиций разных авторов позволил определить, что в рамках проблемы исследования нам наиболее близка концепция С.М. Широкогорова. Исходя из концептуальных основ С.М. Широкогорова, а также опираясь на труды других ученых, можно заключить, что одним из связывающих признаков этноса являются культурные традиции народа, складывающиеся на протяжении длительных исторических периодов и передающиеся из поколения в поколение. Следовательно, культурное наследие отличает один этнос от другого.

Логика исследования подвела нас к необходимости рассмотрения понятия «этнокультура», сложившегося на рубеже XX-XXI вв. и широко применявшегося как речевое сокращение понятия «этническая культура». Поэтому данный термин встречается, в основном, в современных исследованиях. Этническая культура включает язык, народное искусство, обычаи, обряды, традиции, нормы поведения, привычки, передаваемые из поколения в поколение.

Так, например, исследователь Л.И. Васеха считает, что этнокультура, будучи сложной и внутренне противоречивой иерархией сакральных и профанных идеалов, социализирует людей, консолидирует их совокупную деятельность, представляя собой единое целое. Отсюда следует, что этнокультура формирует человека не только как умелое и разумное существо, но и как носителя религиозного, этнического и межнационального смысла [9, с.183].

Например, в исследованиях Э.Ф. Вертяковой, А.П. Елисейевой, В.Б. Манджиевой, Н.А. Минулиной, В.В. Модоровой этнокультура рассматривается как культура конкретного этноса, которая находит свое выражение в определенном этническом самосознании материальных и духовных ценностей, проявляющихся в нравственно-этических нормах, образе жизни, одежде, жилище, кухне, социально-бытовых установках, этикете, религии, языке, фольклоре и психологическом складе [10, с.197].

Итак, этнокультура – это культура конкретного этноса, где непосредственно происходит сохранение локальных этнических норм (материальных и духовных ценностей). А личность как субъект этнокультуры, является не только ее потребителем, но также носителем и творцом культурных ценностей, определяющим в своем развитии качественные характеристики воспроизводства этнического опыта. Таким образом, основываясь на современных подходах в определении понятия «этнокультура», можно сделать вывод, что она неизменна в своих проявлениях, так как в ее основе лежит традиция, которая не подвержена различным изменениям, происходящим в современном обществе, и является устойчивой формой с устоявшимися ценностями, народной мудростью и национальным достоянием.

Список использованных источников:

1. Ергалиева Р.А. Этническое и эпическое в искусстве Казахстана. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 432 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 6 марта 2009 г. «Через кризис к обновлению и развитию» // Интернет ресурс: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-

respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-6-marta-2009-goda_1342421128
(Дата обращения 25.09.19, время 15:41).

3. О концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан по распоряжению президента Республики Казахстан от 15 июля 1996 г. №3058. // Интернет ресурс: https://tengrinews.kz/zakon/prezident_respubliki_kazahstan/kultura/id-N960003058_/(Дата обращения 27.09.2019, время 13:42).

4. Герасименко Т.И. «Этнос» и «культура»: трактовка понятий и подходы к изучению // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2015. – № 6. – 184 с.

5. Куц А.К. Глобальная этносоциология. – Омск: ОмГУ, 1997. – 212 с.

6. Хозяство и общество: очерки понимающей социологии. Социология. / Пер. с нем. под ред. Л. Г. Ионина. – М.: Высшая школа экономики, 2016. – 448 с.

7. Роль С.М. Широкогорова в создании этнологии. // Интернет ресурс: https://uchebniki-besplatno.com/etnicheskaya-sotsiologiya_1242/rol-shirokogorova-sozdani-37937.html (Дата обращения 5.10.19, время 16:58).

8. Дугин А.Г. Социология этноса (Структурная социология). Лекция № 7 // Центр консервативных исследований. – 2009. // Интернет ресурс: <http://konservatizm.org/konservatizm/sociology/220409204809.xhtml> (Дата обращения 14.10.2019, время 17:36).

9. Васеха Л.И. Проблемы этнологии и этнопедагогике. – Новосибирск: Издательство НГПУ, 1999. – 183 с.

10. Зенкова Л.Г. Этнокультурная среда как психолого-педагогическое условие этнокультурного воспитания дошкольников в детской школе искусств // Вестник Томского педагогического университета. – 2012. – №4. – С.195-197.

Автор статьи:

Қабдуллина Еркежан Турсынбеқызы – магистрант 1 го курса, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

Научный руководитель:

Кульбекова Айгуль Кенесовна – доктор педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ХОРЕОГРАФИЯ РЕЖИССЕРІ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Түйіндеме

Мақалада, хореография режиссерлерін дайындаудағы мәселелер қарастырылған. Қазақстанда балетмейстерлік мектепті қалыптастырған аға буынның ісін жалғастыру мақсатында білім беріліп отырғандығы сөз болған. Сонымен қатар бүгінгі балетмейстер-хореографтарды дайындаудағы кейбір өзекті мәселелер мен ұсыныстар кең ашылып, көрсетілген.

Түйінді сөздер: *артист, балетмейстер, режиссер, академия, өнер, ансамбль.*

XX ғасырда қарыштай дамыған хореография өнері қазақ халқының төл өнеріне айналғаны белгілі. Сонау 30-жылдары кәсіби бағыт алған би өнері бүгінгі күнгі әлем деңгейіне шыққан балет театрының негізі бола алды. Алғашқы музыкалық спектакльдермен сахнаға шыққан халық биі өзінің даму жолына бағыт алды.

Қазақстанда хореография бағыты бойынша білім беру де осы кезеңмен тікелей байланысты. Алғаш музыка мектебінің, кейін музыка студиясы жанында өз қызметін бастаған оқу орны, бүгінде өзінің талантты түлектері арқылы әлемге белгілі болып отырған А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі. Бұл балет және би ансамбльдерінің артистерін дайындап отырған іргелі оқу орны.

Дегенмен, осы ғасырдың соңғы онжылдығына дейін республика аймағында жоғары білім беретін оқу орнының болмағаны да белгілі. Тек 1994 жылы би өнерінің бір топ майталмандарының арқасында Алматы қаласында Жоғары хореография мектебі ашылған болатын. Осы мектептің ашылуына Джантаев Болат Михайлович, Аюханов Болат Ғазизович, Әбіров Дәурен Тастанбекович, Райбаев Зауырбек Молдағалиевич, Тлеубаев Ментай Жанельевич сияқты кәсіби білімді Мәскеу, Санкт-Петербург (Ленинград) қалаларында алған білікті мамандар атсалысты.

Бұл мектепте хореография педагогикасы және хореография режиссурасы мамандықтары бойынша жоғары білімді кадрлар дайындауға кіріскен болатын. Алғашқы режиссерлік курсты елге белгілі балетмейстер Болат Аюханов жүргізді.

Білім беру негізінен Мәскеу қаласының РАТИ (ГИТИС) оқу орнының бағдарламасына сүйеніп жүргізілді. Режиссер мамандығы бойынша оқуды Б. Аюханов пен З. Райбаев белгілі балетмейстер, педагог Р. Захаровтан алған білімі негізінде жүргізсе, М.Тлеубаев сондай деңгейде белгілі болған Г. Алексидзеден алған білімінің негізінде жүргізді деуге болады.

Бүгінгі күні сол «Жоғары хореографиялық мектеп» деп аталған оқу орнының негізінде Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында факультет ашылып, жемісті еңбек жалғасын табуда. Сонымен қатар хореография режиссері мамандығына Қазақ ұлттық хореография академиясы оқытып отыр.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы 1999 жылдан бері хореография режиссерлерін дайындап, еліміздің түпкір түпкіріне мамандар жіберіп отыр. Олар облыс орталықтарында филармония қабырғасынан би ансамбльдерін құрып, жетекшілік қызметімен қоса балетмейстерлік қызмет атқарып, ансамбльдің репертуарының қалыптасуына ықпал етіп отырғаны белгілі. Мысалға, Көкшетау филармониясының жанынан құрылған «Гэкку» би ансамблі. Бұл ансамбльді құрып, басқарып отырған Г. Ордабаева өз еңбегінің жемісін көріп жүр деуге болады. Бұл ансамбль жастығына қарамастан Шара Жиенқұлова атындағы V Республикалық қазақ би байқауында жүлделі орынға ие болған би ұжымы.

Дей тұрғанмен, осы мамандыққа оқытып, даярлауда да өз мәселелері жеткілікті. Республикада екі жоғары оқу орнында даярланып отырған мамандықты игерсем деген

жастар баршылық. Әрине, бала жастан оқып классикалық хореографияның қыр-сырын игерген талапкерлер келіп, оқуға түсіп жатса білім беру процесі жеңілірек жүрері белгілі. Көп жылдар балетмейстерлік қызмет атқарған ғалым Гульнара Саитова бұл жөнінде өз ойын былай білдірген: «Айта кету керек, хореография режиссеры мамандығы бойынша кәсіби дайындықтың іргелі негізі «Классикалық би композициясы» пәні болып табылады, өйткені классикалық би сахналық бидің барлық түрлерінің негізі, сонымен қатар хореографиялық өнердің ең күрделі түрі екені белгілі. («Следует» сразу оговориться, что фундаментальной основой профессиональной подготовки кадров по специальности «Режиссура хореографии» является предмет «Композиция классического танца», так как классический танец – основа всех видов сценического танца, к тому же самая сложная форма хореографического искусства») [1, 18 б.].

Дегенмен бұл оқу орындарының мақсаты тек хореографиялық білімді орталық оқу орындарында алған дайын жастарды ғана оқуға қабылдау емес, сонымен қатар шалғай облыстардан да талапкерлер келіп жатады. Әрине, оларда хореография училищесінің білімі жоқ. Дегенмен табиғатынан бойына біткен таланты бар, орта кәсіптік білімді облыс орталықтарындағы колледждерде алған. Ал, облыс орталықтарындағы осы оқу орындарында кадрлар тапшылығы әлі де бар. Сондықтан, білім іздеп келген талапкерлердің білім деңгейінің ортадан төмен болып жататыны бар. Міне, осы жерде көптеген мәселелер туындап жатады.

Біріншіден, ол ертең «Классикалық би композициясы», «Дуэтті-классикалық би композициясы», «Партитура оқу» т.б. арнайы пәндерден білімі жетпей жатады.

Екіншіден, туындап отырған осындай жағдайда классикалық биден толық білімі бар курстастары оның алдында жүрері хақ.

Үшіншіден, оқытушы жалпы топтың қай деңгейіне сүйенерін білмей қиналады.

Сондықтан, біздің ойымызша білімі осы екі деңгейдегі талапкерлерді екіге бөліп оқытқан дұрыс болар. Осыған байланысты: «Балет режиссері», «Музыкалы-драма театрының балетмейстері» деген мамандандыру бағытында білім беретін кезең жетті. Бірінші маман таза классикалық балеттер қоюға машықтанса, екінші маман, драма театрында, музыкалық театрларда, би ансамбльдерінде балетмейстер-хореограф қызметін атқара алады және әр деңгейдегі ойын-сауықтық шоу бағдарламаларын іске асырады.

Бұл өз кезегінде алыс аймақтардан орта хореографиялық білім алған жастарға үлкен қолдау болары сөзсіз. «Музыкалы-драма театрының балетмейстері» маманын дайындауда білім беру бағдарламасында да ерекшелік болу керек. Осы уақытқа дейінгі тәжірибеге сүйенсек хореография өнерін жанына серік еткен осы топтың жоғары оқу орнына түсуінің өзі шығармашылық ой-өрісіне, қиялына шабыт берері сөзсіз. Сонымен қатар осы топ білімге құштар әрі ойлау, қиялдау деңгейі жоғары болып келеді.

Бүгінгі таңда талапкерлерді таңдауда негізгі басымдық толық хореографиялық білім алған жасқа беріліп отыр. Бұл оқу орындары тек осы саясатты ұстанатын болса болашақта алыс аймақтарда маман тапшылығы туындайтыны белгілі.

Бір ғана Қазақ ұлттық хореография академиясы дайындап отырған хореография-режиссері мамандығын алсақ жеткілкті. 2018-2019 жылы алғашқы түлектерін ұшырып отырған кафедрада бар жоғы екі студент бітірді. Екеуі де бір актілі балеттерімен мемлекеттік емтиханға шықты. Бұл жерде айта кететін жайт екі студенттің қорытынды жұмысының бағыттарының екі түрлілігінде. Жүнісова Айжан өз жұмысын классикалық хореография тілімен орындаса, Рахметова Гаухар ұлттық үлгіні ұстанған.

Ал, биылғы оқу бітіргелі отырған топ негізінен драма пластикасы бағытында жұмыс істеп келеді. Оның өзіндік себебі – топ студенттерінің толық хореографиялық білімінің жоқтығы. Дегенмен, осы топ өзінің шығармашылық деңгейінің әлдеқайда жоғары екенін көрсетіп отыр. Әрине, бұл жерде топты жүргізіп отырған топ жетекшісінің (мастер) еңбегінің зор екендігі, әрі дұрыс бағыт ұстанғаны өз нәтижесін беріп отыр деуге болады.

Соңғы жылдары оқу жұмыс бағдарламаларын жоғары оқу орнының өз қалауынша қалыптастыруына мүмкіндік бергеннің де кемшіліктері шығып отыр. Біріншіден, бұл бағдарлама жылда ауысып отыратын болған. Екіншіден, бұл бағдарламаны құрастырушы әр деңгейдегі басшылар көп жағдайда өз қажеттілігіне қарай құрастыратын болған. Осыған байланысты хореографиялық толық емес білімді жастар не классикалық бағытта жұмыс істей алмай, не басқа бағытты толық игере алмай қалатын қауіп бар екені жасырын емес. Біздің ойымызша, осы мәселелерді ескере отырып, ескі жолмен жүре бермей, бір жаңашыл жолдарға шығу керек сияқты болып көрінеді.

Бүгінгі күні қазақ ұлттық хореография академиясының «Хореография» факультетінде бұл бағытта тәжірибе бар. «Педагогика» кафедрасында толық хореографиялық білімі бар балет артисі класификациясын алған жастар «Балет педагогикасы» мамандандыруы бойынша білім алып жатса, орта техникалық білім алған жастар «Хореография педагогикасы» мамандандыруы бойынша білім алып отыр. Бұл жөнінде ғалым А. Кульбекова өзінің ғылыми мақаласында, бұл бізге мамандықтар мен білім алушылар контингентін сақтап қалуға және балет театры мен көркем шығармашылықпен айналысатын ұжымдарда, әртүрлі мәдени-әлуметтік мекемелерде қызмет атқаратын мамандардың еңбек ету аясын нақты анықтап беретінін көрсеткені дәлел бола алады. «Это позволило сохранить перечень специализаций и контингент обучающихся, а также четко определять рамки профессиональной деятельности будущих специалистов – от балетного театра и профессиональных учебных заведений до самостоятельных хореографических коллективов и различных учреждений социально-культурного типа» [2, 53 б.]. Режиссер мамандарын да осы жолмен дайындауға болатын сияқты. Музыкалық драма театрларында өз қойылымдарымен көзге түсіп жүрген балетмейстерлер баршылық. Алысқа бармай-ақ, осы Нұр-Сұлтан қаласындағы Жастар театрында жұмыс істеп жүрген Шырын Мұстафина мен тәжірибелі балетмейстер Қ.Қуанышбаев атындағы театрда қызмет атқарып жүрген Салтанат Жолымбаевалардың еңбектерін атауға болар еді.

Бүгінгі күні хореографтарды осы бағытта дайындауды қолға алу керек. Себебі, бүгінгі күні барлық театрларда қойылымдар пластикалық негізге арқа сүйеп отырғаны мәлім.

Сонау 1994 жылы ашылған Жоғары хореография мектебі Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография» факультеті болып, осы оқу орнына берілгеннен бері бірнеше ондаған мамандар дайындады. Ал, Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Хореография» факультеті Қазақ ұлттық хореография академиясына беріліп, мамандар дайындалып отыр. Тәжірибе көрсеткендей жоғарыда берілген мәліметтерге байланысты академия қабырғасында қосымша «Музыкалық театр балетмейстері» мамандығы бағытында мамандар дайындау керек болып отырғаны белгілі болды. Тек, режиссерлер дайындайтын кафедра меңгерушісі мен оқытушы-профессор құрамы білім бағдарламасын дайындап, ұсыныс енгізсе болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саитова Г. Режиссер хореограф в системе профессионального образования //Arts academy. Scientific journal. – 2018. – №5 (6). – С.14-20.
2. Кульбекова А. Профессиональные задачи функционирования Казахской национальной академии хореографии // Arts academy. – 2018. – №3 (8). – С.48-63.

Мақала авторы:

Қайыр Жәнібек Үсенұлы – аға оқытушы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

СПЕЦИФИКА КРИТЕРИЕВ ХУДОЖЕСТВЕННОСТИ В СПОРТИВНЫХ БАЛЬНЫХ ТАНЦАХ

Аннотация

В статье рассматриваются философские подходы к поиску ответа на вопрос о содержании феномена художественного содержания спортивных бальных танцев. Приводятся выводы, полученные путем приложения данных методик к изучению художественного феномена спортивного бального танца.

Ключевые слова: спортивные бальные танцы, философия, хореография, художественность.

Важность танца как общественного явления, как средства коммуникации и феномена культуры трудно переоценить. Танец в начале зарождения человеческой цивилизации содержал в себе обрядовое значение и служил инициацией. Пластика, жесты, движения – это первоязык, который возник еще до рождения устной речи, письменности и даже музыки. И до сих пор танцы – это средство коммуникации, язык общения, применяемый людьми не только для взаимодействия друг с другом, но также с собой и с миром в целом. Именно поэтому и сейчас пластика большинства хореографических произведений создается автором в творческом порыве, чаще всего по наитию, стихийно, согласно его внутренним ощущениям. Захваченный эмоциональными переживаниями, балетмейстер переживает инсайт и стремится его выразить разнообразными способами через композиционно-художественные средства, рождая образы, наделенные пластической индивидуальностью. Вся иная структура выстраивания танцевальных шагов строится сознательно, зрело, поэтапно, путем обдумывания творческой идеи, сюжета и замысла сочинения. Соответственно, концепция художественного произведения – это изначальная идея творца, замысел еще только зарождающегося продукта творчества, его осознаваемая суть и первообраз, с которого иницируется созидательная деятельность появления хореографического полотна.

Изучая феномен спортивных бальных танцев, необходимо исходить из рассмотрения тех свойств, которые превращают их в исключительное явление в составе современного хореографического искусства.

Для методологии хореографического искусства философия носит обязательный характер, поскольку понимание роли и содержания философских категорий дает возможность определить смысл и содержание феномена художественного в спортивных бальных танцах. В этой связи наиболее важна тема нахождения структуры и смысла оценок, показывающих художественную ценность современных граней хореографии. В настоящее время философия позволяет использовать различные подходы к поиску ответа на вопрос о содержании феномена художественного содержания спортивных бальных танцев [1]. Среди современных исследовательских стратегий наиболее эффективными являются феноменологический, онтологический, гносеологический.

Феноменологический анализ спортивных бальных танцев базируется на понимании того, что они имеют неограниченные ресурсы совершенствования и в них, как и в других видах хореографии, основным выразительным средством является человеческое тело с его естественной пластикой и физическими возможностями, созвучными душе, воле, внутренним эстетическим потребностям людей.

Жест и мимика по-прежнему украшают спортивные бальные танцы, но они будут казаться несуразными, если в них нет эстетики и художественности, если они

пластически не созвучны с концепцией хореографического произведения. Пластичность в хореографии подразумевается в качестве эстетической изобразительности объемной формы, феномен беспредельного воображения позволяет в спортивных бальных танцах проявить себя столь же ярко, как и в классическом балете.

Вторым основным компонентом феномена спортивных танцев является ритм – понятие многозначное по смыслу и по структуре. Динамическая свобода и разнообразие музыкальных ритмов, здесь активно применяемых, ценятся выше образности. Основанная на этом не совсем привычная (и не всеми признаваемая) художественная система спортивных бальных танцев, подчеркивает их специфичный статус в современной хореографии. В классической хореографии ритм, являясь важным сопровождающим образным и эмоциональным компонентом, имеет более гармоничную форму.

Онтологическое исследование танца идет из тезиса Г.Г. Гадамера – основателя такого философского направления, как герменевтика. Он полагал, что философия искусства (а мы считаем, что и спорта) складывается из понятия «игра». «Движение, которое и есть игра, лишено конечной цели; оно обновляется в бесконечных повторениях...» [2, с.151].

Голландский философ Й. Хейзинга, к взглядам которого Гадамер апеллирует, шире понимает контекст игры в творчестве: «...игра как специфический фактор всего, что окружает нас в мире» [3, с.5].

В педагогическом процессе возникновение противоречий зависит от условий развития общества, от качества поставленной воспитательной работы, одно противоречие сменяется другим, в зависимости от возраста, формирования более высокой ступени развития. Воспитание и формирование личности рассматривается в отличие от социализации как процесс целенаправленного влияния на сознание и поведение человека. Также существуют и другие понятия воспитания, смысловое значение которых связано с социализацией личности и включает в себя воздействие на человека: семья, школа, окружающая среда и пр. В профессиональной деятельности педагогов понятие воспитания определяется «как целенаправленная организованная деятельность по формированию и развитию человека, характеризующаяся взаимодействием воспитателей и воспитанников в рамках учебного заведения (педагогической системы)» [4, с.168]. Из этого следует, что развитие человека в обучении и воспитании, в первую очередь, рассматривается не только как процесс изменения организма, психики и личности, в целом, это освоение потенциала возможностей внутреннего индивидуально-психического развития. Кроме основных категорий структура образовательного процесса включает в себя (рис. 1.):

- цель;
- содержание;
- методы;
- средства;
- формы организации обучения и воспитания обучающихся;




Рис.1. Модель структуры образовательного процесса

Для чего мы учим и готовим обучающегося?

Какими знаниями и умениями он должен владеть?

Какими личностными качествами он должен обладать?

Как решить задачу развития творческого потенциала, обучающегося в образовательном процессе?

В целом, система образования направлена на формирование у обучающихся умений и знаний соответствующего уровня его образования. Поскольку обучение всегда связано с последовательным решением задач, оно не сводится к просто механической передаче знаний, умений и навыков. Это двусторонний процесс взаимодействия педагога и обучающегося, преподавания и учения. Но согласно практике, традиционные методы обучения необходимые современному специалисту, формируются недостаточно. Развитие и внедрение технологии модульного обучения в профессиональном хореографическом образовании позволит наиболее целостно и системно подойти к процессу обучения, что обеспечит высокоэффективную технологию реализации образовательного процесса. Решение педагогических задач невозможно без учета психологических закономерностей и фактов, которые обуславливают ход и результативность учебно-воспитательного процесса. Учебная программа, на которую выстраивается процесс обучения, тем эффективнее, чем больше она скоординирована с познавательной деятельностью обучаемого, его потребностями, целями, психологией усвоения информации, физическими данными и возможностями. Педагог, являясь менеджером образовательного процесса, реализует процедуру

познания учебного практического материала. Практическая деятельность педагога как управленца хорошо прослеживается в учебно-воспитательном процессе. Речь идет о функциях педагогического менеджмента в деятельности педагога в условиях его работы в группе. В своей профессиональной деятельности он апробирует новые подходы, новые технологии в организации учебного процесса в целом. Хореографическое искусство, имея свою «особенную» специфику, свод правил и традиций, все еще нуждается в инновации моделирования образовательных систем, новых технологиях обучения по специальным дисциплинам, специфике управления развитием менеджмента и концепции личностно-ориентированного образования.

Список использованных источников:

1. Слостенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика. – Москва: Академия, 2001. – 480 с.
2. Ломакина Т.Ю. Современный принцип развития непрерывного образования. – Москва: Наука, 2006. – 224 с.
3. Шемятихина Л.Ю., Лагутина Е.Е. Менеджмент и экономика образования. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2016. – 442 с.
4. Шарипов Ф.В. Педагогический менеджмент. – Москва: Университетская книга, 2014. – 480 с.
5. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: Ноу-хау в образовании. – Москва: Высшее образование, Юрайт-Издат, 2009. – 357 с.

Автор статьи:

Агзамова Диана Олеговна – старший преподаватель, Казахская национальная академия хореографии, Нур-Султан, Казахстан.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада жаңартылған бағдарлама мазмұнындағы оқушының білім сапасын арттырудың жетілдіру жолдары айтылған. Сапаны арттыру қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі болып отыр. Оқушының білім сапасын арттыруда ғана білімді тұлға тәрбиелей алатындығымыз сөзсіз.

Түйінді сөздер: *Жаңартылған бағдарлама, мұғалім әрекеті, әдіс-тәсілдер.*

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту.

Жан-жақты дамыған, қалыптасқан тұлға тәрбиелеу – заман талабы. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, алған білімдерін өмірде қолдана алуға бейімдеу болып табылады.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр.

Оқу сапасын арттыруда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдерді мейлінше түрлендіріп отырған дұрыс.

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алып алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне қатысты.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді [1, 23 б.].

Білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткіземіз. Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

Критериалды бағалау артықшылықтары:

- Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады;
- Оқушының жұмысын бағалау алдын-ала ұсынылған критерийлерге негізделеді.

Бағалау алгоритмі оқушыларға алдын-ала белгілі;

- Оқушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі;
- Оқушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады.

Критерий арқылы бағалау мұғалімнің оқушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді.

Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадық [2, 16 б.].

Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі – жан-жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу.

Мұғалімдер сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыру арқылы оқушылардың білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға, бағдарламаға сәйкес оқушының дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік алады. Оқушы білім алу барысында алған өз бағасының әділдігіне көз жеткізеді. Білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім мен ата-ана арасында кері байланыс орнайды. Критериалды бағалауда тек оқушының жұмысы бағаланды. Оқушы орындаған жұмысын алдын-ала белгілі үлгімен салыстырды. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі. Жіберілген қателермен жұмыс істеп оқушы өзінің даму жетістігін бақылап отырады, осылай алған білім сапасы арта түсуіне мүмкіндік туады [3, 50 б.].

Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие.

Заманауи мектептердің мақсаты жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зертеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда

өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек [3, 91 б.].

Оқушының білім сапасын арттыруда мұғалімнің ролі зор. Білім сапасының көрсеткіші, сондай-ақ оқушыға берілген тәрбие негізінде де қалыптасады. Тәрбиелі, білімді тұлға қалыптастыру әрекеті әрбір ұстаздың еңбек жолында қажымай еңбек етуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметұлы Қ., Баймолдаев.Т. Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. – Алматы, 2003.
2. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.

Мақала авторлары:

Айкымбекова Ақмарал Социаловна – орыс тілі пәні мұғалімі, № 8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

Разина Куралай Муратовна – география пәні мұғалімі, № 8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада қазіргі замандағы оқыту жүйесінің маңызы, ұстаным принциптері, мұғалім құзіреттілігі туралы айтылған. Сондай-ақ, білім беруді жан-жақты бағалаудың негізі қарастырылған. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің танымдық негізі мен жұмыс жасау жолдары түрлеріне жалпы сипат беріледі.

Түйінді сөздер: *оқыту, үрдіс, қазіргі оқыту жүйесі.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы – тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін 2006-2009 жылдарында даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сыймайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану; проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру [1, 44 б.].

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің

шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыдағы мақсаттарға мектептерде білім берудің отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын, жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жеті көзделеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде мұғалім қызметкерлердің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан-жақты дамыту.

Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50-ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш.Қаланова, Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, Ә.Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылды [2, 102 б.].

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді.

Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуіне, қисынды ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектуалдық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық [3, 87 б.].

Оқытудың жеке тұлғаға бағдарланған тұжырымдамасы баланы жас ерекшелігіне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге ықпал етеді, мұндағы басты міндет – баланың жалпы және өзіне ғана тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану. Сабақтың сапалы болуы оның ғылыми тұрғыдан, теориялық жағынан жоғары дәрежеде дәлелденуі ұстаздың шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді қолдана білуінде.

Білім беру оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі болып табылады. Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру; мұғалімнің оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы; оқыту кезінде білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушыны дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекетінің құрылымы: Психол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 173 б.
2. Асылханова М.А. Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы: Психол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 139 б.
3. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдыстыру. – Алматы: Мектеп, 1981.

Мақала авторлары:

Айтказина Арайлым Серікбековна – қазақ тілі пәні мұғалімі, №8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

Ошан Гүлшарат Амангелдіқызы – қазақ тілі пәні мұғалімі, №8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада Қазақстандағы хореографиялық білім беру ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі уақытта қоғам тарапынан хореография өнеріне сұранысы өсіп, хореографиялық білім берудің жаңару жағдайына сәйкес дамуы мен оның хореография педагогикасына тигізетін ықпалы анықталады.

Түйінді сөздер: хореография өнері, хореографиялық білім, хореография педагогикасы, кәсіби және әуесқой хореографиялық білім.

Қазіргі қоғамның дамуы білім беру үдерісінің талаптарының өзгеруімен белсенді түрде көрінеді. Білім беру саласында хореографиялық өнер ажырамас бөлігін алып жатыр. Сондықтан хореографиялық білім беру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Республикадағы болып жатқан экономикалық, әлеуметтік, саясат саласындағы жаһандық өзгерістер, білім беру саласына да өз ықпалын тигізіп отыр.

«Білім беру – қоғамдық ұйымдастырылатын және реттелетін, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа әлеуметтік маңызды тәжірибені тұрақты түрде беру процесі. Білім беру үш бірдей процесті қамтиды: тәжірибені меңгерту, жүріс-тұрыс қасиеттерін тәрбиелеу, дене және ақыл-ойын дамыту», – деп, ғалымдар А. Баймуханова мен М. Құсайнова өз еңбектерінде білім беру мәнін ашып көрсеткен [1, 65 б.].

Қазақстандағы хореографиялық білім берудің екі деңгейін қарастыруға болады: әуесқойлық және кәсіби.

Әуесқойлық білім беру деңгейін бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Мектепке дейінгі көркемдік білім – эстетикалық бейімділігі бар мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелер негізінде жүзеге асыру үшін ұсынылады.

2. Балаларға қосымша білім беру жүйесі. Мектептен тыс шығармашылық орталықтарындағы сабақтар.

3. Көркемөнер мектептері. Мұндай мектептерді бітірген балалардың ішінен кәсіби білімге қарай бет бұрады.

4. Хореографияны оқытудың инновациялық әдістерін қолданатын жеке мектептер (мысалы, бидің жаңа бағыттары).

Бүгінгі күні қоғам тарапынан хореография өнеріне үлкен сұраныс бар. Соңғы уақытта екі жасынан бастап қабылдайтын жеке хореографиялық мектеп-студияларының ашылу тенденциясы қалыптасты. Бұл мектептер кәсіби хореографиялық училищелер мен оқу орындарына түсу үшін дайындық ретінде және хореографиялық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту мақсатында ашылып жатыр. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты арнайы бағдарламалар құрып, өздерінің хореографиялық білім беру жүйесін қалыптастырады.

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына жүгінсек: «Жас ерекшеліктерін есепке алу – педагогикалық принциптердің ішіндегі негізгілерінің бірі. Оған сүйене отырып, мұғалімдер оқу жүктемесін белгілейді, еңбектің әр түрімен қамтуды қалыптастырады, дамуға оң мүмкіндік беретін күн тәртібін анықтайды. Жас ерекшеліктері оқу пәндерін, әр пәндегі оқу материалын таңдау және орналастыру мәселелерін дұрыс шешуді міндеттейді» [1, 19 б.].

Кәсіби білім деңгейін де бірқатар белгілерге байланысты жіктеуге болады:

- хореографиялық училище, хореографиялық өнер саласындағы бастауыш кәсіптік білімнің бірқатар ерекшеліктері бар мектептер;

- мәдениет және өнер колледждеріндегі бөлімдер негізінде жүзеге асырылады. Бұл кезеңде кәсіби хореографиялық қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша білім беріледі – орындаушылық, оқытушылық, қойылымдық, ұйымдастырушылық-басқарушылық;

- жоғары хореографиялық білім – академия немесе мәдениет және өнер университеттерінің хореография кафедрасы мен факультеттерінде жүзеге асырылады;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім өнер және мәдениет академиялар мен университеттер негізінде жүзеге асырылады.

Хореография саласындағы жоғары білімнің негізгі міндеті – бітірушіге орындаушылық және педагогикалық сапалардың біртұтас моделін қалыптастыру. Сонымен қатар, педагогтардың оқытудағы басты міндеті – болашақ түлектердің педагогикалық құзіреттілігін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде оқыту әдістерін ғылыми тұрғыдан түсіну.

Бүгінгі күні Қазақстанда кәсіби хореографиялық білім беруді дамытудың ғылыми және әдістемелік тұжырымдамаларын, кәсіби мамандарды сапалы дайындауды күшейту, білім беру процесінде олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру және кәсіби қызметке дайындығы туралы дұрыс шешім табу маңызды.

Қазақстанда терең тарихы бар А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі және Нұр-Сұлтан қаласында ашылған Қазақ ұлттық хореография академиясы хореографиялық білім берудің негізгі оқу орындары болып саналады.

Қазақ ұлттық хореография академиясының мақсаты – хореографиялық өнер және мәдениет саласында қоғамның рухани дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті мамандарды даярлау болып отыр.

Әлемдік деңгейге шығу мақсатында қазіргі оқу орындарында оқу бағдарламасы өзгертіліп, кәсіби, білікті болашақ маман даярлау үрдісі жүріп жатыр.

«Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім беру жүйесін құру бүгінде өте маңызды, өйткені ол демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың жетекші құралы және қоғамның экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты кәсіптік хореографиялық білім беру жүйесін дамыту қажетті ресурстарды, оның ішінде кадрларды тарта отырып, ғылыми теория, ғылыми тұжырымдамалар және кәсіби білім беруді жан-жақты жаңғырту модельдері негізінде жүзеге асырылуы керек», – деп, ғалым А. Кульбекова өз зерттеулерінде көрсеткен [2, 4 б.]. (Создание системы образования, отвечающей мировым стандартам, является сегодня крайне важной, так как она служит ведущим инструментом построения демократического, правового государства, обеспечивает экономическое и культурное развитие общества. В связи с этим развитие системы профессионального хореографического образования необходимо проводить на основе научной теории, научных концепций и моделей всесторонней модернизации профессионального образования с привлечением необходимых для этого ресурсов, в том числе кадровых).

Қазақ ұлттық хореография академиясы көпсатылы білім берумен ерекшеленеді. Академияда келесі білім беру бағдарламалары іске асады: мектеп шығармашылық білім беру (мамандық алдындағы білім 1-3 сыныптар), техникалық және кәсіптік білім беру (4-8 сыныптар, I-II-III курстар), бакалавриат, магистратура және докторантура. «Хореография» факультеті бойынша «Педагогика» және «Режиссура» кафедрасы жұмыс істейді. «Педагогика» мамандығы «Хореография педагогикасы», «Спорттық бал биінің педагогикасы» бағыттары бойынша мамандар даярлайды. 2017-2018 оқу жылынан бастап «Балет педагогикасы» жаңа мамандануы енгізіліп, «Хореография педагогикасы» мамандығы бойынша оқу мерзімі 3 жыл болып өзгертілді.

«Бұл жаңалық – Қазақстанның хореографиялық өнеріндегі жаңа білім беру саясатының алғашқы қадамы. Қазақстан балет өнерін дамыту тұжырымдамасы, ең алдымен, оқу процесін жетілдіруден, болашақта кәсіби шеберлікке оқытудың қуатты әдіснамалық негізін құрайтын болашақ педагогтарды даярлаудың әдістемелік базасын

ұйымдастырудан тұрады. Классикалық би дәстүрлерін, сонымен қатар әлемдік және ұлттық деңгейінің хореографиялық жетістіктерін сақтайды», – деп, Кульбекова А. хореография академиясында ашылған «Балет педагогикасы» мамандығы туралы өз пікірін білдірген [3, 8 б.]. (Концепция развития казахстанского балета заключается, прежде всего, в совершенствовании учебного процесса, организации методической базы для подготовки будущих педагогов, профессиональное мастерство которых в будущем составило бы мощную методическую основу обучения и способствовало бы бережному сохранению традиций классического танца, а также общего уровня мировых и национальных хореографических достижений в целом).

«Режиссура» мамандығы «Хореография режиссурасы» бойынша мамандар даярлайды. Оқыту курсының ұзақтығы 5 жыл (бакалавриат). 2018-2019 оқу жылынан бастап бір жылға қысқартылып, оқу мерзімі 4 жыл болып өзгертілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру сатысында «Балет артисі» және «Ансамбль артисі» мамандығы бойынша орындаушыларды даярлау үрдісінде оқытушылар өз білімі мен дағдыларын беріп қана қоймай, сонымен бірге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, болашақта әлемдік мәдениетте бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға үлкен көңіл бөледі.

Қазақ ұлттық хореография академиясында алғаш рет техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде «Педагог-ұйымдастырушы» мамандығы ашылып, студенттерді би ансамбльдері мен ұжымдарының жетекшісі ретінде даярлау қолға алынды.

Бүгінгі таңда студенттер болашақ оқытушыларды дайындауға мамандандырылған хореографиялық өнердің негізгі пәндерінің барлық циклын өтуде. Спорттық бал биі педагогтары да классикалық тренаж, халықтық-сахналық және тарихи-тұрмыстық билерінің оқыту әдістемесі мен теориясынан білім алуда. Бұл да педагогика хореографиясында болашақ мамандарды даярлауда зор ықпалын тигізеді, яғни студенттер қандай мамандық болмасын, міндетті хореографиялық пәндерді оқиды.

Хореография академиясының ашылуы хореография педагогикасының дамуына жаңа серпін берді деп айтуға болады. Академия шет елдерде оқытушылардың біліктілігін арттыру арқылы педагогика саласын жетілдіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ академия қабырғасында педагогтар және оқушылар мен студенттерге алыс және жақын шет елдердің танымал педагогтарын шақырып, арнайы шеберлік сыныптарын ұйымдастырады.

«Хореография педагогикасы» мамандығында оқитын академия студенттері классикалық, халықтық-сахналық, қазақ, заманауи, дуэт, тарихи-тұрмыстық, шығыс билерінің оқыту әдістемелерін меңгеру барысында, өздерінің алған дағдылары мен білімдерін тәжірибе өту кезінде пайдалана алады. Бұл хореография педагогикасын дамытудың маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ хореография педагогикасы уақыт талаптарына сай дамып келеді. Түрлі мектептердің оқыту әдістемелерін қабылдап, тәжірибеден өткізіп, ұлттық би мәдениетіне тән дәстүрлер арқылы іске асыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баймуханова А.М., Құсайнова М.А. Жалпы педагогика: оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 100 б.
2. Кульбекова А.К. Формирование профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусств Казахстана: системный подход: дис. ... д. п. н.: 13.00.05 / Московский государственный университет культуры и искусств. – Москва, 2009. – 444 с.
3. Кульбекова. А.К. Реализация казахстанской образовательной политики в хореографическом искусстве Казахстана // Arts Academy. – 2018. – № 5(6). С. 5-13.

Мақала авторы:

Ақылбекова Ажар Кәкімбекқызы – 1 курс магистранты, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі:

Ізім Тойған Оспановна – өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ЖАҢА ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Мақалада биологияны оқытуда көрнекілік құралдарын пайдалану тиімділігі негізінде олардың оқу икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру, биология сабағын ұйымдастырудың тәсілдері және оқу процестерінде жаңа технологияларды қолдану сияқты мәселелері баяндалады.

Түйінді сөздер: оқыту, жаңа бағдарлама, көрнекілік құралдар.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Көрнекілік – оқыту және ақыл-ойды дамыту құралы болып табылады. Көрнекі құралдар оқушылардың сабақты қызығып тыңдауын қамтамасыз етеді және материалды түсіну жолдарын оңайлатады. Заттарды көріп қабылдау арқылы оқыту үрдісінде оқушыларда бейнелік ұғым қалыптасады.

Оқыту барысында материалдық және идеалдық оқыту құралдары қолданылады. Ойлау іс-әрекеті идеалдық оқыту құралдары арқылы іске асса, ал жаңа тақырыпты түсіндіру барысында мұғалім құралдарды көрнекілікті қолданып түсіндіреді, яғни материалдық оқыту құралдарын қолданады.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушының жас ерекшелігіне сай болу керек. Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымалдығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс мәселелік – бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабына сай көрнекілік құралдарын биология сабағында қолданудың басты мақсаты – оқушылардың сабаққа деген қызығуын, белсенділігін арттыру арқылы интеллектуалдық қасиеттері, экономикалық құбылыстарды сезіну, оларды тануы, тарихи теорияның түсініктерін игеруі және осыларды күнделікті өмірде бағдар ұстана білуге үйрету. Осы мақсатты негізге ала отырып, арнайы бағдарламалар арқылы биология сабағын жандандырып өткізуге болады [1, 92 б.].

Көрнекілікті қолдану оқушылардың психологиялық белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын жоғарылатып, материалдарды терең ұғуына, есте сақтауына көмектеседі. Көрнекілікті сабақтың кез келген бөлігінде қолдануға болады. Яғни, жаңа материалды түсіндіруде, бекітуде, бақылау және қайталау сабақтарында пайдалануға болады.

Оқытудың дәстүрлі технологиясында көрнекіліктің табиғи, кескіндік және символдық деп аталатын үш түрі бар.

Көрнекі құралдарды жасауды қарапайым түрінен бастап, бірте-бірте күрделендіре берудің өзі оқушыларда дағды қалыптастырады, қызығушылық тудырады. Табиғи көрнекі құралдарды өте әдемі етіп жасауға болады, оқушыларға оны дайындауға тапсырма беру арқылы эстетикалық талғамдарын дамытуға мүмкіндік бар, ал дайын құрал биология кабинетін жабдықтауда жақсы безендіру құралы бола алады.

Ал көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын міндеттері болады. Сондықтан оқу үрдісінде көрнекілікті пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн.

Көрнекі сабақ мақсатына сай іріктелуі тиіс, оларды пайдаланған оқушылардың дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн, яғни сабақта көрнекі құралдар шамадан тыс көп болмағаны, яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер сабақ кезінде бірнеше көрнекі құрал көрсетімді қажет болса, олардың бәрін бір мезгілде емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен пайдаланған орынды.

Сабақ кезінде мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі рол атқарады. Дидактикалық үйлестірудің екі тәсілі бар. Біріншісінде көрнекті құрал мұғалім түсіндіруінен бұрын көрсетілді. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, байқағаштығын бақылай отырып, керегенше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімді, себебі ол қажетті білімді меңгерумен бірге оқушылардың байқағыштың қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі.

Көрнекіліктің басты мақсаты бақылау арқылы ой түйу, оқуға, компьютерді пайдаланғанда түрлі-түсті рендегі кесте, диаграммалармен қоса қозғалыстағы денелерді сипаттауға, тіпті оның ағымын математикалық моделдеу арқылы дәл әрі көрнекі сипаттауға болады. Ендеше компьютерді пайдалану арқылы көрнекілік ұстанымын соғұрлым кеңейтуге болады. Мысалы, көзге көрінбейтін үрдістердің ағымын компьютерде дәл сипаттауға мүмкіндік бар [2, 22 б.].

Педагогикалық ережелер сақталмаған сабақтарда оңай материалдың өзі қиындап кетуі мүмкін, ал керісінше дұрыс ұйымдастырылмаған сабақ үрдісінде күрделінің өзі жеңілдейді.

Оқу материалының түсініктілігі оның күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне, білімді сапалы меңгеруге көмектесетін оқу әдістері мен құралдардың орынды шарттары қолданылуына байланысты.

Жаңа технологиялардың биология сабағында қолданудың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Көрнекі құралдардың қолдану тиімділігі жоғары болғаны жөн. Ол тек сабақты сырт түрлендіру рөлін атқармай, мұғалімнің беретін ақпаратын еселеп, көрнекі түрде жеткізе алатын тірек болуға тиіс. Мектепте көрнекілікті қолданудың өз тәртібі бар. Алдымен, көрнекілік оқушыға эстетикалық әсерлілігі, мазмұндылығы тұрғысынан ықпал ету керек. Көрнекілік сыныптағы оқушылардың қай қатарда отырса да, бәріне бірдей айқын көрінетіндей болғаны жөн. Әр сабақта көрнекілікті пайдаланудың реті, көлемі сақталуға тиіс. Бір тақырыпқа бірнеше көрнекілік түрін үстемелей қолдану, оқушыларға олардың бәрін түсінікті ете бермейді. Көрнекілік оқушылардың жаңадан танысуға тиісті тақырыбына тың ақпарат, көрнекілік тұрғысында қабылдауына әсер ету керек. Көрнекілік түрін мұғалім сабақтың нақты мақсатына сай әзірлеп, оны сабақтың тиісті бөлігінде қолданып отырады. Оқушы көрнекілік арқылы сол пәннің қоршаған ортамен байланыстылығы туралы, өтіліп жатқан материал жөнінде жан жақты мағлұмат алады. Сондықтан оқушыларға білімді сапалы меңгертуде көрнекілік әдісін пайдаланудың маңызы зор.

Көрнекілік – әрбір сабақтың тірегі. Мұғалім кейбір түсінуге қиын, көп күш жұмсауды керек ететін мәселелерді жеңіл, тез, оңай меңгерту, түсіндіру, таныту үшін көрнекілікті қолданады. Көрнекі құрал түсінігінің елеулі белгілері:

- Оқу міндеттерін шешу үшін жасалған кез келген материалдық немесе белсенділік мораль көрнекі құрал бола алады. Көрнекі құрал оқу моделі;
- Көрнекі құрал әрдайым таным құралы ретінде нақты заттарды, олардың табиғи немесе қоғамдық өмір сүру жағдайын елестетуге жақындатады;
- Көрнекі құрал түсінік пен қабылдау негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік беретін сезімдік бейнелерді қалыптастырады. Көрнекі құралдарды пайдалану арқылы оқушыларда пайда болатын сезімдік бейне таным құрылымында басты мәселе болып табылады [3, 32 б.].

Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде, оқушыларға білім мен тәрбие беру үшін, пәннің мазмұны мен құрылымы және сабақ өткізу үшін пайдаланылатын көрнекіліктер мен қажетті материалдардан басқа, мұғалімнің қолданатын оқыту әдістерінің үлкен маңызы бар. Оқушылардың жас ерекшелік физиологиясы мен психологиясын ескере отырып, оқыту әдісін дұрыс таңдап алғанда ғана, оқушыларға сапалы білім беруге, тәрбие қалыптастыруға болады.

Қорытындылай келгенде, көрнекіліктің түрлерін биология сабағында қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қабілеттері мен құзыреттіліктерін дамытамыз. Көрнекілік арқылы берілген тапсырмаларды өз беттерімен орындауларына жол көрсетеміз. Көрнекіліктерді қолдана білу де мұғалімнің шеберлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавание биологии. – М: Просвещение, 1985.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы, Рауан, 1983 ж.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006.

Мақала авторлары:

Асылханова Альфида Бектасовна – биология пәні мұғалімі, №8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

Серикбаева Айнур Кунанбаевна – биология пәні мұғалімі, №8 ЖОББМ КММ, Семей, Қазақстан.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мақалада «Хореография» мамандығының білім беру бағдарламалары бойынша болашақ педагог-хореографтардың кәсіби құзыреттіліктері сарапталып, білім алушылардың кәсіби шеберліктерін дамытудың жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: кәсіби құзыреттілік, хореографиялық білім беру жүйесі, кәсіби шеберлік, орындаушылық қабілет.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласында міндеттеген тапсырмалардың бірі – “Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет” жобасы. «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек» [1] – деп міндет қойса, бүгінгі таңда ел іргесі бекіп, экономикамыз тұрақтап, бейбіт қоғамда өмір сүріп жатқан біз үшін басты парыз, нақты мақсат – ұлтын сүйіп, оның бай мәдениетін насихаттай білетін, бәсекеге қабілетті жаңа буын қалыптастыру.

Қазіргі заманғы бәсекелік қабілет дегеніміз – экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, өзіндік мәдени жетістіктермен әлемге танылу. Қазақстан дамуының жаңа кезеңі сыртқы саяси бастамалармен байланысты брендтерді ілгерілету ғана емес, қазақстандық мәдениеттің үздік үлгілері мен жетістіктерін көрсету арқылы мемлекеттің танымалдылығын арттыруды көздейді.

Ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейде насихаттауда хореография өнерінің алатын орны ерекше. Қазіргі таңда би өнерінде және балет әлемінде үлкен өзгерістер орын алуда. Хореографиялық педагогика мазмұнының ерекшеліктері оның жалпы катализаторы академиялық канондар мен дәстүрлер тереңдігімен анықталатын би өнері болып табылады.

Дәстүр сабақтастығы – кәсіби өнер мен хореографиялық педагогиканың негізгі қырының бірі. Бай дәстүрлер мен хореографиялық өнердің жинақталған тәжірибесін практикалық тұрғыдан меңгермей, отандық хореографиялық педагогиканы одан әрі дамыту және қалыптастыру мүмкін емес. Хореограф мамандарды дайындауда тәжірибе мен теориялық білімнің өзара байланысы маңызды. Кәсіби шеберлікті қалыптастыруға жүйелі көзқарас – мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында болашақ педагог-хореографтар үшін таным және әдіснамалық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-демалыс қызметтерін сапалы ұйымдастыру, еліміздегі хореография өнерінің кәсіби деңгейін дамыту болып табылады. Осы бағытта республикада хореография саласы бойынша білім беретін Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аймақтық жоғары оқу орындарынан М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті педагог-хореограф мамандарды дайындауда сапалы еңбек етуде. Аталған жоғары оқу орындарындағы «Хореография» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының басты мақсаты – хореография өнері саласында қоғамның рухани-эстетикалық дамуына ықпал ететін, кәсіби және

жалпы мәдени құзыреттіліктері қалыптасқан, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осы мақсатқа жетуде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

«Құзыреттілік» ұғымына жалпы педагогика ғылымында Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Л.А. Петровская: «Құзыреттілік «тұлға қасиеті» және білім беру үрдісінің соңғы нәтижесі», И.Г. Милованова: «Құзыреттілік адамның тек ақпараттануын, ақпаратты пайдалану емес, өз шешімін қабылдауға негіз ретінде пайдалануға тұлға сапасы, тұлғалық сипаттамасы» – десе, Т.Г. Браже: «...тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениетімен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті», – деп анықтама береді [2]. Осы тұрғыдан хореограф мамандардың кәсіби құзыреттілігін Қазақ ұлттық хореография академиясының және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Хореография» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын сараптай отырып, төмендегі кесте арқылы қарастырамыз.

